Xu Dang's work "Policy of openness of China and relationship with the countries of Central Asia" in which the author considers foreign policy and trade and economic relations of the People's Republic of China with Kazakhstan became one of the first works of the Chinese researchers on cooperation of China and Kazakhstan. The concrete directions of bilateral trade and economic relations in the early nineties are considered in the work by the Chinese researcher Chen Ichu. As a whole, the works of the Chinese authors concerning trade and economic cooperation of the People's Republic of China-PK, differ practical approach – in them, in particular, practical recommendations for managing subjects are made, problems of bilateral cooperation are analyzed.

In the sphere of safety and to development of "The Shanghai process" the whole group of researches is devoted to cooperation development. So, at once in Cyn Guanchen's several works

considers safety problems in Central Asia. Safety problems – the main sphere of researches Zhang Buzhen.[6]

As a whole, the Chinese researches are carried out within a position of official Beijing; however, some works present a great interest to the Internet from the point of view of interpretation of national interests of the People's Republic of China by independent Chinese researchers. Here it should be noted work Yen Jiaqi "It is necessary to discuss again a question of the Chinese-Russian border". In this work the author suggests to change a little a foreign course of the People's Republic of China concerning Russia and the states of Central Asia, in particular, to pursue more tough policy on boundary settlement.

The Russian researches concerning the interstate Kazakhstan-Chinese relations aren't numerous. From researchers it is possible to mark out M. V. Alexandrova, M. F. Vidyasov, L.A. Friedman, A.A. Moskaev. Traditionally works are devoted to studying of separate aspects of relationship of Post-Soviet Central Asia with the states neighbors.

It is necessary to allocate separately works of the leading researcher of problems of Asia and ATR of the Russian institute of strategic researches of G. D. Bessabarov. In them the Chinese-Kazakhstan relations from the point of view of the most actual problems of the interstate relations are analyzed. At a certain level of generalization, work, nevertheless, can't be considered as complex research.

The initial stage of interaction of the People's Republic of China with the states of Central Asia is considered in the works by I. Azovsky, A. Pedin. In these researches the considerable actual material supported with necessary analytical conclusions, connected with geopolitical situation CA is attracted, however it concerns history of interstate dialogue of the People's Republic of China-PK a little. [7]

Separate aspects of bilateral ties are affected in A.V.Grozin's articles. It is possible to note its works in a co-authorship with V. Hlyupin. The circle of scientific interests of authors includes formation of foreign policy of the Republic of Kazakhstan at the present stage, and also common problems of the states in Central Asian region. So, V. Hlyupin's monograph "Geopolitical triangle. Kazakhstan-China-Russia. The past and the present

of a boundary problem" it is devoted to actual problems of boundary settlement. As a whole, the boundary perspective during modern and latest times is considered by several Russian authors: O. Rakhmanin, S.G. Luzyanin, A.D. Voskresensky.

As for the western researches, works of a number of recognized American experts on Central Asia were studied: C. Form, M. Olcott, A. Davies, F. Starr, R. Dayon. Researches have a pronounced geostrategic focus. Authors often consider contradictions of the USA and Russia in Central Asia and are inclined to underestimation of the importance of interests of the third countries in the region.

Perhaps, the greatest number of the western researches, anyway, concerns energy resources of Kazakhstan and opportunities of their use. Questions of power cooperation of China and the countries of CA are considered in a number of works of the American authors (for example, Richard Dayon).

It should be noted work of group of the Chinese, Kazakhstan and American scientists "The power engineering specialist in Central Asia and northwest China (Xinjiang): the main directions and opportunities for regional cooperation" in which the main tendencies and opportunities for regional cooperation in the power sphere in Central Asia and northwest China are considered. [8]

Rather well studied there was a scope of power cooperation and separate aspects of power policy of the People's Republic of China and Kazakhstan in Central Asian region. The Kazakhstan researches are devoted, mainly, to problems of formation and development of the directions of foreign policy, and also regional security. The Chinese researches mention spheres of trade and economic cooperation, and also the direction of integration of the countries of Central Asia with the People's Republic of China. Almost unexplored there was a scope of military-political cooperation, and also the analysis of the interstate political relations of Kazakhstan and the People's Republic of China is weak.

Thus, the analysis of scientific works on a considered perspective shows that, despite a large number of publications in which separate issues of the bilateral interstate Kazakhstan-Chinese relations are touched, in domestic and foreign science there aren't any complex researches covering everything the main aspects of bilateral cooperation.

References

- 1 James R. Masterson. Analysing China`s economic interdependence and political relations with its neighbours, 2012.
- 2 S.G. Luzyanin. China`s foreign policy in global and regional aspects, 2012.
- 3 Добрососедство. Сборник документов и материалов. – Астана – Пекин, издательство “Синьхуа”, 2001. – 344 с. – С.247.
- 4 Golam Mostafa. The concept of 'Eurasia': Kazakhstan`s Eurasian policy and its implications. 2013.
- 5 <http://www.kisi.kz/img/docs/501.pdf>
- 6 Sebastien Peyrouse. Chinese Economic Presence in Kazakhstan, 2012.
- 7 <http://neweurasia.tv/archive/book/AIBOL4.htm>
- 8 http://portal.kspi.kz/files/book_ik

УДК 327(4/9)

Н. Жұмабай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: nurbaqyt@mail.ru

Қытай Халық Республикасында қазақ диаспорасының қалыптасуы

Мақалада қазіргі Қытай халық республикасында өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының қалай қалыптасқандығы тарихи дерек көздерін негіз ете отырып қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ диаспораның қалыптасу үрдісіндегі тарихи кезеңдер мен маңызды уақиғалар хақында талдау жасалады.

Түйін сөздер: Қытай халық республикасы, қазақ диаспорасы, Чиң патышалығы,

Н. Жұмабай

Формирование казахской диаспоры в Китайской Народной Республике

В данной статье рассматривается процесс формирования казахской диаспоры, проживающей на территории современной Китайской Народной Республики, на основе исторических документальных источников. Наряду с этим, проводится анализ исторических этапов и важных событий в процессе формирования казахской диаспоры.

Ключевые слова: Китайская Народная Республика, Казахская диаспора, династия Цин

N. Zhumabay

The formation of Kazakh diaspora in China

The article is dealing with the formation of Kazakh diaspora in China based on historical data and analyzing the historical stages and important events in that forming process.

Key words: People's Republic of China, Kazakh diaspora, Qing dynasty

Қытай Халық Республикасындағы қазақтардың жалпы жан саны 3 миллионнан астам, негізінен Шыңжаң ұйғыр автономиясының солтүстік бөлігіне, яғни солтүстік Шыңжаңның Тянь-шан тау сілемдері мен Алтай тау сілемдері арасындағы кең байтақ өңір мен Жоңғар ойпатының жағалауына орналасқан.

Солтүстік Шыңжаң аймағындағы Іле Қазақ автономиялы облысында қазақтар жиі орналасқан. Бұндағы қазақтар жан саны 979343 болып Шыңжаң қазақтары жалпы жан санының 96,4% құрайды. Алтай аймағындағы қазақтар жан саны ең көп, жалпы жан санының 51.39% құрайды. Тарбағатай аймағындағы қазақтар 24.2%, Іле аймағындағы қазақтар 20% құрайды. Шығыс Шыңжаң аймағында Санжы дүңген автономиялы облысы мен Үрімші аймағындағы қазақтар жан саны жалпы қазақ жан санының 13.55 %, Құмыл аймағындағы қазақтар 3,46 % құрайды. Оңтүстік Шыңжаң аймағында қазақтар аз

орналасқан. Хотан, Қашқар, Ақсу аймағындағы қазақтар жалпы қазақ жан санының 0.01% құрайды. Шыңжаң ұйғыр автономиясының басқа аймақтардағы қазақтар жан саны, Гансу провинциясында 2963 адам, Чинхай провинциясында 407 адам, Пекин қаласында 4000 адам, Хынан провинциясында 4805 адам, Гуандунда 4602 адам бар. Фуцзянь провинциясында қазақтардың жан саны ең аз [1].

Шыңжаңдағы қазақтар жан санының орналасуы қала, қалашық, ауыл бойынша жоғарлайды. Қаладағы қазақ жан саны жалпы жан санының 28.3%, қалашық жан саны 43.11%, ауыл жан саны 53.8% ұстайды.

Қазақ ұлтын құраған байырғы ру-тайпалардың көбі Моңғол үстіртінде және оның оңтүстік батыс өңірлерінде, Алтай және Тянь-шан тауларының баурайларында дүниеге келген және сонда өсіп-өнген. Алайда тарихи себептердің салдарынан олар ілгерінді-кейінді

шығыстан батысқа қарай ығысып отырған. Сол ығысудың соңғысы жоңғарлар күшейген дәуірде болды. Бірақ жоңғарлар қазақтарды өз жұртынан бүкілдей ығыстырып жібере алған жоқ, қазақтарды өздеріне толық бағындырып билеген де емес. Сондықтан жоңғарлар мен қазақтар арасындағы жер мен елдің билік таласы жоңғар хандығы жойылғанға дейін жалғасып келді. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін Абылай хан қазақтың ұлттық мемлекеттік кеңістігін қалыптастыруды өзінің ең жоғары саяси мақсаты қатарында қарастырған болатын[2]. Сондықтан ол Чиң патшалығының жоңғарлардың аяқ басқан жерлері маған қарасты болады дегеніне келісе қоймады.

Чиң патшалығы Тарбағатай сяқты қазақтың ежелгі ата мекенін өз райымен бермейтіндігіне көзі жеткізген соң, ол қазақ шаруаларын шығысқа біртіндеп көшіру арқылы ол өңірлерге қоныстануды жөн көрді. Ол орта жүз бен ұлы жүздің шығыста жатқан руларының шығысқа қарай жылжып көшу қозғалысын бастайды. Шығысқа жылжып көшкен қазақ рулары бірден Чиң патшалығының өздері белгілеп қойған шекара қарауыл обаларының төңірегіне барып қоныстанды, тіпті одан да ары асып барып мал баққандар да болды. Бірақ оларды Чиң патшалығының шекара қорғаныс әскерлері қуғындап кері қайтарып тұрды. Алайда қазақ малшылары олардың шекара қарауылдарының сыртқы жағын төңіректен көшіп-қонып жүріп, қапысын тауып қайтадан қарауылдан ары асып өтіп барып орын тебуге тырысады, олардың қарамағындағы кейбір таулы өңірлерге қоныстанып қала беретін болды. Сонымен шығысқа жылжып көше бастаған қазақ шаруаларының қатары күн сайын көбеймесе азайған жоқ. Жапон тарихшысы Сагуштору: "мейлі қандай дегенде де, Лепсі өзені өңірі қазақтардың жайылымдық өрісі. Сондықтан олардың жылжып көшіп онда барулары таңғаларлық жай емес" деп есептейді. Ол өзінің кешенді зерттеуінде, "Қазақтардың Чиң патшалығына қойған жер талабы орындалмағанымен, Қазақ малшылары шынында Тарбағатайдың шекара өңірінен Қаратал өзеніне дейінгі жайылымды иеленгендігі рас. Іле өзенінің солтүстігінен бастап Балқаш көлінің оңтүстік жағалауы өңірлері де қазақтардың жайылым жеріне айналды. Осынау үлкен аумақ жоңғар хандығы

кезіндегі ұлы жүз қазақтарының жайылым жері болатын"-деген қорытынды жасалған[3]. Тарихи шындық солай болғандықтан, жоңғарлар құлдырай бастаған кезден бастап, ұлы жүз рулары ол өңірлерге қайта орала бастаған болатын. Бұл деректер қазақ даласының шығысына Чиң патшалығының шекара шеңберінің түскендігі және қазақ малшыларының ол шекараны қусыра қоныстанғандығын, сондай-ақ қазақ шаруалары мен Чиң патшалығының әскерлерінің жерге таласқан жағдай қалыптасқандығын айқын байқауға болады.

1871 жылы Чиң патшалығының әскерлері Ілені басып алады. Бұған сылтау болған Іледегі ұйғұрлардың басшысы Алақан сұлтанның Ресейге қарсы көтеріліс жасап қашып келген Албан руының басшысы Тазабек ұстап беруден бас тартуы еді. Бұл кезде Іледе 110 мыңдай халық бар еді, бұның ішінде тараншы ұйғұрлар 60 мыңға жуық, албан, суан руларын негіз еткен қазақтар 20 мыңнан асатын, моңғолдар 24 мың болған, қалғаны: дүңген, ханьзу, сібе, қырғыз, манчжур қатарлы ұлттар. Ілені басып алғаннан кейін бұл өңірдегі бұрынғы басқару тәртібі жойылып, оның орынына Қазақстан мен орта азияға қолданған Ресейдің басқару тәртібі енгізілді. Іле аймағындағы әр ұлт халқы патша үкіметінің отарлық үстемдігіне төзе алмай, басқа жақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды[4]. 1770 жылдардан бастап Жәнібек батырдың бастауында Алтайға орала бастаған Абақ керейлер 100 жылға жуық уақыт тыныш өмір өткізді. Бұл кезде Алтай орталыққа төте қарап тұрды.

1862-1877 жылдардағы Шыңжаңдағы диқандар көтерілісі, Яқұпбек уақиғасы және патшалық Ресей үкіметінің әскерлерінің Ілені басып алуы салдарынан көшпелі қазақтардың Үрімші, Құлжа, Шәуешек қалаларындағы базар мен сауда-саттық байланысы үзіліп қалды. Оған қоса сол кезде Бор батыр бастаған дүңгендердің көтерілісі болды. Бұл солтүстік Шыңжаңдағы соғыс аласапырандары қазақтардың іргесін қатты шайқалытты. Олар жайырадағы моңғолдармен қазіргі Толы, Шағантоғай өңірін мекендеген найманның қызай руын шабындыға ұшыратты. Қызайлар соғыс жаугершілігінен үркіп еренқабырғаға дейін шығып кетті. Бұлар кеткеннен кейін Алтайдан керей ішінде жантекейдің барқы руынан темір, бұғыбай, мұқы, атантайынан топпай бастаған 400 отбасы керейлер мен мырты, мауқара бастаған ескі уақтар Майлы -жәйырды

мекендеді. Келесі жылы Атантай Саудабаи, Жа-стабан Есет бастаған 300 отбасы көшіп келді, бұларға терістанбалы Дүйсенбінің ауылы еріп келді. 1883 жылы қызайлардан 3 мың отбасы Ілеге келіп қоныстанды. 1884 жылы Жәке бй бастаған 1000 отбасыдан артық меркіттер Же-менейге көшіп келді. Сол жылы Шыңжаң өлке болып құрылды.

Чин патшалығының ақырғы кездерінде қазақтар феодалдық қанау мен ауыр алман-салықтың салмағына шыдай алмады, оған қоса қуаңшылық, қар апаты, жұт апатына ұшырап отырды, әсіресе Алтай аймағында ерекше ауыр болды. Олар қолындағы малдарынан айырылып кедейленген шаруалар көшпелі аудандардан егіншілік аудандарына көшіп келіп, байларға жалданды, тасқазу, көмір қазу қатарлы жұмыстарға жалданды. 1904 жылдары Алтай аймағындағы қазақтардың жартысы ғана қалды, қалғаны Сан-жы, Баркөл, Үрімші өңірлеріне көшіп кеткен, тіпті, Чинхайға және Тибетке барған[5]. 1903 жылы Чин патшалығы үкіметі қазақтардың басқа жерлерге көшіп кетуіне тиым салынсын деген, бірақ бұл қазақтардың қоныс аударуын тоса алмаған. Бөке бастаған қазақтар алман-салықтан бас тартып Гансу, Чинхай өңіріне барған, олардың бір бөлегі Тибетке барған.

ҚХР дағы доңыз жылғы революция қазақтар арасында бұрынғы Ежен үкіметінің шен-шекпенін алған феодалдардың ықпалын әлсыретті. Қазақ шаруалары оларға салық төлеуден бас тартты, кіші ұлықтардың үлкен ұлықтарға бағынбауы және қарсылық көрсетуі үнемі туылып отырды. Ауыр алман-салықтан бас тартқан қазақ шаруалары жапа –тармағай басқа жақтарға ауып жатты. Әсіресе егіншілік біршама дамыған Шиху, Сауан, Санжы аймағының аудандарына көшіп кетіп жатты. 1913 жылы Алтайдан алман -салықтан бас тартқан қалы бастаған 300 түтін қазақ шаруала-ры алман жинай келген шабармандарды байлап алып Құтыби, Манас аудандарына көшіп кеткен. Қазіргі Көктоғай, Шінгіл аудандарын мекенде-ген Буратай, Бақырай, Қалел, Жапарлар бастаған қазақтар Шонжы, Мори, Баркөл аудандарына ауып барған. 1919 жылы Толы ауданынан Түсіп бастаған барқы, қарақас руларынан 300 түтін Са-уан, Манас өңіріне барған. 20 ғасырдың басын-да Ресейге қарасты қазақтар Шыңжаңға көшіп отырды. Санақ мәліметтерге қарағанда Ілеге келгендердің өзі 6 мыңдай адам болған. 1914

жылы екі ел үкіметі кеңесіп: « он екінші жылы жирмасыншы шілдеден бұрын Қытай жеріне көшіп өтіп қайтпай қалған қазақтар Қытай еліне қарасты болады, Ресей азаматы есептелмейді » деп келісімге келді[6].

1916 жылғы Жетісудағы көтеріліс жаныш-талғаннан кейін 300 мыңдай қазақтар Шыңжаңға қашып өтті, бұлардың Ілеге келгендері 100 мың, Тарбағатайға келгендері 8 мыңдай болды, бұдан басқа Алтайға келгендерде болды. Кейін бұлардың көпшілігі еліне қайтты да, аз бөлімі қалып қойып мекендеп қалды.

1919 жылдан 1920 жылға дейінгі аралықта ақ бандылардың талан-таражы мен қысымынан қашқан Ресей қазақтары қытайға өтіп кетіп жатты. Осы жылдарда «темір мешін» деп аталған жұт болып, мал шаруашылары «ақ сүйек » болып жұтады. Оның үстіне аласапы-ран соғыс жағыдайынан сауда-саттық тоқтап, қымбатшылық асқынып, халық қатты күйзелді, қазақ халқы бұл жылды «темір мешін жұты», «ақ орыс апаты»деп атады.

1934-1935 жылдардан бастап ұлттардың ана тілінде мектептер ашылды, және газет, журнал-дар шыға бастады. Бұрын қазақ арасында ескіше мектептер ғана болушы еді, олар көбінесе дінни оқу оқытатын және тұрақсыз еді. 1934 жылдан бастап қазақ ішінде жаңа мектептер ашылды, орта есеппен әрбір ауылда (100 үйде) бірден мектеп болды. Оны халық өз күшімен ашты, бұл мектептер қазақ тілінде оқытатын осызаманғы мектептер еді. Оқулықтар негізінен кеңес одағында шыққан қазақ тіліндегі оқулықтар болды, оқытушылар кеңестен оқып келген мұғалімдер және Үрімші, Алтай, Тарбағатайда ашылған мұғалімдер тарбиелейтін мектептерде және курыстарда дайындалған мұғалімдер еді. Оқушылар көп жерлерде жатаққа жатып оқыды. Бұл мектептерге солтүстік Шыңжаңның аймақ-аудандарында құрылған қазақ-қырғыз мәдени-ағарту ұйымдары басшылық етіп отырды. Аз ғана жылдар ішінде қазақтар арасында қазақ ба-стауыш мектептер едауір көбейді. Іле аймағында 38 мектеп, 3000 оқушысы болды, Алтайда 26 мектеп болып 2000 оқушы оқыды, Тарбағатайда 15 мектеп болып 1200 оқушы оқыды. Жиыны 79 мектеп болып 6200 оқушысы бар еді.

Осы дауірде Шәуешек, Дөрбілжін, Алтай тағы басқа қалалардың, аудан қалашықтары-ның тұрғындарының басым көбі қазақтар

болды. Олар ұсақ қолөнермен, арбакештікпен, алыпсатарлықпен шұғылданды. Үрімші маңындағы Түтүнхы темір зауытында, Алтайдағы алтын қазатын кендерде, Майтау мұнай кенінде, Үрімші, Іле тас жолында, мойкада, қатынас-тасымалда, баспа заводтарында, ормантоғайда мыңдаған қазақ жұмысшылар болды. Қазақ кедейлері егіншілік аудандарға барып жалданба жұмыс істеді, сөйтіп қазақтар арасында жұмысшы табы туылып қалыптаса бастады.

Қытайдағы Қазақ диаспорасының қалыптасуы XVI ғасыр мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ-Жоңғар соғысына тікелей байланысты болды. Жоңғарлардың басқыншылық шабуылы барысында қазақтар Жетісу, Тарбағатай аймақтарындағы шұрайлы жайылымдарының едауір бөлігінен айырылып қалды. Мұның өзі ұлы жүз бен орта жүз қазақтарының бұрыннан дәстүрлі қалыптасқан көші-қон бағыттарының бұзылуына әкелді[7].

Қытай мен Жоңғар және Қазақ пен Жоңғар арасындағы соғыстар барысында Жоңғар мемлекеті тарих сахнасынан кетті. Қазақтар өздерінің байырғы дәстүрлі мал жайылымы жерлерін қайтарып алуға тырысты. Бірақ жоңғарлардың көзін жойған негізгі жеңімпаз ретінде Қытай

үкіметі қазақтардың ондай талабын қабыл алмады. Жоңғар хандығының орнына Қытайда «Шыңжаң» (жаңа өлке мағынасында) атты аймақ құрылды.

XX ғасырдың соңғы кезінде Қытайда 100 мыңға жуық Қазақ тұрды. Бұдан кейінгі жылдардағы халықтың қоныс аудару үрдісі барысында ондағы қазақтардың саны арта түсті. Қазақтардың Қытай шекарасына үдере қоныс аударуының басты себебі патша үкіметінің жергілікті халықтың қолындағы құнарлы жерлерін тартып алуы болды. Сонымен 1911 жылы Қытайдағы қазақтардың жалпы саны 225 мыңға жетті. Ресейден Қытайға 1911 жылға дейін өткен қазақтардың барлығы да 1914 жылы Қытайдың қол астына өтіп, Қытай азаматтығын алды. Өзгелері ел аумағынан күштеп шығарылды. 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс кезінде патшалық үкіметтің қуғындауына төзе алмаған 300 мыңға жуық қазақ Қытайға өтіп кетті. Сондықтан Қытай Халық Республикасында Қазақ диаспорасы ұзақ уақыттық тарихи үдерстер бастан кешіруді өткеріп, нәтижесінде, қазіргі таңдағы географиялық аймақтарда өмір сүріп жатқан қазақ диаспарасын қалыптастырды..

Әдебиеттер

- 1 中华人民共和国国家统计局. 2011年第六次全国人口普查主要数据公报. 北京., 2011. –115页.
- 2 Нығмет Мыңжани. Қазақтың қысқаша тарихы. Пекин, 1987. –80б
- 3 纳比坚. 穆罕默德汗, 何星亮. 哈萨克族简史. 北京: 民族出版社, 2008. –60-71页.
- 4 黄凤祥, 谭传位. 我国的散杂居少数民族概况. 民族团结. 北京: 民族出版社, 2000. – № 3 – 90-94页.
- 5 郑成加, 胡那皮亚. 新疆哈萨克族迁徙史. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 1993. – 80-82页.
- 6 董永茂, 房若愚. 中国民族人口. 新疆卷之哈萨克族人口. 北京: 中国人口出版社, 2004. – №4 –189-195页.
- 7 房若愚. 新疆哈萨克族人口规模变迁及分布. 新疆大学学报. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 2005. – №4 – vol.33

References

- 1 China National Bureau of Statistics. National census data// Beijing. - 2011-115
- 2 Nygymet Myngzhan. Brief history of Kazakh// Beijing. -1987-110.
- 3 纳比坚. 穆罕默德汗, 何星亮. 哈萨克族简史. 北京: 民族出版社, 2008. –60-71页.
- 4 黄凤祥, 谭传位. 我国的散杂居少数民族概况. 民族团结. 北京: 民族出版社, 2000. – № 3 – 90-94页.
- 5 郑成加, 胡那皮亚. 新疆哈萨克族迁徙史. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 1993. – 80-82页.
- 6 董永茂, 房若愚. 中国民族人口. 新疆卷之哈萨克族人口. 北京: 中国人口出版社, 2004. – №4 –189-195页.
- 7 房若愚. 新疆哈萨克族人口规模变迁及分布. 新疆大学学报. 乌鲁木齐: 新疆大学出版社, 2005. – №4 – vol.33

УДК 327(4/9)

Г. Жүнісбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: gulnaz303@mail.ru

Қытайдың Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы шекара пункт құрылымдарының дамуы

Мақалада Қытайдың Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы шекара пункт құрылымдарының дамуына сараптама жасалып, Қорғас, Достық – Алашанкоу, Бакты, Дулат, Майқапшағай шекара пункттерінің қалыптасуы мен дамуы зерттелді. Шыңжаң өлкесіндегі Қазақстанмен шекаралас кедендік құрылымдардың құрылу және қызмет ету мәселелеріне зерттеу жүргізе отырып қазақстандық тарихнамада алғаш рет Батыс Қытаймен шекарадағы кедендік саланың тарихы мәселелеріне кешенді, жан-жақты және объективті зерттеу жүргізілді.

Түйін сөздер: Кеден, кеден баждары, кедендік протекционизм

Г. Жунисбек

Развитие контрольно-пропускных пунктов на границе Казахстана и КНР в Синьцзяне

В статье рассматривается развитие контрольно-пропускных пунктов на границе Казахстана и КНР в Синьцзяне.

Ключевые слова: Таможня, таможенные пошлины, таможенный протекционизм

G. Zhunisbek

The Development of check-points on the border of Kazakhstan and People's Republic of China in Xinjiang

In this article we discuss the Development of check-points on the border of Kazakhstan and People's Republic of China in Xinjiang..

Key words: Custom, customs duties, customs protection

«Мемлекеттер бір-бірінен жеке өз мақсаттарымен, құралдарымен және басшыларымен бөлініп тұрғанға дейін кедендерде қажеттілік болады», – деп жүзден астам жыл бұрын тамаша орыс ғалымы Д.И. Менделеев айтқан болатын. Осы тұжырым ХХІ ғасырдың басында да өзінің мағынасын жоғалтқан жоқ.

Зерттеу тақырыбының маңыздылығы, ең алдымен, Қытай Халық Республикасының құрамындағы Шыңжаң өлкесінің, сонау ерте заманнан бастап, күні бүгінге дейін Орталық Азиядағы геосаяси жағдайы ерекше, халықаралық қатынастардағы өте күрделі аймақ екендігімен тікелей байланысты. Өзінің Еуразиядағы географиялық орналасуына байланысты Қазақстан бүгінгі күні көршілес елдермен берік экономикалық байланыстарды орнатуға, өзінің сауда-транзиттік

мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделі, осындай әріптестік бағыттарының бірі ретінде кедендік іс үлкен рөлге ие болады. Аталған үрдістің барлық мүшелерінің мүддесі үшін кедендік өзара әрекеттесудің тиімді үлгілерін жасау мақсатында Қазақстан мен Шыңжаңның кедендік құрылымдарының даму тарихын зерттеу аса маңызды. Кедендік саясат пен кедендік іс тарихы мәселелеріне назардың өсетуі – ақырғы онжылдықтың құбылысы. Бұл қызығушылық, бір жағынан, экономикалық либерализация кезеңіндегі маңызды мемлекеттік институт ретінде кедендік жүйе рөлінің күшейуімен, екінші жағынан, кедендік жүйенің өзінің тарихи тәжірибесін жандандыруға, сыртқы сауда монополиясы жағдайларындағы кедендік іс-әрекет саласының тарылуымен байланысты тарихи ақтандақтарды өткеруге объективті

қажеттіліктерімен шартталған. Шыңжаңның өткен тарихы буырқанған оқиғаларға толы болды. Бұл жерде отырықшы және көшпелі халықтардың мәдениеті түйісіп, сонау көне замандарда өзіндік өркениет ошақтары пайда болған. Шыңжаң жері арқылы қайнаған қызу сауда жолдары – атақты Ұлы Жібек жолының ең маңызды күре тамыр салалары өтіп, халықтардың ұлы қоныс аударулары да осы жер арқылы жүрген. Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданында 16 шекаралық пункт бар. Кунджирап, Қорғас, Тургарт секілді өту пункттері ежелден Қытай мен көрші елдер арасында өткел қызметін атқарған. Бұл өткелдер Шыңжаңның Орталық, Батыс, Оңтүстік Азия елдерімен ежелден бері сауда және мәдени байланыстарының куәсі деуге болады. Қорғастың сауда – саттықпен айналысатын кеден болуы 130 жылдық тарихқа ие. Қорғас монғол тілінде «мал жаятын жер» деген мағына береді. Чиң дәуірінде бір бекет болған, ертеде ол «никака» деп аталған. 1860 жылы Орыс консулының талабымен Чиң үкіметінің мақұлдауымен орыс саудагерлерінің Қорғас бекетінен өтуіне рұқсат берілген. Осыдан кейін Қорғас Қытай және Орыс елдерінің маңызды сауда-саттық өткеліне айналған [1, 48].

Зерттеу жұмысының мақсаты – Қытайдың Шыңжаң мен Қазақстан арасындағы шекара пункт құрылымдарының дамуына сараптама жасай отырып, Қорғас-Қазақстан шекара пункті, Достық–Алашанкоу, Бақты, Дулат, Майқапшағай шекара пункттерінің қалыптасуы мен дамуын зерртеу. Сыртқы сауданың дамуындағы шекаралық пункт құрылымдарының рөлін анықтау

Отандық және ресейлік тарихнамада Қазақстанның Шыңжаңмен шекарасындағы кедендік құрылымдары мен кедендік саясатының мәселелеріне арналған ауқымды зерттеулер жоқтың қасы. Бірақ, мәселеге жанама байланысы бар мәселелер төңірегінде зерттеулер баршылық.

Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы шекаралық сауданың дамуынан географиялық және этнографиялық жағынан ұтымды орналасқан. Шыңжаң сегіз мемлекетпен шектеседі. Шыңжаң территориясында бірінші деңгейдегі 16 мемлекеттік бақылау өту пункті, соның ішінде 14 көлікжолы мен 2 ғарыш бақылау өту пункті бар [2, 52].

Кедендік істі аймақтық аспектісінде зерттеу Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы

транзиттік мемлекет ретінде дамудың қазіргі стратегиясы тұрғысынан да өзекті болып келеді.

Қытайдың Шыңжаң мен Қазақстан арасында 5 шекаралық пункт бар: Қорғас-Қазақстан шекара пункті, Достық – Алашанкоу, Бақты, Дулат, Майқапшағай. Енді әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсек.

Қорғас өткізу пункті Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін 1950 жылы Қорғас агенствосын құрды. Шыңжаң Қорғас өткелі арқылы көптеген өндіріске қатысты материалдарды кіргізді. Сонымен қатар көптеген ауыл шаруашылық өнімдері мен минералды шикізаттарын сыртқа шығарды. Өткелдің экономиканың дамуы мен қайта қалпына келтіруде қосқан үлесі аса зор. Алашаңқай пайда болудан бұрын Қорғастың ежелгі Совет Үкіметіне экспортқа шығаратын тауарлардың мөлшері Шыңжаңның басқа кедендерімен салыстырғанда бірінші орында болған. Қазір Алашаңқай кедені ашылса да бірақ Қорғас кеденінің Шыңжаңның жергілікті экономикасымен шекаралық саудада маңызды рөл атқарады. Соңғы 10 жылда Қорғас кеденінің тауар өткізу мөлшері мен туристтер саны көбеюде. 1983 жылдан бастап тауар өткізуді қалпына келтірген жылы импорт, экспорттаған тауар түрлері тек 6 түрлі болған. Тауар өткізу көлемі тек 0,38 млн тоннаны құрады, сауда айналымы 947 млн швецариялық франкты құраған. Ал 1991 жылы импорт, экспорт тауар түрлері 8 ден 12 түрге өскен. Тауар өткізу көлемі 20 млн тоннаны құрады, сауда айналымы 100 млн швецариялық франкты құрады. Сонымен қатар туристтер саны да күрт өсті. 1983 жылы келіп, кеткен туристтер саны 84 адам, кіріп шыққан көліктер саны 1800 астам болған. 1989 жылы Іледен Панфиловқа дейін қатынайтын турист тасымалдаушы көліктер пайда болғаннан кейін 1990 жылы Қорғастан – Панфиловқа 1 күн саяхат жасауға рұқсат берілді. Сол жылы Қорғасқа кіріп шығатын туристтер саны 5,3 млн адамға жеткен. Қорғас бір жылдағы басқа кедендердің кіру шығу турист мөлшерінің 60 % құраған [3.1226]. 1991 жылы мемлекет басшылығы үшінші елге есік ашуына рұқсат бергеннен кейін келіп кетушілер саны күрт өсті. Сол жылдың ішінде келіп кетушілер саны 7,5 млн адамға жеткен. Сол жылы сегізінші айда Іледен – Панфиловқа 4 күн саяхат жасауға рұқсат берілді. Бұл тек екі мемлекет азаматтары ғана емес сонымен қатар

Ресейдің құрамындағы 15 мемлекет азаматтары да кірді [3, 125]. Қорғас бекеті Қытай есебінше, Батыс Қытайдағы мемлекеттік маңызы бар көп функционалды бақылау-өткізу орны және Қытайды Қазақстан және Батыс Еуропаның басқа да елдерімен жалғастыратын көпір болып табылады.

Қытайдың статистикалық деректеріне сәйкес, 2010 жылы «Қорғас» бақылау-өткізу бекеті арқылы 3 млн тонна жүк тасымалданып, 550 000 турист өткен. Қазіргі таңда жалпы құны 3,3 млрд АҚШ доллары болатын 12 жоба жүзеге асырылуда [4].

Достық–Алашаңқай Бортал – Монғол автономиялық ауданында орналасқан теміржол мен тас жолдан тұратын Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық өту пункті. Қазақстанның Талдықорған облысымен шекараласады. Алашаңқай әлемге әйгілі Азия, Еуропаны жалғастыратын Қытайдың батысына келіп тірелетін екінші үлкен көпір. Юань дәуірінен бастап Алашаңқай Қытай азаматтары мен шетел азаматтары арасында бизнеспен айналысатын, жолаушы ретінде өтетін маңызды өткел болған. Миң дәуірінде осы Алашаңқай ойрат тайпасының мал жаятын жері болған. Чиң дәуірінде бұл жерде бекет болмаған. Қытай Халық Республикасы құрылған соң Қытай және Ресей Алашаңқайдан өтетін теміржол салу құжатына қол қойды. 1960 жылы теміржолдың салынуы тоқтатылды. Шыңжаңның солтүстігіндегі теміржол іске қосылудан бұрын, бұл жер ен дала болған. 1990 жылы қыркүйектің 25 күні Шыңжаңның солтүстігіндегі теміржол іске қосылды. 1991 жылы 20 шілдеде тауар өткізе бастаған. Жылдың аяғына дейін тауар тасымалдау көлемі 20млн. тоннаға жетті. Сол жылдары Қорғастың бір жылдық тауар өткізу көлемімен тең болған. Алашаңқай өту пункті 1991 жылы ашылып, халықаралық тасымал пункті болып, 1992 жылы үшінші мемлекетке жолаушылар мен көлік үшін ашық болды. 2009 жылғы есеп бойынша жылына 1770 мың тонна жүк пен 100 мың жолаушы өткізді. Жаңа Транс – Евразиялық магистраль арқылы жүру Транс – Сібір теміржолымен салыстырғанда жолды 2 мың шақырымға қысқартылып, бағасы 30 % арзандатылды [4]. Жаңа Транс – Евразиялық магистраль арқылы жүру Теңіз жолы Ляньюньганнан Роттердамға дейін салыстырғанда 80 % уақытты үнемдейді, әрі бағасы 25% арзандатылды.

Көлік жол өту пункті екіжақты сыртқы саудаға қызмет көрсетеді. Алашаңқай өту пунктінен Борталға дейін 75 шақырым, Үрімшіге дейін 460 шақырым, Қазақстан жақтағы Достық станциясына дейін 12,3 шақырым, Алматыға дейін 880 шақырым [5, 71].

Достық станциясында қосымша техникалық жарақтандыруды, қайта құрылымдауды күшейту жөніндегі іс-шараларды жоспарлаудың нәтижесінде, Қытай бағытымен 2006 жылы жүк тасымалы көлемін жылына 10 млн. тоннаға дейін арттырды, 2014 жылы – 14 млн. тоннаға өседі [5, 95]. .

Бақты қазақ–қытай шекарасында орналасқан өту пункті. Іле – қазақ автономиялық округінде Тачен қаласында орналасқан.

Қазақстанның Семей облысымен көрші орналасқан көлік жол өту пункті. Бір ғасырға жуық бұл өткел Шыңжаң мен Орталық Азия мен Еуропа арасындағы негізгі өту пункті болды. Бақты ең әйгілі көне, әрі қазіргі уақытқа дейінгі Шыңжаңның қалаларына және шекараға жақын кеден. 1851 жылы Қытай мен Ресей арасындағы “Іле – Тарбағатай” теңсіз келісіміне қол қойғаннан кейін бұл жер Ресей мен Қытайдың сауда-саттық кеденіне айналды. 20 ғасырдың басында Шыңжаңның Ресейге ашылған импорт – экспорттайтын ең үлкен кедені болды. 1950 – 1962 жылға дейін Бақты кедені арқылы Тарбағатай өңірлерінен Ресейге мал жемдері, ұн, май, өңделмеген шикізаттар өткізілді, жалпы құны 109 319 мың көне рубльге жеткен. Бақтыға кіргізген химиялық өнімдер, астық, металл заттары секілді тауарлар болған. Тауар көлемі 7190 тонна болды. Бұл кеден Тарбағатай өңірінің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарған. 1962 жылдан кейін тауар өткізу тоқтатылса да, пошта қызметкерлері үшін хат өткізу тоқтатылмады. 1990 жылы 10 қазанда Үкіметтің рұқсат етуімен Бақты кедені уақытша ашылды. Тарбағатай өңірі де Қазақстанмен сауда – саттығын қалпына келтірді. 1992 жылы қарашада Бақты өту пункті ресми түрде ашылды. 1992 жылы кіріп- шыққан туристтер саны 5229 адамға жеткен, ал тауар көлемі 2,5 млн тоннаға жеткен. Қазіргі кезде Бақты кедені жылына 300 мың тонна жүк пен 100 мың жолаушы өткізеді. Бақтыдан Тачэнге 17 шақырым, Үрімшіге 620 шақырым, Маканчиге 60 шақырым, Семейге дейін 660 шақырым. Бақты шекара пункті 200 жыл тарихы бар Қытайдың Орталық Азия мен

Европаға шығу «терезесі» деуге болады. 1995 жылы Ішілдеде Бақты шекара пункті ресми түрде сырт мемлекеттерге ашылды. 2002 жылы Бақты шекара пункті арқылы өткен жолаушылар саны 17,2 мың адам, жүк көлемі 80 мың тоннаны құрады [5, 108].

Дулат қазақ-қытай шекарасындағы қытай бөлігінде орналасқан құрлықтық өткізу пункті. Дулат қазақ жеріндегі Көлжат бекетімен байланысты. Дулат өткізу пункті Іле ауданының Чабучар мекенінің аумағында орналасқан. Ол Алматы облысымен шекаралас. Дулат кедені 1992 жылдан бері ҚХР мен ҚР аралығындағы келісімшартқа байланысты ашылған болатын. 1993 жылдың сәуір айында Инин-Цюнча 180 километрлік мемлекетаралық транзиттік автожол трассасы ашылды. Кеденің 1994 жылы қызмет ету қабілеті 200 мың т. жүк өткізіп, 150 мың адамға дейін өткізе алатын болды. 2002 жылы Дулат өткізу бекетінен 6200 адам, 3100 акөлік, 24 мың т жүк өткізілді [5, 112].

Майқапшағай өту пункті Қазақстан мен Қытай арасындағы бес шекаралық пункттің бірі. Қытайлық бөлігі Зимунай деп аталады. Екі ғасыр бұрын бұл жерден көрші елдердің саудагерлері өтетін, және де алғашқы кеден деген сөздің пайда болуы да осы таулы аймақтардағы адамдаран шыққан. Сол кездегі кеденнен балық, мата, ыдыс –аяқ, шай, аңдар терісі, ағаштан жасалған бұйымдар секілді тауарлар өткізілетін. Арнайы құжаты бар саудагерлерге тауарларын түрлі қауіптен қорғайтын арнайы қаруланған жасақтарымен шекаралық өту пунктінен өтуге рұқсат етілген. Майқапшағай кеденінің қызметкерлерінің міндеті Монғолиядан кіретін тауарларды тексеру және мемлекеттік салықты төлету болған. Бұдан бас тартқан саудагерлердің ісін сот арқылы шешкен. 1918 жылы “Орталық және жергілікті үкімет басшыларының салық жинау құқығын шектеу туралы және жергілікті кеден қызметінің күшеюі туралы” декрет қабылданды. 1925 жылы “Тауарларды қабылдау, тексеру, өткізу және жолаушылардың жүгін Монғолия мен Қытай шекарасынан өткізу туралы Ереже” бекітілді.

Ежелден осы уақытқа дейін көптеген Декреттер, Ережелер мазмұны өзгергенімен, тек бір нәрсе тұрақты – мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі. Бұл өткелдердің атауы қанша рет өзгеріске ұшырады. Жергілікті ақсақалдардың айтуынша «Майқапшағай» сөзінің, түбірі

«Май» ежелде ең қымбаттың, ең асылдың, ең жақсының бәрі деген мағына берген. Хандық кезеңде «Майқапшағай» өткелі деп аталса, Совет кезінде «Майқапшағай» кедені деп аталған, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінен соң «Майқапшағай» кедені деп аталып, 2007 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысының Кедендік бақылау Департаментінің «Майқапшағай» кедендік бекеті деп аталады.

Егемендік шарттарындағы, Қазақстанның шығысындағы кеден қызметі өзінің қайта жұмыс жасауы үшін жаңа бағдар алды. Мемлекеттің кеден органдары ісін жаңадан қайта бастады: дербес заң шығару базасы және кеден әкімшілік етуі, үй-жай, кеден мамандары болмады. «Майқапшағай» кеденінің жаңа тарихы Қаржы Министірлігінің 1992 жылы 22 желтоқсандағы № 62 бұйрығымен Шығыс аймақтық кеденнің құрамындағы Майқапшағай кедені болып құрылды. Штат қызметкерлер саны 12 қызметкерді құрады. 2001 жылы халықаралық өткізу пункті болды. Мемлекеттік бюджетке 2010 жылы 1 миллиард 402 миллион 578 мың тенге түскен [6, 86].

Статистикалық мәлімет бойынша 2011 жылы 8 ай ішінде мемлекетке кедендік кіріс мөлшері мен салық мөлшері 1 миллиард 857 миллион 863 мың тенге кірген [6, 95].

Орыс патшасы І Петр Қазақ даласына Қытаймен қарым-қатынасты нығайтуға арналған “қақпа мен кілт” деп баға бергені тарихтан белгілі. Статистикалық мәлімет бойынша 80-жылдары Қазақстан үш теміржол торабы бойынша 35-40 миллион тонна тауарға транзиттік тасымал жасай алған. Бірақ бұл бір ғана мемлекеттің (КСРО) ішіндегі атқарылған шаруа. 2003 жылы біздің теміржол арқылы тасымалданған тауарлар 6,7 млн. тоннаны құраса, 2007 жылы бұл мөлшер екі еселеніп – 13,2 млн. тоннаға жеткен. Ал болашақ 2020 жылы транзиттік тасымалдар көлемі 40 млн. тоннаға артып, 2007 жылмен салыстырғанда 3 есеге көбейетін көрінеді.

Қазіргі таңда 1090 шақырымды қамтитын Үрімші мен Алматы аралығында жүкті алып өту құны әрбір текше метрге 150-ден 210 долларға дейін тұрады [7, 95]. Ауыр жүк көліктеріне 50-ден 85 текше метрге дейінгі жүк сиятынын және автокөліктің сыйымдылығына кедендік рәсімдеу мен көлік шығыны қосылатынын

ескерсек, транзиттік тасымал арқылы ел қазынасына түсетін қомақты қаржы Қазақстан экономикасының дамуында рөлі ерекше.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Кеденді нығайту арқылы біз мемлекетімізді нығайтамыз» деп атап айтқан [8, 25]. Осы ретте екі мемлекеттің арасындағы байланыстың алтын көпіріне айналған барлық кеден бекетінің материалдық-техникалық базасын заман ағымына байланысты нығайту бағытында ауқымды шаралар жоспарланып, қолға алынды.

Шыңжаң өлкесіндегі кедендік құрылымдардың құрылу және қызмет ету мәселелеріне зерттеу жүргізе отырып қазақстандық тарихна-

мада алғаш рет Батыс Қытаймен шекарадағы кедендік саланың тарихы мәселелеріне кешенді, жан-жақты және объективті зерттеу жүргізілді. Өзінің Еуразиядағы географиялық орналасуына байланысты Қазақстан бүгінгі күні көршілес елдермен берік экономикалық байланыстарды орнатуға, өзінің сауда-транзиттік мүмкіндіктерін пайдалануға мүдделі, осындай әріптестік бағыттарының бірі ретінде кедендік іс үлкен рөлге ие болады. Аталған үрдістің барлық мүшелерінің мүддесі үшін кедендік өзара әрекеттесудің тиімді үлгілерін жасау мақсатында кедендік құрылымдар тарихын зерттеу аса маңызды.

Әдебиеттер

- 1 Алдабек Н. Тарихы талқыға толы Шыңжаң – Алматы: Қазақ университеті, 2003-432 бет
- 2 Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және Қытайтану мәселелері: Монографиялық зерттеулер Алматы : «Тарих тағылымы», 2010.
- 3 Сладковский М.И. История торгово-экономических отношений народов России с Китаем (до 1917 г.). – М.: «Наука», 1974. – 439с.
- 4 Ықпалдастық Қорғас: Қазақстан – Қытай теміржолы тоғысты. Рымтай САҒЫНБЕКОВА, 15 Желтоқсан 2011 <http://economykaz.kz/?p=1133>
- 5 Казахстан и Китай: стратегическое партнерство в целях развития. Материалы международной конференции/Под ред. М. Ашимбаева.- Алматы: ИМЭП, 2006-138 с
- 6 Аванпост расширения связей с внешним миром . 新疆大学出版社. 1992 年 8 月
- 7 Сыроежкин К.Л. Казахстан –Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству: монография. Книга 2. В формате стратегического партнерства.- Алматы, 2010-384
- 8 Сыроежкин К.Л. Казахстан –Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству: монография. Книга 1. В начале пути – Алматы, 2010-336 с.

References

- 1 Aldabek N. TarikhytalkyगतolyShynzhang – Almaty: Kazakh Universiteti, 2003-432
- 2 Mukhametkhanuly N. DiplomatialikkatynastarzhaneKytaitanumaseleleri. Monografialy kzertteulerAlmaty: «Tarikhtagylymy», 2010
- 3 Sladkovskii M.I. Istoria torgovo-ekonomicheskikh otnoshenii narodov Rossii s Kitaem (do 1917 g.). – М.: «Nauka», 1974.- 439.
- 4 YkpaldastykKorgas: Kazakhstan – Kytaitemirzholytogysty. RymtaiSagynbekova, 15 zheltoksan 2011 <http://economykaz.kz/?p=1133>
- 5 Kazakhstan iKytai: strategicheskoe partnerstvo v celi ahrazvitia. Materialy mezhdunarodnoy konferencii/ Pod red. M. Ashimbaeva.- Almaty: IMEP, 2006-138
- 6 Avampostrasshireniasviazei s vnesnimmirom. Xinjiang Daxuechubanshe. 1992 nian 8 yue
- 7 Syroezhkin K.L. Kazakhstan – Kytai: otprigranichnoitorgovli k strategicheskompartnerstvu: monografiaKniga 2. V formatestrategicheskogopartnerstva.- Almaty, 2010-384
- 8 Syroezhkin K.L. Kazakhstan – Kytai: otprigranichnoitorgovli k strategicheskompartnerstvu: monografiaKniga 1. V nachaleputi- Almaty, 2010-336

ӘӨЖ 342 (520)

Ә.Ш. Идрисова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант, Қазақстан, Астана қ.
e-mail: aliya_shegen@mail.ru

Жапониядағы мемлекеттік қызметтің ерекшеліктері

Әлемде қалыптасқан мемлекеттік қызметті ұйымдастыру үлгілерінің ішінде Жапонияның мемлекеттік қызметінің рөлі ерекше. Сондықтан, мақалада Жапонияның мемлекеттік қызмет институтына, оның ерекшеліктеріне талдау жасалып, маңызды мәселелер көрсетілген.

Түйін сөздер: Мемлекеттік қызмет, Жапония, мемлекеттік қызметшілер, бюрократия.

А.Ш. Идрисова

Особенности государственной службы Японии

В статье рассматриваются особенности института государственной службы Японии.

Ключевые слова: Государственная служба, Япония, государственные служащие, бюрократия.

A.Sh. Idrisova

Features of Civil service in Japan

The article discusses the features of public service institution in Japan.

Key words: Civil service, Japan, civil servants, bureaucracy.

Мемлекеттік қызмет қоғамның маңызды әлеуметтік институты болып табылады. Мемлекеттік қызмет институтының ерекшеліктерін зерттеуде халықаралық тәжірибеге шолу жасау маңызды болып табылады. Мәселен, мемлекеттік қызметтің ұйымдастыру-құқықтық құрылымы мен әкімшілік-құқықтық регламентациясында келесі үлгілерді бөліп қарастыруға болады:

1. Роман-германдық үлгі (карьералық);
2. Англосаксондық үлгі;
3. Ислам мемлекеттеріндегі мемлекеттік қызмет үлгісі;
4. Еңбек үлгісі.

«Карьералық» үлгі Жапония, Франция және Германия мемлекеттерінде жүзеге асырылады. Осы үлгінің негізгі ерекшелігі карьераның «жабықтық» сипаты және мемлекеттік қызметтегі кепілдіктермен сипатталады.

Қазіргі заманғы Жапония германдық кайзерлік империяның авторитарлы үлгісіне бағытталған орталықтанған унитарлы мемлекет болып табылады. 1953 жылға дейін Жапония Батыспен

ешқандай қарым-қатынасы жоқ және әр түрлі дәуірлерде Қытайдың қалпына ұшырап отырған ел болатын. Алайда Жапониядағы дәстүрлі ойлау үлгісі қытайлық үлгіден айрықша және Рене Давид атап өткендей «жапондықтардың ұлттық мінезімен байланысты ерекшелікке ие. Оған жапон императорларының 1853 жылға дейін 250 жыл жүргізген изоляциялану саясаты өз әсерін тигізді» [1].

Жапония екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеңіске жеткен елдер одағының қатысуымен демократиялық үлгі бойынша құрылды, алайда басқару формасы бойынша империя болып қалып, абсолютті монархиядан парламентті монархияға ауысы. Мемлекеттік-аймақтық ұйымдастыруға келетін болсақ, орталық үкіметтің функциялары аймақтық бағдарламалармен шектетілді, аталған бағдарламаларға сәйкес мемлекеттік құрылымдар перефектураларға өкімдер беру құқығынан айрылды, ал мемлекет оларға кеңес немесе ақпарат беру құқығын алды. Азаматтарға перефектуралар әкімшіліктерінің жарлықтарын өзгерту мен күшін жоюға, облыстық билік

құрылымының басшысын лауазымынан алып тастауға, қаржылық құралдардың пайдалануын соттық тексеруді талап етуге құқығына сенім берілді. Жалпы А.И. Илышевтің жұмысында көрсетілгендей әкімшілік – мемлекеттік басқару үдерісі «мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арасындағы қарым-қатынастар балансының жаңа формаларын іздеуге бағытталған» [2].

Жапониядағы мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін қарастыруда Л.М. Гудошников, А.Н. Козырин, И.А. Латышев, В.Н. Еремин, А.А. Макаров және тағы басқа шығыстанушы ғалымдардың негізгі еңбектерін қарастыру маңызды.

Жапониядағы мемлекеттік қызмет монолитті емес болып табылады. Мемлекеттік қызметшілер санатына тек шенеуніктерді емес, сонымен қоса мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік оқу орындарында, мемлекеттік темір жол кәсіпорындарында істейтін жұмыскерлерді, әскери қызметкерлерді қосу қабылданған. «Ньюсуик» журналының мәліметтері бойынша 1990 жылы мемлекеттік қызметшілердің саны (4,6 млн. адам) мен жалпы жұмыс күші (62 млн. адам) қарым-қатынасы 1/13 болған, ал жоғарғы мемлекеттік қызметшілер саны 10 мың адамды құрады [3].

Шетелдік саясаттанушылардың пайымдауынша қазіргі заманғы жоғарғы жапондық бюрократияның қолында биліктің шоғырлануы Мэйдзи реставрациясына дейінгі болған бюрократиялық жүйе дәстүрімен байланысты [4]. Қазіргі заманғы бюрократия мен соғысқа дейінгі кезеңдегі Жапония бюрократиясы арасында көптеген байланыс бар: мемлекеттік қызметші карьерасының престижді болуы, кәсіби дайындау жүйесі, қатардағы және жоғарғы шенеуніктер арасындағы айтарлықтай айырмашылықтың болуы, жоғарғы шенеуніктердің отставкаға кеткеннен кейін саясатқа кетуі.

Мемлекеттік қызметке азаматтардың қолжетімдігі және барлық азаматтардың теңдігі Жапонияның Конституциясының 14 және 15 баптарымен анықталады, сонымен бірге 1947 жылғы Мемлекеттік қызмет туралы заңмен анықталады. [5]. Заңның 10 бабында мемлекеттік қызметке таңдау конкурстық емтихан нәтижелері бойынша анықталатын үміткерлердің жеке жетістіктеріне, оның кәсіби

дайындығына, кәсіби қабілетіне негізделу керек [6]. Емтихандарды өткізу персонал жөніндегі кеңеске тапсырылған, персоналды таңдау басқармасының құрамында арнайы емтихан бөлімі және 4 емтихан қабылдаушы болады [7]. Кеңестің мемлекеттік қызметке алғашқы рет түсушілерге қосымша талаптар қоюға, ал қызмет сатысы бойынша жоғарлауға үміткерлерге емтихандардың санын азайтуға (алдыңғы емтихан нәтижелерінің негізінде) құқығы бар.

Мемлекеттік қызметке алғашқы рет түсушілер үш әр түрлі топ бойынша емтихандар тапсырады: жоғарғы оқу орнын аяқтаушылар; жоғарғы оқу орнын аяқтамағандар үшін, орта оқу білімі бар үміткерлер үшін. А. Кубота атап өткендей, жапон бюрократиясының элитасын құраушылардың негізгісі Токио университетінің Заң факультетін аяқтаушылар [8].

XIX ғасырдың аяғында пайданылған ауызша және жазбаша емтихан қабылдау жүйесі қазірдің өзінде өзгеріссіз сақталған. Емтихан тапсыруға Жапон азаматтары ғана жіберіледі. Мемлекеттік қызметтің ерекше түрлеріне түсуге үміткерлер үшін белгілі бір шектеуші талаптар қарастырылуы мүмкін. Мысалы, Сыртқы істер министрлігіне мемлекеттік қызметке түсушілерге шетелдіктермен некеге тұру мүмкіндігі шектелген. Карьералық мемлекеттік қызметке үміткерлер (оған болашақ дипломаттар да кіреді) 28 жаста болуы қажет. Осындай карьералық мемлекеттік қызметшілердің саны 2005 жылы А. Илышаевтың мәліметінше 500 мың адамды құраған. Кадр жөніндегі агенттіктің ресми мәліметі бойынша осындай мемлекеттік қызметшілердің саны 840 мыңды құрайды, алайды олардың құрамына әкімшілік мемлекеттік қызметшілер санатына жатпайтын прокуратура, сот қызметкерлері және басқа да ведомствалардың қызметкерлері кірген [2].

Конкурстық емтихандар ашық сипатта өтеді, яғни өтетін орны, уақыты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Емтихан сұрақтарының мазмұны көпшілік мемлекеттік органдар үшін бірдей. Профессор А.Н. Козырин атап көрсеткен карьералық дипломаттар үшін өтетін емтихандар тізімі келесідей. Мәселен, маусым айында 3-4 күн талапкерлер келесі пәндер бойынша жазбаша емтихан тапсырады: Жапонияның Конституциясы, дипломатия тарихы, халықаралық құқық, шет тілі, экономикалық теория. Сонымен бірге, ізденуші өзінің таңдауы

бойынша әкімшілік немесе жеке құқық бойынша емтихан тапсырады, сонымен бірге, ақша-қаржылық қарым-қатынас теориясы мен практикасының бір бөлімінен таңдауы бойынша емтихан тапсырады.

Одан басқа топтық талдау түрінде пәндердің бірі бойынша жалпы емтихан өткізіледі, бұл емтиханның мақсаты мемлекеттік қызметке үміткердің өз ойын білдіре білу, әр түрлі көзқарастарды түсіне білу қабілеттерін анықтау [9]. Үміткердің жиналған баллдары емтихан парағында тіркеліп, бір жыл бойы жарамды болып есептеледі.

Қызметте өсуге үміткерлер де конкурстық емтихандар тапсырады. Мемлекеттік қызмет туралы заңның 37 бабына сәйкес әр мемлекеттік қызметші қызметте өсуге құқығы бар. Алайда Персонал жөніндегі кеңес үміткерлерге сәйкесінше лауазымға қосымша шектеуші талаптар қою немесе қызмет сатысы бойынша жоғарлауға үміткерлерге емтихандардың санын азайтуға (алдыңғы емтихан нәтижелерінің негізінде) құқыққа ие. Қызмет бойынша жоғарлауға арналған емтихандар жыл сайын өткізіледі және конкурста қатысушылар саны жыл сайын өсіп отырады. Мәселен, 1994 жылы карьералық мемлекеттік қызметке конкурста бір орынға 25-40 адамнан тұрған [6].

А.Н. Козырин атап өткендей, емтиханды жақсы тапсыру бірден мемлекеттік қызметке тағайындалуды білдірмейді. Сәйкесінше министрлік емтиханнан өткен үміткерлер арасынан лауазымға тағайынды. Сонымен бірге, алты айдан кем емес кезеңге мемлекеттік қызметке тағайындалушы үшін сынақ мерзімі қойылады. Осыдан кейін, сынақтың оң нәтижелерінің негізінде ресми тағайындау жүргізіледі [6].

Кадрлық құрылымдар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қасиеттерін зерттеп отыру, қызмет бойынша өсу үшін негіз болу үшін өндірістік өтілге есеп жүргізіп отырады.

А. Илышев атап өткендей, 1994 жылы Жапония мемлекеттік қызметшілердің жалақысы бойынша әлемде бірінші орында болған.

Әр жыл сайын Кадрлық агенттіктің зерттеу тобы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақы деңгейін сәйкесінше жеке сектордағы еңбекақы деңгейімен салыстырмалы түрде қарастырылып отыр. Жұмыстан шыққан мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл бөлінеді. Осының бәрі жапондық мемлекеттік қызметшілердің қоғамдағы ерекше жағдайына ықпал етеді [2].

Профессор Л.М. Гудошников жапондық мемлекеттік қызметшілер саяси қызметте шектеулі екендігін атап өттеді, мәселен олар саяси партиялардың құрамына кіруге болмайды [10]. Алайда А. Илышевтің еңбегінде көрсетілгендей, 1947 жылғы мемлекеттік қызмет туралы заңда мемлекеттік қызметшілердің міндетін орындаудағы жұмыстың мәні, формасы көрсетілмеген, сәйкесінше олар шектелмеген деп атап өтеді [2].

А. Н. Козырин мемлекеттік қызметшілердің арасында «ерекше қызмет» атқаратын санатқа жататын қызметкерлерге тоқталады. Аталған қызметкерлер лауазымға емтихан нәтижелеріненсіз тағайындалады және олардың еңбекақысы басқа мемлекеттік қызметшілердің стандартты шкаласына байланысты емес болып табылады. «Ерекше қызмет» санатына премьер-министр, министрлер, персонал бойынша кеңестердің кеңесшілері және парламент сайлайтын мемлекеттік лауазымды тұлғалар және т.б. жатады.

Қорытандылай келгенде, Жапонияның мемлекеттік қызмет институты мемлекеттік қызметші карьерасының престижді болуымен, қалыптасқан кәсіби дайындау жүйесімен, қатардағы және жоғарғы шенеуніктер арасындағы айтарлықтай айырмашылықтың болуымен, мемлекеттік қызметке түсушілерге қойылатын қатаң талаптар мен болашақ қызметшілердің кәсіби дайындығын бағалау үшін қалыптасқан емтихан жүйелерімен ерекшеленеді.

Жоғарыда көрсетілген жапондық тәжірибені қазақстандық мемлекеттік қызметті жетілдіруде қолдануға болады деп есептейміз.

Әдебиеттер

- 1 Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. с фр. М.: Международные отношения, 1997. С. 366.
- 2 Илышев А. Япония: административная реформа и государственный аппарат // Проблемы теории и практики управления. 1995. № 5. С. 4.

- 3 Statistical Handbook of Japan. Tokyo. P. 145—146.
- 4 Johnson Ch. Japan: Who governs? An essay on official bureaucracy// Journ. of Jap. studies. 1975. Vol. 2. № 1. P. 24.
- 5 Жапония Конституциясы 1947/Конституции зарубежных государств. М.: БЕК.
- 6 Козырин А.Н. Административное право Японии// Административное право зарубежных стран: Учебное пособие. М.: СПАРК, 1996
- 7 The Japanese Legal System. Ed Tanaka Hideo. Tokyo: University of Tokyo Press., 1976. P. 91.
- 8 Kubota A. Op. cit. P. 6, 47
- 9 Панов А.Н. Японская дипломатическая служба. М., 1988. С. 135—136.
- 10 Гудосников Л.М. Система государственной службы // Советское государство и право. 1971. № 2. С. 136.

References

- 1 David R., Joffre-Spinosi K. Principal legal systems of modernity: Moscow: International Relations, 1997. Pp. 366.
- 2 Ilyshev A. Japan: Administrative reform and the state apparatus// Problems of the theory and practice of management. 1995. Number 5. С. 4.
- 3 Statistical Handbook of Japan. Tokyo. P. 145—146.
- 4 Johnson Ch. Japan: Who governs? An essay on official bureaucracy// Journ. of Jap. studies. 1975. Vol. 2. № 1. P. 24.
- 5 The Constitution of Japan 1947 / constitutions of the states. M. Beck.
- 6 Kozyrin A.N. Administrative Law of Japan // Administrative law of foreign countries: Textbook. М.: SPARK, 1996
- 7 The Japanese Legal System. Ed Tanaka Hideo. Tokyo: University of Tokyo Press., 1976. P. 91.
- 8 Kubota A. Op. cit. P. 6, 47.
- 9 Panov A.N. Japanese diplomatic service. М., 1988. Pp. 135-136.
- 10 Gudoshnikov L.M. Civil service system // Soviet State and Law. 1971. Number 2. S. 136.

УДК 7.03"312"; 7(1-6)

А.Ә. Кенжебаева*, Л.Ә. Кенжебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: china.aida@mail.ru

Қазақ және қытай қолданбалы сәндік өнеріндегі негізгі айшықтар

Берілген мақалада қазақ және қытай мәдениеттерінде қолданбалы сәндік өнердің тарихы салыстырыла отырып қарастырылған, қазақ және қытай мәдениетінде атлған саланың орны, зергерлік бұйымдардың шығыс мәдениетіндегі, тұрмыс-тіршілігіндегі қызметі екі халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімдерімен сабақтастырыла қарастырылған, бұл салада үздіксіз зерттеу жүргізген қытай және қазақ ғалымдарының ұлттық мәдениет ерекшеліктерінің мәдениет сахнасындағы келбеті жөніндегі пайымдаулары жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: қолданбалы өнер, нефрит, ұлттық сипат, әшекей бұйымдар, ұлттық психологиялық келбет.

А.А. Кенжебаева, Л.А. Кенжебаева

Особенности казахского и китайского декоративно-прикладного искусства

В данной статье проанализированы развивающие функции декоративно-прикладного искусства казахского и китайского народов как целостного эстетического, культурно-исторического и социально-педагогического феномена в аспекте педагогического применения. Раскрывается проблема национальной формы, художественно-изобразительных средств, культурно-исторических традиций, реалий, нравов, обычаев и т.д.

Ключевые слова: прикладное искусство, нефрит, национальная окраска, ювелирные изделия, психологический облик, обычаи и нравы.

A.A. Kenzhebaeva, L.A. Kenzhebaeva

Features of the Kazakh and Chinese arts and crafts

This article analyzes the developmental functions of arts and crafts of the Kazakh and Chinese peoples as an integral aesthetic, cultural, historical and socio-pedagogical phenomenon in terms of pedagogical practice. National forms, artistic methods, cultural and historical traditions, realities, customs of two nations are reviewed.

Key words: arts and crafts, jade, national painting, jewelry, psychological aspect, customs and traditions.

Белді зерттеуші В.Н.Топоров сөзімен айтсақ: «Әр мәдениет – салыстырудың материалы, әрбір салыстыру нәтижесінде мәдениет ақиқаты туындайды». Салыстырмалы мәдениеттанудың ең басты мақсаты- белгілі бір мәдениетті басқа бір мәдениетпен салыстыра зерттеу арқылы олардың әрқайсысына тән өзгешелігін танумен анықталады. Шығыстың екі түрлі халқы – қазақ және қытай мәдениеттері арасындағы байланыс, өзара ықпал әркез болған, бұл болашақ зерттеуші буын үшін екі халықтың мәдениетін салыстыра отырып зерттеу мүмкіндігін туындатып отыр. Сонымен қатар екі халықтың да XX басындағы, орта шеніндегі бастан кешкен тарихи жағдайлары да ұқсас. Шығыстың қос халқы үшін

де бұл кезең – үміт кезеңі, кейінірек түпкілікті өзгерістер кезеңі, тарихи катаклизмдарға толы дәуір болды. Осы жайттардың барлығы дерлік қазақ және қытай халықтарының мәдени мұраларын салыстыра отырып зерттеуге толық негіз бола алады. Зерттеу нысаны ретінде – қытай-қазақ қолданбалы сәндік өнерінің тарихы салыстыра отырып ұлттық айшықтарды басып көрсету боп табылады.

Жалпы әлемде сәндік-қолданбалы өнер ертеде үй ішілік қолөнердің дамуымен қатар пайда болған. Алдымен халықтың тұрмысқа, тіршілік етуіне қажетті заттарды қолдан жасауына байланысты қолданбалы өнердің, соңынан олардың эстетикалық талап-сұраныстарының өсуіне орай

пайда болған сәндік өнердің бірлесуінде сәндік-қолданбалы өнер туындаған.

Қытайдың қолданбалы сәндік өнерінде нефрит тасының (юй) алатын орны ерекше, қытайлықтар оны өздерінің «ұлттық тасы» ретінде қастерлейді, бұл тас туралы тіптен мынадай қанатты сөз бар: «Алтынның өз құны бар, ал нефриттің әлемде теңдесі жоқ» деп есептелінеген. Көптеген халықтарда бағалы тастар туралы сөз болғанда ойға оралатын ең алғашқысы – гауһар тас, ол «тастардың патшасы» саналады, патшаның тәжі, бекзадалар мен ханшайымдардың зергерлік бұйымдарының басым көпшілігі күмістен жасалады. Нефриттің осыншалық құнды болуының басты себебі оның ерекше қасиет пен символикалық мағына-мәнге ие болуында жатыр. Ең алдымен нефрит пен жоғарғы билеуші күштер арасындағы тікелей байланыс туралы айтып өткен жөн: аталған тастан (алтын емес) патшалардың регалийлері жасалған. Егер де біз нефрит иероглифінің құрылымына көз жүгіртетін болсақ: 玉 онда мұндағы патша 王 иероглифінің кеуде жағындағы болмашы нуктенің жалғанғанын байқауға болады, яғни бұл асыл тас тек патша әулетінің иелелрі ғана пайдалана алатын бағалы тас деген ұғымды білдіреді. Екіншіден, бұл тас мәңгілік өмірді сиялай алатын құдіретті тас терінде саналған. Мұндай көріністер әсіресе қытайдың көркем шығармаларында кеңінен етек алады, мәселен, қытай аруларының әсем келбетін суреттегенде дәстүрлі теңеулер құрамында «нефрит сипатты мүсін», «нефрит келбетті сұлу», «нефрит жанарлы өткір» деп суреттеу мәнерінен тануға болады. Сол секілді Юй_нью (нефрит бойжеткен),

Юй_хуаң (Нефрит император; немесе Юй_ди) атаулары арқылы да нефриттің қытай мәдениеті тарихындағы сүбелі орын алатындығына тағы да көз жеткізуге болады.

Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері де ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алады. Өнердің бұл түрінің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Төл мәдениетімізде көркем бұйымдар көбіне металдан, күміс пен мыс, темірден жасады. Бұл өнердің техникалық және сәндік бұйымдар жасау түрінің басы қола дәуірінде, б.з.д. II ғасырда, өмір сүрген сақ-сарматтардың дәстүрінен және үйсін, кангуй, ғұн өнерінен басталады. Сәндік бұйымдар бастапқыда киелі саналған. Олар «пәле-

жаладан сақтайды, ауруды жазады, өнімді көбейтеді» деп есептелді. Қазақ зергерлері негізінен әйелдердің сәндік әшекей заттарын күмістен соғып отырған (сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, алқа, қапсырма, шашбау т.б.), ұсталар батырлардың қару-жарақтарын (айбалта, көксүңгі, алдаспан, дулыға, кісе, қорамсақ, садақ, шоқпар), шеберлер үй-іші мүліктерін, аңшылық жабдықтар (томаға, тұғыр, оқшантай), музыка аспаптарын әсемдеп жасай білді.

Әр халықтың эстетикалық танымына орай күміс пен нефриттің орны қазақ және қытай қолданбалы сәндік өнері үшін ерекше. Мәселен нефриттің өзін қытайлықтар «бес түрлі түске» ажыратып қарайды: 白玉 (бай юй) ақ түсті нефрит, 黄玉 (хуаң юй) — сары түсті нефрит, 红玉 (хун юй) — «әтештің айдарындай» қызыл нефрит, 黑玉 (хэй юй) — қара нефрит және 青玉 (чин юй) жасыл нефрит. Нефрит түстері белгілі бір мезгілді білдіретін космологиялық түстер символикасына сәйкес келетін патшалардың қолданатын бұйымдарының мәнін айқындау үшін қажет болатын. Мәселен: ежелгі рәсімдерге сай билеуші патша көктем айында жасыл түсті нефриттен жасалынған бұйымдар тағуға тиіс болған, жаз айында қызыл түсті нефриттен жасалған әшекей тағынған және т.с.с.

Қытайдың зергерлік мәдениетінде ақ, ашық жасыл және бозғылт жасыл түсті нефрит аса маңызды орын алған. Ең қызығы соңғы нұсқасы европалықтардың танымы бойынша (цинхуй юй) тұрпай мәнге ие, яғни оның бейнелі түрдегі мағынасы — «түкірік түстес» нефрит.

Қытай мәдениетінде нефритті қолдану – неолит кезеңімен тұспа-тұс келеді. Шамамен біздің заманымызға дейінгі VI–III мыңжылдықтарда Қытай территориясында нефритті жерлеу салтанаты кезінде жан-жақты қолданып отырған бірнеше мәдени қоғамдардың өмір сүргені анықталып отыр. Осы орайда «нефритті аймақтың» тарихта болғандығы жайында ілім қалыптасты, бұл теорияны негізге алсақ, мұнда қазіргі заманғы Ляонин и Хэбэй провинциялары, сонымен қатар Шандүн, Цзянсу, Чжэцзян, Хубэй, Хунан провинциялары енеді.

Қазақтың әшекей бұйымдары – халықтық қолданбалы өнеріміздің ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер көбіне бағалы металдардың ішіндегі ең қолайлысы – күмісті пайдаланды. Қазақ

зергерлері күмістің жалтыраған түсін, әр түрлі пішіндер жасауға қолайлығын шебер пайдалана біліп, оған әртүрлі техникалық тәсілдерді пайдалана отырып, нақыштау, сіркелеу, ойып күмістеу сияқты шеберліктерді меңгерді.

XIX ғасырдағы орыс әдебиетшісі А.Евреиновтың жазба еңбектеріне сүйінсек, тувалықтар мен қырғыздар да зергерлік бұйымдарына күмісті пайдаланып, асыл таспен әрлеп безендіргенін жазады.

Халқымыздың қанына сіңген рухани кәсібі – күні бүгінге дейін көрген адамды бірден өзіне баурап алар хас шебердің қолынан шыққан – әшекейлер. Алтын мен күмісті, асыл тастар мен сүйекті сән-салтанат үшін пайдаланған ата-бабаларымыздың осы бір нәзік те күрделі өнері ғасырлар құрдымында кетпей, кейінгі ұрпақтарына жетіп отыр. Бұл өнер қазақ жерінде тым ерте дамып, ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мирас ретінде жалғасын тауып келе жатыр. Өлкемізде жасау тәсілі, өрнектелуі және пішіні жағынан өзіндік кәсіптік мінездемесі, стильдік жүйесімен дараланған шеберлік дәстүр қалыптасқан. Асқан танымал шебер-зергерлердің күмістен соғып, әр түрлі формадағы ұлттық нақышқа келтіріп жасаған күміс әшекей бұйымдары көненің көзіндей сақталған. Алуан формадағы күмістің қорытылған түрлері қазақ халқының өмір сүру салтының құрамдас бөлігі ұлан-асыр той, үлкен астарда өткізілетін түрлі бәйгелердің жеңімпаздарына, ерлік көрсеткен батырға, құлақ құрышын қандырған әнші мен сөздің майын тамызған ақын-жыршыға сый есебінде берілген. Қазіргі кезде аламан бәйгеден озып келген адамға тігілетін сыйлықтың басы отандық немесе шетелдік автокөлік болса, ол замандарда алтын-күмістің қомақты кесегі қатты бағаланған. Халқымызда қалыптасқан сенім бойынша, әсіресе күмістен жасалған сылдырмақ, салпыншақтан тұратын шолпының әсерінен шаш ұзын болып өседі. Сондай-ақ күміс шолпы таққан адамның басы ауырмайды деп есептелген. Халық ұғымында «адам жанының бір ұшы шашында» деген де түсінік бар. Соған байланысты «тарағанда түсетін шашты кез-келген жерге

тастауға болмайды, оны адам баспайтын жерге көміп тастау керек» деген ырым-тыйымның бар екені белгілі. Күмістің төл мәдениетіміздегі орны ерекше болған, тіптен қазақ тіліндегі «күміс көмей әнші» деген тіркес арқылы әшінің ішіндегі ең бетке ұстар дүлділін атаған кезде қолданылғаныны көрініп тұр.

Қазақ немесе қытай зергерлері болсын әрбір тастың өзіне тән қасиеті, ерекшелігі, кереметі бар екенін білген. Олардың біреуі адамға құт әкелсе, ендібірі тіл-көзден сақтайды, ал кейбірінің тіпті құрғақшылықта жаңбыр шақыратын, т.б. қасиеттері бар екеніне сенген. Мысалы, қытайлықтар нефрит тастарын жұту өмірге қауіп төндірмейді, қайта оны ұзартуға септігін тигізеді деп есептеген. Сонымен бірге әлгі тастарды жұтқан адамның өлгеннен кейін денесі іріп-шірімейді деген сенім болған. Ал қазақ ұғымында күмістің денсаулыққа пайдасы өте зор болған, мәселен қан қысымын реттеу үшін әйелдер күміс білезік, сақиналар тағып жүрген, жаз кезінде сүт ашып кетпес үшін күмістен жасалған бұйымды сүтке салып қойған, немесе асты тек күміс ыдысқа құйып сақтаған, яғни күміс бір кездері аптап ыстықта қазіргі заманғы тоңазытқыш қызметін шебер атқарған.

Көркемдік жағынан алып қарайтын болсақ, қытай әйелдерінің әшекей бұйымдары нефриттен жасалса, қазақ әйелдері күмістен жасалған әшекей таққан, пішіні жағына келер болсақ, қытайлықтар «бұлт пішінді», немесе «оралып жатқан айдаһар» пішінді әшекейлер көптеп кездеседі, «бұлт пішінді салпыншақтар» (юнь пэй) көбінесе бұлт пішінді немесе фантастикалық жануар кейпіндегі әшекей болған, қазақ әйелдерінің әшекей бұйымдары көбінесе ай пішіндес немесе қошқар мүйіз формасында кездеседі.

Халықтық сипаты анық, ұлттық бояуы қанық қолданбалы сәндік өнерінің зерттелуге тиісті құпиялары әлі де болса тереңде жатыр. Біз тек оның бір қырын ашу арқылы шығыс мәдениеті, соның ішінде іргелес жатқан қытай-және қазақ мәдениеттерінің өзіндік айшықтарын тек бір қырынан алып көрсетуге тырыстық.

Әдебиеттер

- 1 Кравцова М.Е. История искусства Китая. СПб., 2004;
- 2 Моран А. де. История декоративно_прикладного искусства. М., 1982;
- 3 Сокровища Шанхайского музея. Каталог выставки. Шанхай, 2007;

- 4 Дун Я юй ци (Нефритовые изделия Восточной Азии) / Под ред. Вэн Цуна. Гонконг, 1998;
- 5 Инь Чжицян. Чжунго гудай юй_ци (Древние нефритовые изделия Китая). Шанхай, 2000.
- 6 Чжунго гунъи мэйшу цыдянь (Словарь китайского декоративно_прикладного искусства) / Под ред. У Шаня. Тайбэй, 1991.
- 7 Agers J., Rawson J. Chinese Jade Through the Ages. Catalogue of a Loan Exhibition Held at Victoria and Albert Museum. L., 1975.
- 8 China. New Discoveries from the Early Dynasties / Ed. by J. Rawson. L., 1996; Possessing the Past. Treasures from the National Palace Museum, Taipei. Taipei, 1996.
- 9 Rawson J. Chinese Jade: From Neolithic to the Qing. L., 1995.
- 10 Некрасова. М.А Традиции и проблемы индивидуального в народном искусстве. Декоративное искусство СССР. 1974, №5, – с. 15-161.
- 11 Н.Назарбаев. "Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы". Алматы. 2001.
- 12 С.Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. "Қазақстан", 1995.

References

- 1 Kravcova M.E. Istoriya iskusstva Kitaya. SPb., 2004;
- 2 Moran A. де. Istoriya dekorativno prikladnogo iskusstva M., 1982;
- 3 Sokrovisha Shanhaiskogo muzeya. Catalog Vystavki. Shanghai, 2007;
- 4.Dun ya yu qi (Nefritovye izdeliya Vostochnoi Azii) Hong Kong, 1998;
- 5Yin Zhi qian.Zhongguo gudai yu qi.Shanghai, 2000;
- 6Zhongguo gongyi meishu .Wu shan. Taipei, 1991;
- 7Agers J., Rawson J. Chinese Jade Through the Ages. Catalogue of a Loan Exhibition Held at Victoria and Albert Museum. L., 1975;
- 8 China. New Discoveries from the Early Dynasties / Ed. by J. Rawson. L., 1996; Possessing the Past. Treasures from the National Palace Museum, Taipei. Taipei, 1996;
- 9 Rawson J. Chinese Jade: From Neolithic to the Qing. L., 1995; Treasures from the Working of Nature. Eight
- 10 Nekrasova M.A Traditsii i problem individualnogo v narodnom iskusstve. Dekorativnoe iskusstvo SSSR. 1974, №5, – с. 15-161.
- 11 N.Nazarbaev. "Kazakhstan – 2030: barlek kazakstandektarden osip orkendeui. Kauipsizdigi zhane al-aukatenen artue". Almaty. 2001.
- 12 S.Kasymanov. Kazak halkenen koloneri. Almaty. "Kazakstan", 1995

УДК81-114.2

Қ.С. Қалыбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы МжPhD институтының профессоры, ф.ғ.д., Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Kalamkas1965@mail.ru

Көне түркі мемлекеттілігінің дербес ел болу философиясының тәуелсіз Қазақстан саясатындағы көрінісі

Мақалада көне түркілік ру-тайпалардың өмір-салты мен әдет-ғұрпы, елдігі мен мемлекеттігінің қалыптасуы, олардың өзара қарым-қатынасының ерекшелігі жайындағы деректердің бүгінгі елдігімізге дейін дәстүр жалғастығы мен сабақтастығын сақтап келе жатқандығы сөз болады.

Ұзақ уақыт бойы тарихи-саяси жағдайдың сан алуан себеп-салдарынан қазіргі Қазақстан территориясында небір мемлекеттер құрылып, кейбіреулері блгілі бір уақыт өлшемі тұрғысынан алғанда ұзақ өмір сүрген болса, енді біреулері бірнеше ондаған жылдар ғана тайпалық одақ немесе мемлекеттік бірлестік ретінде көрініп, тарих сахнасынан кетіп отырғандығы белгілі. Мақалада тарих бойындағы осы тайпалық одақтар мен мемлекеттік бірлестіктердің бүгінгі Қазақстан тәуелсіз ел болу саясатындағы алар орны бағамдалады.

Түйін сөздер: Ғұн мемлекеттік бірлестігі, Түрік қағанаты, Қыпшақ бірлестігі, түркі әлемі, тәуелсіздік, мемлекет, түркітану, ұлттық дәстүр, ұрпақтар жалғастығы.

К.С. Калыбаева

Роль философии становления древнетюркской государственности в политике Казахстана как независимого суверенного государства

В статье рассматриваются актуальные проблемы исследования становления древнетюркской государственности и анализируются его роль в становлении Казахской независимой государственности.

Ключевые слова: Гунское государство, Тюркский каганат, Кыпчакское общество, тюркский мир, независимость, государство, тюркология, национальная традиция

K.S. Kalybayeva

The role of philosophy in the formation of the ancient Turkic state policy of Kazakhstan as an independent sovereign state

This article discusses current research problems and the formation of the ancient Turkic statehood analyzing its role in the formation of the Kazakh independent statehood.

Key words: Gunsky state, Turkic khaganate, Kypchaksky society, Turkic world, independence, gosudarstvo, tyurkologiya, national tradition

Қазіргі таңда бүкіл түркі әлеміне қатысты ортақ мұраларды ой елегінен өткізіп, зерделесек, кезінде еуразиялық кеңістіктегі сайын далада көшіп-қонған түркілік ру-тайпалардың өмір-салты мен әдет-ғұрпы, елдігі мен мемлекеттігінің қалыптасуы, олардың өзара қарым-қатынасының ерекшелігі жайында түрлі деректерді табамыз. Таба отырып, бүгінгі елдігімізге дейін дәстүр жалғастығы мен сабақтастығының үнемі үзілмей келе жатқанына тәнтті боламыз.

Ұзақ уақыт бойы тарихи-саяси жағдайдың сан алуан себеп-салдарынан қазіргі Қазақстан

территориясында небір мемлекеттер құрылып, кейбіреулері блгілі бір уақыт өлшемі тұрғысынан алғанда ұзақ өмір сүрген болса, енді біреулері бірнеше ондаған жылдар ғана тайпалық одақ немесе мемлекеттік бірлестік ретінде көрініп, тарих сахнасынан кетіп отырғанына көз жеткіземіз. Түркі әлемі мен қазақ тарихын зерттеушілердің еңбектеріне жүгінсек, бір кезеңдерде пайда болып, қайтадан ыдырап кеткендерін есепке алмағанда, ұлы дала аумағында скиф, сақ, ғұн мемлекеттік бірлестігінен кейін Ұлы Түрік қағанаты, Батыс

және Шығыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Ұйғыр қағанаты, Қарлұқ мемлекеті, Қараханит, Қимақ, Қыпшақ бірлестігі, Жошы ұлысы, Алтын Орда хандығы, Өзбек ұлысы, Қазақ хандығы деген ірі мемлекеттер мен мемлекеттік бірлестіктер болған екен [1].

Бұлардың ішінде Ұлы Түрік (Батыс және Шығыс Түрік) қағанатының алар орны ерекше. Себебі, бұл мемлекеттік бірлестік өзінің дәуірлеген тұсында түркі тектес ру-тайпалардың басым көпшілігінің басын біріктіріп, ұлы держава деңгейіне дейін көтерілген еді. Тарихшылардың айтуынша, Түрік қағанаты (681-744 жж.) шығыста Маньчжурдан батыстағы Азов теңізіне дейінгі кең аумаққа үстемдік еткен алып мемлекет болған [2,87].

Содан бері қаншама ұлы оқиғалар, тарихи кезеңдер, қилы замандар өтті. Түрік қағанаты билік құрған ұлы дала аумағында қаншама мемлекет құрылып, қайтадан ыдырап кетіп жатты. Солай бола тұрса да, олардың құрамында болған негізгі ру-тайпалар түркілер еді. Олар 3000 жылдай уақыт ішінде бірталай өзгерістерге ұшырады. Бірікті, жеке мемлекет те болды, түрлі мемлекеттердің құрамына да енді. Түркі әлемі 40-қа жуық этностарға бөлінді. Олардың тарихи дамуы мен болмысы да, тағдыры да әр қилы болды. Олар кейіннен шартты түрде оғыз, қыпшақ, қарлұқ, қырғыз тілдес түркі тайпалары деген тармақтарға бөлінсе де, бәріне ортақ өркениеті, мәдениеті бар, бір-бірілеріне көп жағдайда әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өмір сүру салты ұқсас келетін, түп тамыры, ділі, діні бір ұлттық мемлекеттерге айналды.

Ірілі-уақты сол мемлекеттердің елдігі, мемлекеттігі түркі тектес ру-тайпалардың сан мың жылдық өркениеті мен мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне негізделген болатын. Сол мемлекеттердің барлығын санама-лап, барлығына тоқталып жатпасaq та, қазіргі Қазақстан территориясында Түркі қағанатынан кейін Алтын Орда хандығы, Өзбек ұлысы, Қазақ хандығы, Кеңестер Одағы құрамында Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы құрылып, өмір сүрді. Енді міне, ел тәуелсіздігінің арқасында Қазақстан Республикасы тарих сахнасына шықты. Демек, қазіргі тәуелсіз егемен еліміздің тамыры тереңде. Ол – кезіндегі Түрік қағанатының тарихи мұрагері, заңды жалғасы болып табылады.

Кеңес Одағы құрамында болған кезімізде «түркілік тек», «түркілік рух», «түркілік өркениет пен мәдениет», «түркілік ортақ мұра», «ұлттық идея», «ұлттық мүдде», «ұлттық дәстүр» туралы сөз қозғау мүмкін емес еді. Оларды сөз ету «пантүркизм» немесе кеңес мемлекетінің интернационалистік идеясына қарсы шыққандық деп есептелетін.

Қазір Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік саясаты, саяси ұстанымы өзгеше. Бүгінде түркілік рух, ата-баба дәстүрі, ұлт, ұлттық, ұлтжандылық мәселесі адамзат болмысына тумысынан біткен ең нәзік сезім ретінде мойындалып, жақсы мағынада отаншылдық, елжандылық деген сияқты елдік санаға ұласып отыр. Енді ұлттық ой-сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары қандай деген мәселер алға шықты.

Тамырын сан ғасырлық тарихтан алатын түркілік өркениеттің сабақтастығын, дәстүр жалғастығын анықтауға негіз болатын және сонымен қатар жалпы түркі өркениеті мен түркілік бірегейліктің жаңарып, жаңғырып бүгінгі күнге дейін жеткенін дәлелдейтін, соларды өзектендіруге септігін тигізетін әдеби-мәдени, рухани-тарихи атрибуттар мен материалдық құндылықтар қазіргі мемлекеттік құрылымымызда шектеусіз мол. Бұл орайда, ең әуелі, Тәуелсіз Қазақстан Республикасы орналасқан шекаралық аймақтың Түркі қағанаты кезіндегі алып кеңістіктің бірталай жерін қамтып жатқанын және көне түркі ру-тайпаларының баршасына атамекен болған «қара шаңырақтың» қазақтарға мұра болып қалғанын еске алған жөн.

Еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болуының арқасында өз тарихымыздың тереңіне үңіліп, өзімізді-өзіміз танып-білуге қол жеткіздік. Бұрын батыс, араб, орыс ғалымдарының еңбектері шешуші құжат, айқын дәйек ретінде қабылданып келсе, ендігі уақытта түркілік рухани-тарихи дәстүрлер мен мұраларды қазіргі саяси-қоғамдық жағдай мен бүгінгі түркілік ғылыми таным-түсінік тұрғысынан да пайымдауға мүмкіндік туды. Елбасының сөзімен айтсақ: «... мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады. ... Олай болатыны, тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың жүздеген жылдармен өлшенетін арман-аңсарының жүзеге асқан ақиқаты» [3].

Осы мүмкіндіктің арқасында әлемдегі түрлі елдермен сан алуан сала бойынша байланыс орнығып, қазақ халқының тәуелсіздігі мойындалып, еліміздің ұстанған бағыт-бағдарлары айқындалды. Туысқан түркі халықтардың жақындасуына қолайлы жағдай қалыптасып, оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік ұлғайды. Түркі тілдес халықтардың бір-бірімен байланысы – достық пен ынтымақтастық қарым-қатынастардың орнығуына және ғылым-танымдық байланысына барынша ықпал ете түсті. Ілгері замандардағы түрлі тарихи оқиғалармен аласапыран уақыт үстемдігі түбі бір, әдеп-ғұрыпы, салт-дәстрі тамырлас түркі халықтарын бір-бірінен алыстатып, өмірлеріне «өзіндік» өзгерістер жасағаны баршаға аян. Алайда, олардың этностық қалыптасуы бір екендігін айғақтайтын басты екі ерекшелік бар екені сол дәуірде де анық аңғарылатын. Оның біріншісі, ең басты көрсеткіші олардың тілінде екені ғылымда нақтыланып, түркі тілдес халықтар тілдерінің классификациясы лингвистер тарапынан түсіндірілді, екіншісі, түркі халықтарының этникалық негізін бұлтартпай дәлелдейтін деректік мағлұматтар фольклорлық мұраларда жатқаны баршаға айқын бола бастады. Алайда Кеңес үкіметі бұл мәселеге аса сақтықпен қарап, түркі әлеміне ортақ заңдылықтарды түбегейлі тексеруге кедергілер келтіріп келген еді. Түркілік рухани мұраны зерттеудің негізі ерте қаланса да, туысқан халықтардың бір-бірімен жақындығы, рухани құндылықтарының ортақтығы сөз арасында айтылатыны болмаса, рухани эстетикалық құндылықтарды зерттеп-зерделеу кең көлемде жүзеге асырылмай келген еді. Соған қарамастан, туысқан халықтар бірі шалғай, енді бірі жақын орналасып, тұтастай бір белгілі аймақты жайлап тұрып жатпаса да, олардың тілімен қатар, рухани-мәдени қазыналарының ұқсас, сарындас келуі олардың түп тамырларының бір екенін үнемі аңғартып тұратын еді. Сондықтан да кешегі ғылыми тар шеңберден шығып, неғұрлым кең ауқымда зерттеулер жүргізуге бүгінгі жағдай зор мүмкіндік тудырып отыр.

Осындай мүмкіндікке орай, қазіргі кезде посткеңестік мемлекеттер аумағындағы түркітану, оның ішінде Қазақстандағы түркітану өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі рухани-тарихи мәдениет көзі болып табылатын түркілік жаз-

ба ескерткіштерді тереңірек зерттеуге кең жол ашып отыр.

Жасырып-жабары жоқ, біздің ұлттық сана-сезіміміз еліміз тәуелсіздік алып, егемен мемлекет болған жылдардан бастап ерекше мән-мазмұнға, сыр-сипатқа ие бола бастады. Экономикалық жақтан ғана емес, рухани да тәуелсіз ел болуға ұмтылыс сол жылдардан бастап кең өріс тапқан еді. Себебі, XX ғасырдың сексенінші жылдарының аяғына қарай ғасыр басында еліміздің еркіндігі мен елдігін, тәуелсіздігі мен бостандығын көксеген, сол мақсат-мүдде жолында саналы ғұмырын тұтастай арнаған, сол үшін тоталитарлық заманның саяси қуғын-сүргінін көріп, репрессияға ұшыраған Алаш арыстары ақталып, олардың ұлт мүддесі үшін еткен еңбектерімен қалың жұрты қайта қауышқан еді.

Ал бұл болса, қазақ қоғамын кеңестік жүйе саясатының улы ұйқысынан оятып, сана-сезімдерінің жоғары деңгейге көтерілуіне айтарлықтай деңгейде өз ықпал-әсерін тигізген болатын. Сөйтіп, осы тұста ұлттық сана-сезім белсенді күйге келіп, «түркілік ата тек», «түркі әлемі», «түркілік өркениет», «түркілік ортақ мұра», «қазақ ұлты», «туған жер», «ата-мекен», «отан», «ұлттық тіл», «ұлттық діл», «ұлттық құндылық», «ұлттық ой-сана», «ұлттық салт-дәстүр», «ұлттық әдет-ғұрып», «ұлттық мәдениет», «ұлттық әдебиет», «ұлттық өнер» сияқты т.б. көптеген ұғымдар алдыңғы қатарға шықты.

Әрбір адамның белгілі бір ел-жұртқа, ұлтқа, ұлысқа жататыны және соны терең сезінуі сол кезде ерекше сыр-сипат алған еді. Жоғары деңгейдегі осындай психологиялық көңіл-күй мен асқақ рух және бірнеше жүздеген жыл бойы азаттықты көксеген қайсар мінез бен сана-сезім қазақ жастарын 1986 жылы кеңестік режимге қарсы көтеріліске әкелді.

Тәуелсіздігіміз, дербес егемен мемлекет болып қалыптасуымыз оңайлықпен болмағаны барша жұртқа аян. Қазір тәуелсіздіктің арқасында бүгінгі күнге дейін қол жеткізген табыстарымызды әлем біледі. Түрік қағанаты кезіндегі ауқымды территорияға барабар жерге иелік етуімізбен қатар 1989 жылы көне түркілік барлық құндылықты бойына жинақтаған әрі ата-бабамыз сан мың жылдар бойы сөйлеп келген ұлтық тілімізді жаңғырған тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болуына қол жеткіздік.

Содан бері қазақ тілі Қазақстан Республикасының «Атазаңына», «Тіл туралы заңына» және «Тілдерді қолдану мен дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес еліміздің бүкіл аймағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданыста болып келеді. Ол – егемен еліміздің мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін, ісқағаздарын жүргізу т.б. тіліне айналды. Әлбетте, бұл да көне түркілік өркениеттің үзілмеген жалғасы екені даусыз. Осы секілді көне заманнан бері үзілмей келе жатқан игі дәстүрлерге ерекше мән беру қажеттігінен болар, тәуелсіз еліміз ұлтымыздың жаңа дәуірде де «Темірқазық» жұлдызындай бағыт-бағдары болуға тиісті ұлттық салт-дәстүр мен таным-түсінік жүйесінің, ұлттық ой-сана әлеуетінің сақталып қалуына, ұлттық дәстүр жалғастығы мен ұрпақтар сабақтастығына көп мән берді.

Еліміз үшінші мың жылдық қарсаңында түркі әлемінде тарихи-жадылық ерекше рөл атқарған, Ұлы Жібек жолы бойындағы ежелгі Түркістан қаласының 1500 жылдығы, Тараз қаласының 2000 жылдығын тойлады. Қорқыт Ата, Әл-Фараби, Бейбарыс сұлтан, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты т.б. тарихи тұлғалардың, сондай-ақ кейінгі дәуірлерде қазақ ұлтты үшін ерен еңбек етіп, сондарына аса мол әдеби-мәдени, тарихи-ғылыми құнды мұралар қалдырған Шоқан, Абай, Шәкәрім, Мағжан, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Сәтпаев сияқты тағы басқа да ғұламалардың, білім, ғылым, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің атаулы мерейтойларын республика көлемінде және ЮНЕСКО-ның қолдауымен халықаралық деңгейде атап өтіп, бүкіл еліміз бойынша ұлықтадық.

Бүгінде ұлтымыздың дүниетанымдық негіздері жүйеленіп, айқындала бастады. Қазақ қоғамында ұлттық идеология туралы мәселелер бой көтеріп, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында ол жөнінде ой-пікірлер әр қырынан жиі айтыла бастады. Осы орайда ұлттық идеология мәселесін жиі көтеріп жүрген М. Мағауин, М. Жолдасбекұлы, М. Шаханов, Қ. Салғарұлы, А. Сейдімбек, Т. Кәкішұлы, М. Мырзахметов, А. Айталы, Ә. Қалмырзаев, С. Сматаев, М. Құлкенов сияқты т.б. белгілі ақын-жазушылар мен ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің белсенділігін айтуға болады.

Ғалым-зерттеушілердің ұлтымыздың дүниетанымдық негіздері мәселелеріне тікелей қатысы

бар ой-пікірлеріне назар аударсақ, оның негізін ғылыми тұрғыдан зерделеу және оның күрделі мәселелерін шешудің жолдарын қарастыру – жалпы еліміз бойынша қаншалықты маңызды мәнге ие болып отырғанын пайымдаймыз. Сол себепті, біздің қазіргі түркітану және педагогика, психология, саясаттану, әлеуметтану, әдебиеттану, мәдениеттану сияқты т.б. ғылымдарымыз қазақ дүниетанымының негізін көне түркілік дәстүр жалғастығымен тығыз байланыста қарастыруда. Әсіресе, түркітану бойынша зерттеулерде көне түркі дәуірінен жалғасып келе жатқан түркілік, ұлттық дәстүрдің орны ерекше екеніне баса назар аударылуда.

Ұлттық дәстүрге айрықша мән берген халқымыз өткен ғасырдың соңғы он жылдықтары мен жаңа ғасыр басында тарих қойнауынан талай түркілік дүниелерді алып шықты. Мәселен, сонау көне түркі заманынан бұрын келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні – Наурыздың» Қазақстан Республикасында жалпыхалықтық мерекеге айналуының өзі неге тұрады. Наурыз мерекесімен бірге көнеден келе жатқан ұлтық ойындарға да, салт-дәстүрлерге де, жол-жоралғыларға да кең жол ашылды. Қазір еліміздің кез келген елді мекенінде ұлттық өнер сайыстары (айтыс, күй тарту сайысы, наурыз жыры, бата-тілек т.б.), ұлттық ойындар, оның ішінді атсайыс ойындары өтеді, ежелден келе жатқан әдеп-ғұрыптық салт-дәстүрлер ұсталады. Тіпті, «Қазақша күрес», «Бәйге» және олардың түрлері, «Көкпар», «Тоғыз құмалақ» секілді т.б. ұлттық ойындар әлемдік аренаға шыға бастады.

Көне түркілік дәстүрді насихаттап, оларды бүгінгі еліміздің ұлттық ұстанымына айналдыруда қоғамдық-гуманитарлық пәндердің, әсіресе, әдебиет, тіл, тарих, философия, педагогика, психология, мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану секілді пәндердің рөлі мен маңызы ерекше. Бұл пәндер білімгерлердің таным-түсінігін кеңейтіп қана қоймай, оларға көркем-эстетикалық тұрғыдан да әсер етеді. Ұлттық дәстүрге деген іңкәр сезім көркем әдебиеттің әр тегінің түрлі жанрларында көркем бейнелер, көркем суреттеулер арқылы беріліп, жас ұрпақтың көркем-эстетикалық талғамын кеңейтеді. Мысалы, барлық түркі жұртына ортақ эпостық жырларындағы батырлар бейнесі, олардың ел-жұрт үшін жан қиярлық ерліктері және солардың жоғары пафоста суреттеліп дәріптелуі ата-баба

дәстүрі мен атамекенге, жақын-жұрағатқа т.б. деген сана-сезіміді кеңейтіп, жігерлендіріп, ерлік іс-әрекеттерге жетелейтіні сөзсіз.

Демек, туған жерге, өскен ортаға, жақын-жуыққа, туыс-жұрағатқа деген түркілік дәстүр көркем әдеби шығармаларда поэтикалық, эстетикалық жолмен беріледі. Сондықтан да түркі халықтарына ортақ ертегілер мен аңыз-әңгімелердің, дастандар мен жырлардың, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің бүгінгі елдігімізден алар орны ерекше.

Жалпы еліміз бойынша көне түркі мемлекеттігі кезіндегі мәдени-әдеби рухани дәстүрдің жалғастығы үшін 2007 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1203 қаулысымен 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданып, іске асырылды. Президент Н.Ә. Назарбаев көрсетілген мерзімдегі «Мәдени мұра» бағдарламасының орындалуы туралы жиында жасаған өзінің баяндамасында ұлттық құндылықтарымызды кең насихаттау керек екендігі туралы мәнді де мазмұнды терең ой айтты [4]. Сол себептен, Елбасының тікелей нұсқауымен еліміздің астанасы Ақорданың төріне сонау моңғол жерінен Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк бабаларымыздың өсиет сөздері жазылған бітік тастың көшірмесі әкелініп қойылды. Осы бітік тастардағы тарихи жазбаларда жас ұрпақты ұлтжандылық, отаншылдық рухта тәрбиелеп өсіруге негіз болатын ұлағатты ой-пікірлер аса мол. Сол игілікті мұра қазіргі кезде жас ұрпаққа ұлттық дәстүрлі тәлім-тәрбие беруде құнды жәдігерге айналып отыр.

Қзіргі уақытта жоғарыда аталған бағдарлама аясында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері ғылыми-танымдық айналысқа түсіп, халқымыздың мәдени-рухыни тұрғыдан дамуына айтарлықтай септігін тигізетін баға жетпес қазынаға айнала бастады. Осы бағытта атқарылған қыруар жұмыстар – ұлттық мәдениетті, өркениетті жаңа сапаға көтеруге әсер етуде.

Тәуелсіздік алып, егемен ел болғаннан бері біз экономикамызды нығайтып, әлеуметтік жағдайымызды жақсартумен қатар еліміздің білім беру жүйесіне де бірқатар стратегиялық реформалар жүргіздік. Білім беруді заманауи

талаптарға сәйкес қалыптастыра отырып, ата-баба дәстүрі, ұлттық бітім-болмыс, ұлттық ой-сана деген сияқты категорияларды ескердік.

Адам санасы, ой-өрісі мындаған жылдар бойы жетілетін тарихи құбылыс екендігін ескерсек, әдебиет адамзат тарихындағы көркем ой жетістіктерінің бірі екендігі даусыз. Осы мақсатқа орай, тәуелсіздік жылдарында қазақ тарихы, әдебиеттану, түркітану тіліміздің тарихи даму көзі әрі рухани мұрамыз болып табылатын көне түркі және орта түркі дәуірінің тарихи-әдеби жәдігерлерін зерттеп-зерделеп, үлкен ғылыми жетістіктерге қол жеткізді. Осы жазба мұралардағы қазақ әдебиетінің даму тарихын пайымдауда маңызды рөл атқаратын құнды деректер мен мәліметтер ғылыми айналысқа түсіп, мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарына енгізілді. Сөйтіп, қазақ жазба әдебиетінің қалыптасу, өркендеу дәуірін айқындау мақсатында көне түркі жазба әдебиетіне жататын Орхон-Енисей ескерткіштеріне, оғыз-қыпшақ дәуірінің әдеби мұрасы болып саналатын «Қорқыт ата» кітабына, «Оғызнама» дастанына, орта ғасырдағы қыпшақ тілі туралы мол мағұлымат беретін «Кодекс Куманикуске», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіне, Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» кітабына іргелі зерттеулер жүргізілді. Ұзақ уақыт бойы «жазба әдебиетіміздің тарихы ХІХ ғасырдан бастау алады» делініп келген қағидат түбегейлі өзгеріп, мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарына жаңа тұжырымдамалар енгізілді.

Қазақ тарихының маңызды кезеңдері және қазақ тілі мен әдебиетінің бастаулары көне түркі дәуіріне тиесілі тарихи мұраларда жатқаны мектеп оқулықтарынан ғана көрініс тауып қойған жоқ, қазіргі біздің түрлі деңгейлік білім ошақтарының қоғамдық-гуманитарлық оқулықтары мен оқу құралдарында да енгізілді. Оларда ата-бабамыздың ұстанған жол-жоралғыларына, яғни түркілік дәстүрге негізделген Атазаң, Елтаңба, Ту, Әнұран секілді т.б. тарихи-танымдық материалдарға молынан орын берілді. Олар да көне түркілік дербес ел болу философиясының, демек ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдық аңсар-арманының жүзеге асқанын аңғартатын нышандар екені сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан, 1992 г.
- 2 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001 ж.
- 3 Назарбаев Н.Ә. «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» // Егемен Қазақстан, 2008 жыл 6 наурыз.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Мәдени мұра – ұлт болып ұйысуымыздың темірқазығы // Егемен Қазақстан. 2008 жыл 14 маусым.

References

- 1 Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan. Letopys trekh tysechelety // Alma-Ata: Rauan – 2011. – 584.
- 2 Kozybayev M. Orkenyet zhane ult//Almaty: Sozdik-Slovar – 2011.
- 3 Nazarbayev N.A. Dagdarystan zhanaru men damuga. Egemen Kazakhstan -2008 zhyl 6 nauryz.
- 4 Nazarbayev N.A. Madeny mura- ult bolyp uyusumydy temirkazigy. Egemen Kazakhstan -2008 zhyl 14 mausym.

УДК 94(4/9)

Б.М. Құрмет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: balausa_91@list.ru

XX ғ. ортасы мен XXI ғ. бас кезіндегі Сирия мен Түркия саясатындағы күрдтер мәселесі

Қазіргі таңда Таяу Шығыс аймағындағы бірқатар шешілмеген мәселелердің бірі – күрдтер мәселесі болып табылады. Олар Сирия, Түркия, Иран, Ирак жерлерінде қоныстанып, ортақ мақсаттары, яғни тәуелсіздік алып, Күрдістан мемлекетін құру болғанымен, жеке мемлекет бойынша бөліп қарастырғанда, мақсаттары өзгеше келеді. Бұл мақалада Сирия мен Түркия мемлекеттеріндегі күрдтердің әлеуметтік саяси өмірі мен олардың өзара айырмашылығы қарастырылады.

Түйін сөздер: Күрдтер мәселесі, этнос, партия, аймақ

Б.М. Курмет

Проблема курдов в политике Сирии и Турции в середине XX века – начале XXI века

В данной статье рассматривается проблема курдского фактора в политике Сирии и Турции и их роль в общественно-политической жизни этих стран.

Ключевые слова: курдская проблема, этнос, партия, регион

B.M. Kurmet

The Kurdish question in Syria and Turkey in the middle of the XX century – beginning of XXI century

This article examines the Kurdish question in Syria and Iraq and the role of kurds in social and political life of these countries.

Key words: Kurdish problem, ethnicity, party, region

Сирияның XX ғ. 90-шы жылдары – XXI ғ. бас кезіндегі аймақтық саясатындағы жағдайды екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең елді ұзақ жылдар бойы билеп келген алауиттер тобынан шыққан Хафез Асадтың сыртқы саясаттағы ұстанымын алатын болсақ, екінші кезеңде одан кейінгі билікке келген оның баласы Башар Асадтың сыртқы саясаттағы бағыттарын қарастырған жөн.

Сирияның сыртқы саясатындағы бір вектор ретінде Түркия республикасы маңызды орынға ие және Сирия көршілес жатқан бұл елмен санасуға мүдделі.

XX ғ. басында көршілес жатқан Сирия мен Түркия мемлекетінің арасындағы қарым-қатынастарында біраз қиын мәселелер тұрды

. Соның ішіндегі негізгілері: Александреттік санджакқа (қазіргі түрік иль-Хатай жері) байланысты аумақтық мәселе, Евфрат өзенінің суын бөлісу мәселесі, күрдтер мәселесі мен Абдулла Оджалан бастаған Күрдістан жұмыс партиясын Сирия тарапынан қолдау мәселесі. Сирия мен Түркия арасындағы қатынастарды Осман империясы кезеңінен бастап қарастырған жөн. XX ғ. бойы Сирия мен көптеген араб елдерінде Түркияны Осман империясының мұрагері және отар иеленуші, дамуға кедергі жасаушы мемлекет ретінде қабылдаса, Түркия араб елдерін сыртқы күштердің көмегі есебінен бөлінген өзінің бұрыңғы отар елдері ретінде қабылдады.

XX ғ. бойы сирия-түрік қатынастарының ішіндегі басты мәселелерінің бірі 1939 жылы

Батыс елдерінің қолдауымен Түркияның Александреттік санджакты басып алуы болды. Бұл мәселе Сирияның санджактың Түркияға тиесілі екенін мойындамауымен өзекті болды [1, 152 бб.].

Александреттік санджак мәселесінің шешілмеуі екі ел арасындағы қарым-қатынасқа кері әсерін берді. Алайда Сирия тарапы бұл мәселенің ашық түрде реттелуінен алшақтаған болатын. Бұған себеп, сол кездегі сыртқы саясаттағы басты мәселе – 1967 жылғы «алтыкүндік соғыс» нәтижесіндегі Израиль басып алған Голан жоталарын қайтару мәселесі болды.

Екі ел арасындағы тағы бір мәселе – Евфрат өзенінің суын бөлісу. Таяу Шығыс аймағындағы негізгі су ресурстар солтүстік бөлігінде орналасқан. Сирияның ресми позициясы бойынша Евфрат өзені халықаралық су артериясы болып табылады және дұрыс бөлісуді қажет етеді. Ресми Дамаск бұл мәселені халықаралық деңгейде көтеруге тырысты. Керісінше, Түркия Евфрат өзенін Сирия мен Иракқа бірдей жеткізілетін трансшекаралық су ретінде қарастырды. Дауласушы жақтар су мәселесі бойынша келісімге келуге талпынған, алайда бұл шешімін тапқан жоқ.

XX ғ. соңына қарай Сирия мен Түркия қатынастарында ерекше орынды күрд мәселесі алды. Таяу шығыс аймағындағы ирандықтар, түріктер мен арабтардан кейінгі көп халқы бар, сонымен қатар өз мемлекеттері жоқ этносқа күрдтер жатады. Әлемде олардың саны 35-40 млн. жуық. Соның ішінде Түркияда шамамен 20 млн., Иракта 6-8 млн., Иранда 3-5 млн., Сирияда миллионға жуығы қоныстанса, қалғандары Орта Азия мен Еуропада өмір сүреді [2].

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Күрдістан территориясы Түркия, Ирак, Сирия мен Иран мемлекеттері арасында бөлінді. Жылдар бойы бұл мемлекеттер арасында түрлі келіспеушіліктер болды. Бірақ, біріктіретін мәселелерінің бірі антикүрдтік саясатты жүргізу мен тәуелсіз күрд мемлекетінің құрылуына жол бермеу. Күрдтер Түркияның 1923 жылы тәуелсіздігін алудағы күресіне белсенді қатысты. Алайда Ататүрк 1920-1930 жылдардағы күрд көтерілістерін қатаң түрде басып, олардың автономия құруға талпыныстарын басып отырды.

Ұзақ жылдар бойы ұлттық сипаты бойынша қысымда тұрған күрд халқы қазіргі кездегі ішкі

соғыста бейтараптылықты ұстануда. Олар Сирия мемлекетінің шеңберінде өздеріне заңды түрдегі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін үкіметпен ынтымақтасуға дайын. Оппозиция басшылары күрдтерге Башар Асад үкіметіне қарсы альянсқа қосылуға ұсынып, жеңіске жеткен жағдайда күрд мәселесін қарастыруға ниеттенді. Алайда, бұл халық елдегі режим ауысқан жағдайда өз тағдырарының жақсарып кетуіне күмәнді.

Атап кететін жайт, Башар Асадтың соңғы кездердегі күрдтердің талаптарын орындауда бірқатар қадамдар жасады. Елдегі ұзақ уақыт бойы азаматтықсыз жүрген жүзге таман күрдтерді ресми түрде заңдастырды, саяси қамауда болғандарды түрмеден шығарды. Алайда шешілмеген мәселелер мен қойған талаптар әлі де бар.

Хафез Асад үкіметінің күрдтерге қатысты мемлекеттік саясатының ерекшеліктерін атап кету жөн. Үкімет пен күрдтер арасында басты мәселе – сириялық күрдтердің ресми азаматтығы мәселесі тұрды. Бұл мәселе 1962 жылғы №93 жарғы қабылданғаннан кейін туындады. Елде халық санағы жүргізіліп, нәтижесінде Сирияда тұрғаны туралы салық түбіртегі жоқ 120 мың күрд халқы азаматтығынан айырылды. Бұл заң тек Хасеке аумағындағы күрдтерге қатысты жүргізілді [3, 93-94 бб.].

Сириядағы Хафез Асад билігі кезеңінде елдегі этникалық топтарға арабтандыру саясатымен қатар қатаң бақылау жүрді. Мұндай саясаттың мақсаты Сириядағы аумақтық және саяси тұтастықты сақтау болды. Бұл өз кезегінде түрлі этникалық топтардың құқықтарын шектеді. Алайда бұндай саясат Хафез Асад тұсында елдегі тұрақтылықты ұзақ жылдар бойы сақтап тұрды. Хафез Асадтың өлімінен кейін ішкі және сыртқы саясаттағы бағыттар біраз өзгеріе бастайды.

1950 жж. соңына қарай күрд халқы әр елде өмір сүріпкүрд мәселесін көтере бастады. 1960-70 жылдары Күрдістан демократиялық партиясын басқарған күрд халқының көшбасшысы Махмуд Барзанидің белсенділігі нәтижесінде Ирактағы күрд автономиясын құру туралы сөз қозғала бастады.

1970-80 жылдары Таяу Шығыстағы жағдайды өзгерткен бірқатар оқиғалар өтті. Оның ішінде 1979 жылғы Ирандағы ислам революциясы, Ирактағы Саддам Хусейннің келуі, Түркиядағы

1980 жылғы әскери төңкеріс, 1980 жылғы Иран мен Ирак арасындағы сегізжылдық соғыс орын алды. 1980 жылдардың басынан күрдтер Түркия, Иран, Иракта өз белсенділіктерін арттыра бастады. Күрд сепаратистерін басу мақсатында Анкара мен Бағдад күштеп қондыру, депортация сияқты іс-қимылдарын жүргізді.

Сириядағы күрд халқы мемлекеті тарапынан ұлттық дискриминацияға ұшырайды. Бұл аумақта туылып, тұрғанымен сириялық күрдтердің жартысында азаматтығы жоқ. Сондықтан да олар жоғарғы білім алу мен мемлекеттік мекемелер мен әскерде жұмыс істеуге құқықтары жоқ.

Сириядағы күрдтердің партияларының ерекшелігі – жаңа партиялардың тоқтаусыз құрылуы, бір-бірімен қосылып, өзара бөлініп кетуі. Мысалы, Күрд Халқының одағы мен Күрд солшыл партиясының бірігіп, жаңа "Азади" (Азаттық) партиясы құрылды. Жалпы алғанда, күрд саяси партияларының бағдарламаларында айырмашылық көп емес. Ортақ мақсат – Сирия кеңістігінде күрдтердің теңдігі, ұлттық құқықтары мен бостандығы үшін күрес [4].

1980-90 жылдары су мәселесі өрши түскенде, Сирия қалыптасқан жағдайда Күрдістан жұмысшы партиясы мен оның басшысы Абдулла Оджаланмен қарым-қатынас орнатты. Иран мен Ирак арасындағы сегізжылдық соғыс нәтижесінде Оджаланға өзінің ұйымын күшейтуге мүмкіндік береді. Күрдістан жұмысшы партиясы өзінің бөлімдері мен әскери базаларын Сирия мен Ливанда, сонымен қатар Солтүстік Ирак пен Иранда құрылып, Түркияның сыртқы саясатындағы тұрақсыздандырушы факторға айналды.

Хафез Асадтың өлімінен кейін Сирияның ішкі және сыртқы саясатында бірқатар өзгерістер жүрді. Күрд халқының жағдайына аймақтық өзгерістердің әсерін атап өту жөн. Сирияның күрдтерге қатысты ұлттық саясатында маңызды орынға ирактық фактор ие. Ирактың саяси кеңістігіндегі күрдтердің тәуелсіз дамуындағы құқығын қорғауы Сириядағы күрд халқына әсер етті.

Хафез Асадтың билігі кезінде күрдтерге қатысты көп шектеулер қойылды. Соның ішінде ұлттық мәдениетті, тілді дамытуға, әскери оқу орындары мен мемлекеттік қызметке алуға тыйым салынды. Башар Асад үкіметі кезінде

күрдтер мәселесіне қатысты біраз өзгерістер жүрді. Оларға мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеуге құқық берілді.

1990-1991 жылғы Ирак дағдарысында Түркия мен Сирия коалициялық әскерде одақтас ретінде болса да, күрд мәселесі екі мемлекеттің позициялырын жақындатқан жоқ. Тек 1992 жылы Дамаскіде Түркия сыртқы істер министрі Хикмет Четин мен Сирия президенті Хафез Асад пен сыртқы істер министрі Фарук аш-Шара арасында өткен келіссөздер барысында алғашқы екіжақты келісімге қол қойылды.

Келісім бойынша тараптар лаңкестікке күресуге, оларға екі ел шекараларынан өтуге кедергі жасауға, заңсыз түрде жұмыс атқарып жатқан ұйымдардың қызметі жайлы мәлімет алысуға міндетті. Алайд бұл келісім қысқа уақыттағы мерзімде жұмыс істеді. Бірнеше айдан кейін Күрдістан жұмысшы партиясы Түркия жеріне Сирия аумағынан шабуыл жасады.

Күрдістан партиясының Сирия тарапынан қолдауы, сонымен қатар су ресурстарына байланысты мәселелер Анкараны аймақтық ынтымақтастықта серіктес ретінде шығатын мемлекетті іздеуге итермеледі. Бұл Түркияның Израильмен жақындасуына әкелді. Түрік-израиль қарым-қатынастары әскери және экономикалық ынтымақтастыққа назар салды.

Сириядағы Хафез Асад билігі кезеңінде елдегі Түркиямен болған бірқатар мәселелер өз шешімін тапқан жоқ. Алайда сыртқы саясаттағы мәселерге қарамастан Хафез Асад тұсында Сириядағы тұрақтылық ұзақ жылдар бойы сақталып тұрды. Хафез Асадтың өлімінен кейін ішкі және сыртқы саясаттағы бағыттар біраз өзгеріе бастайды.

Сирия мен Түркия арасындағы екіжақты қатынастағы белгілі бір өзгерістер 2000 жылы орын алады. 2000 жылдан бастап сириялық-түрік қатынастарды жақындасу үдерісі байқалады. Сол жылы Сирияның премьер-министрі Халим Хаддад пен ішкі істер министрі Мұхаммад Харбайи Түркияға ресми сапармен барады. Одан кейін Сирия мен Түркия президенттерінің Дохадағы мұсылман елдерінің саммитінде кездесуі өтті [5].

Екі ел арасындағы жаңа бір кезеңді түрік үкіметіне Режеп Ердоған бастаған Әділет және даму партиясының келуімен айқындауға болады. Бұл партия үкіметке келе салысымен Из-

раиль мемлекетінен алшақтап, араб елдерімен ашық диалогқа келуге талпынады.

2004 жылы тарихта бірінші рет Сирия президенті ресми сапарымен Анкараға барады. Башар Асадтың бұл сапары Сирия мен Түркия арасындағы негізгі мәселелерді реттеудің бір талпынысы ретінде көрінеді. Жауап ретінде Түркияның премьер-министрі Режеп Тайб Ердоған 2004 жылы Дамаскіге сапарға келді. Бұл сапар екі мемлекеттің еркін сауда мен су ресурстарын бөлу туралы келісімімен аяқталды.

Осы жылдары Сирия мен Түркия арасында ұзақ жылдар бойы келісе алмай жүрген мәселелер бойынша жақындасу үдерісі жүрді. Бұл екі елдегі жаңа толқынның саясаткерлері Башар Асад пен Режеп Тайб Ердоғанның бағыттарына байланысты. Түркияның сыртқы саясатындағы доктриналарының пунктіннің бірі барлық көрші елдермен қатынасты жақсарту. Ал Сирия өз кезегінде Таяу Шығыстағы әлсіреген позициясын бекітіп, Батыспен әскери қақтығыс

қаупін болдырмау мен жаңа одақтастарды табуға талпынды.

Аймақтық және су ресурстар мәселелерін шешуге болады десек, күрд мәселесі қазіргі таңға дейін тек қана Сирия мен Түркия арасында емес, сонымен қатар Иран мен Иракта да шешілмей тұр. Таяу Шығыстағы Саддам Хусейн режимінің құлатылуы, Түркияның Еуропалық Одаққа кіру туралы келіссөздердің басталуы, Еуропалық Одақтың аймақтағы ықпалының ұлғаюы, Сирия мен АҚШ арасындағы шиеленіспен қоса ерекше орын күрд мәселесіне қатысты бөлінеді. Бұдан бұрын Түркияда күрдтер мен түрік әскер арасында қақтығыстар ғана болса, қазіргі таңда күрдтер мәселесін шешуде елде түрлі шерулер жүріп жатады, ал Сириядағы көтерілістер нәтижесінде күрдтер өздерінің саяси белсенділігін арттыруға кірісті. Таяу Шығыста болып жатқан саяси ахуал аймақтағы геосаясаттың өзгеруіне әкеліп, соның ішінде басты мәселелердің бірі болып күрд мәселесі болатыны айқын.

Әдебиеттер

- 1 Арутюнян А.Э. К вопросу о взаимоотношениях между Турцией и Сирией в конце XX – начале XXI вв. // Современная Турция: проблемы и решения. Сборник статей. /ИБВ, ИВ РАН. М., 2006, 238 с.
- 2 Syria – CIA – The World Factbook // <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/sy.html>
- 3 Yildiz K. The Kurds in Syria: forgotten people. – London: Pluto press, 2005. – 153 p.
- 4 Мир и политика. Иванов Станислав Михайлович. Курдский фактор в современной Сирии/ <http://mir-politika.ru/3360--urdskiy-faktor-v-sovremennoy-sirii.html>
- 5 Ахмедов В.М., Кулагина Л.М. Сирия, Турция и Иран: Новые подходы к межрегиональному сотрудничеству // <http://www.iimes.ru/?p=3433>

References

- 1 Arutyunyan A.E. K voprosu o vzaimootnosheniyax mezhdur Turciei i Siriiyei v konce XX – nachale XXI vv. // Sovremennaya Turciya: problem i resheniya. Sbornik statei. /IBV, IV RAN. M., 2006, 238 s.
- 2 Syria – CIA – The World Factbook // <https://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/geos/sy.html>
- 3 Yildiz K. The Kurds in Syria: forgotten people. – London: Pluto press, 2005. – 153 p.
- 4 Mir o politika. Ivanov Stanislav Mikhailovich. Kurdsii faktor v sovremennoy Sirii/ <http://mir-politika.ru/3360--urdskiy-faktor-v-sovremennoy-sirii.html>
- 5 Akhmedov V.M., Kulagina L.M. Siriya, Turciya i Iran: novye podxody k mezhregionalnomu sotrudnichestvu // <http://www.iimes.ru/?p=3433>

УДК 94(4/9)

¹Ж.Б. Момынқұлов, ²А.Ш. Мұртаза¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, доцент, ф.ғ.к., Еуразия ҒЗИ директоры орынбасары, Қазақстан, Алматы қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ХҚФ аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: janatmom@bk.ru

Түркия мен Әзірбайжанның энергетикалық қатынастары

Түркия мен Әзірбайжан қатынастарының негізін табиғи газ бен мұнай саласы құрайды. Әзірбайжан мен Түркия арасындағы кейбір саяси шиеленістерге қарамастан Анкара мен Баку өзара ықпалдасу мен ынтымақтасуда бірігіп іс-әрекет жасап отыр. Энергетикалық ынтымақтастық Түркия мен Әзірбайжанның аймақтық энергетикалық қатынастардағы ұстанымын жақсартып ғана қоймай, Еуразия мен Каспий аймағындағы геосаясатқа да әсерін тигізбекші. Түркия мен Әзірбайжан алдағы жылдарда TANAP, BTE, TAP, Trans-Caspian pipeline, Nabucco сияқты екі жаққа да тиімді экономикалық жобаларды ойластыруда. Түркия энергияны арзан бағаға сатып алып, оны Еуропаға қымбатырақ бағаға сатуды көздейді. Әзірбайжан болса, өз газын мүмкіндігінше қымбатқа сатқысы келеді.

Түйін сөздер: Түркия, Әзірбайжан, Ресей, энергетика, стратегия, табиғи газ, құбырлар жүйесі, ТАНАП, БТЖ, Транс-Каспий құбыры, Nabucco, TAP.

Ж.Б. Момынқұлов, А.Ш. Мұртаза

Энергетические отношения Турции и Азербайджана

Одну из основ взаимоотношений Турции и Азербайджан составляет нефтегазовая сфера. В данной статье рассматриваются энергетические аспекты турецко-азербайджанских отношений. Несмотря на существующие между двумя странами политические противоречия, Анкара и Баку, тем не менее, тесно взаимодействуют и сотрудничают в сфере энергетики, что положительно отражается на качестве двусторонних отношений. Турция и Азербайджан реализуют взаимовыгодные энергетические и транспортные проекты, как например, TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Транскаспийский газопровод. Стратегия Турции заключается в том, чтобы приобрести энергоресурсы по дешевой цене, и перепродавать их Европе по завышенной цене. Азербайджан же хочет продавать свой газ только по приемлемой цене.

Ключевые слова: Турция, Азербайджан, Россия, энергетика, стратегия, проект, природный газ, трубопровод, TANAP, BTE, TAP, Trans-Caspian pipeline, Nabucco.

Zh. B. Momynkulov, A.Sh. Murtaza

Energy Relations of Turkey and Azerbaijan

Energy sector is a basis of economic relations of Turkey and Azerbaijan. In this paper we tried to study energy aspects of Turkish-Azerbaijani relations. Despite the existing political controversies, Ankara and Baku, though, promote intense cooperation and close interaction in the energy sector, what had positive impact on the nature of mutual relations. Turkey and Azerbaijan plan to implement beneficial projects like TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Trans-Caspian pipeline. Strategy of Turkey is to buy energy resources with lower cost and sell them to Europe at preferable higher prices. As for Azerbaijan, it wants to sell its natural gas stocks at acceptable higher prices.

Key words: Turkey, Azerbaijan, Russia, energy, strategy, project, natural gas, pipelines, TANAP, BTE, TAP, Trans-Caspian pipeline, Nabucco.

Әзірбайжан Түркия үшін ең жакын әрі көрші мемлекет. Түркия мен Әзірбайжан бір-біріне тілдік, тарихи, мәдени, дүниетанымдық және қандық жағынан етене жақын әрі ұқсас. Әзірбайжанның Түркия үшін маңызы

этникалық және географиялық жақындығымен қатар энергетикалық ынтымақтасудың мүмкіндіктерімен де ерекшеленеді. Түркия көршісіне әскери, мәдени және әлеуметтік жағынан қолдау көрсетті. Г.Алиев басқарған кезеңде

екі ел арасындағы қатынастар «екі мемлекет, бір ел» деген ұраннан бастау алып, стратегиялық серіктестік деңгейіне дейін көтерілді. Таулы Қарабақ мәселесінде Түркия үнемі Әзірбайжанды халықаралық деңгейде қолдап, аталмыш мәселеге үлкен көңіл бөліп, Арменияға қысым көрсету саясатын жүргізді. Бірақ, Әзірбайжан мен Орталық Азия елдері Түркияның «ағалығы» мен «үлкендігін» өз мүддесі тұрғысынан мойындады. Десек те, Орталық Азия елдері мен Әзірбайжанның Түркиямен ынтымақтасуға мүдделі.

Түркияның Әзірбайжанға қатысты саясаты мәдени-геосаяси және экономикалық-энергетикалық болып екі бағытқа бөлінеді. Бұлардың алғашқысы Кавказдың ішкі мәселелеріне қатысты Түркияның саяси ұстанымын білдірсе, екіншісі Анкараның Әзірбайжанды қоса алғандағы Каспий аймағындағы энергетикалық стратегияларын қамтиды. 2002 ж. Түркия «көршілермен тату-тәтті болу» саясатын жүргізуге көшкелі бері, Анкараның Арменияға қатысты ұстанымы жұмсарып, кейін, 2012 жылы Цюрих хаттамасына қол қойылады. Бұл оқиға Әзірбайжанда үлкен шиеленіс пен наразылық тудырып, түрік-әзірбайжан қатынастарына салқынын тигізді. Екі жақты қатынастардың теориялық негізінің әлсіздігімен қатар, екі ел басшыларының бір-бірінің сыртқы саясатын дұрыс түсінбегендігі де анықталды [1, 3 б.].

Әзірбайжан Түркияның өктем де кең ауқымды сыртқы саясатына жауап ретінде мұнай және газ бағасын қайта қарап, көтермелеп жіберді. Тәуелсіздігінің бастапқы кезіндегі сенімсіз Әзірбайжан мен қазіргі сенімді Әзірбайжанның арасында үлкен айырмашылық бар. Анкараның «жұмсақ күш» саясаты Бакудегі саясаткерлерге ұнамады. Сол кезден бастап, екі елдің бір-біріне деген қатынасы өзгерді. Екі ел басшылары да, екі халық та қазіргі кезде бұрынғыдай ренжісу мен эмоциялық көңіл-күйден гөрі анағұрлым прагматикалық ұстаным мен стратегиялық мәселелерге басымдық бере бастады. Түркия мен Әзірбайжанның арасындағы орын алған шиеленістердің нәтижесінде екі ел бір-біріне басқаша көзбен қарап, рефлекс деңгейінде ықпалдаса бастады. Десек те, әртүрлі кикілжіңдерге қарамастан екі туыс елдің қарым-қатынастары өз жоғары деңгейін сақтап қалды. Түркия мен Әзірбайжан арасында «Жоғары

деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесі» құрылды. Екі ел арасында стратегиялық одақтастық пен серіктестікпен қатар «Өзара жәрдемдесу келісіміне» де қол қойылды. Екі мемлекет қауіпсіздік, қорғаныс, әскери техникамен қолдау салаларында ынтымақтасуға ресми түрде уағдаласты. Әзірбайжан әскері Түркияның ықпалымен НАТО әскери талаптарына сай қайта құрылымдануда. Тіпті екі елдің ортақ әскері де құрылуы мүмкін. Екі елдің энергетикалық саясатын сәйкестендіру мақсатында энергетикалық комиссия құрылмақшы. Екі жақты қатынастардың көптеген қырлары заңдық деңгейде реттелінбекші.

Әзірбайжан Түркияның энергетикалық саясатында өте маңызды рөлге ие, тіпті, Анкараның энергетикалық стратегияларында басты факторлардың біріне айналған. Түркия Әзірбайжанның табиғи байлығын Батысқа жеткізуде Бакумен ынтымақтасумен ғана шектелмей, стратегиялық тасымалдау және құбырлар жүйесінде шешуші орталыққа айналғысы келеді. Әзірбайжанға келсек, қазба байлығын өндіріп, шетелдік нарықтарға тиімді бағаға сатқысы келеді. Яғни, Баку мұнайы мен газын әртүрлі жолдармен тасымалдап, құбырлар жүйесін түрлендіріп, ешбір сыртқы ойыншыға бағынышты болғысы келмеді.

2010 жылы Әзірбайжан 50.8 миллион тон мұнай өндірді. Елдегі мұнай қоры болжамдар бойынша 270 миллиард баррельге жетеді. Әзірбайжан мұнайды тек құрлықтан ғана емес, сонымен қатар, теңізден де шығару мүмкіндігіне ие мемлекет. Әзірбайжанның бюджетінің ең кемінде 50% пайызын мұнай экспорты құраса, қалған 40% пайызын табиғи газ экспортынан құралады. Энергия көздерін Еуропаға жеткізудің мүмкіндігі Әзірбайжанды мұнай және газ құбырларын жобалауда тәжірибелі энергетикалық ойыншыға айналдырды. Әзірбайжан Ресей арқылы энергия экспорттаумен қатар, Түркия арқылы да қуат көздерін экспорттау бағытында бірқатар маңызды жобалардың басы-қасында жүр [2, 38 б.].

Түркияның географиялық орналасуы Каспийдің табиғи байлықтарын Еуропаға жеткізуге, транзит рөлін атқаруға ыңғайлы. Мұнай мен табиғи газға бай Әзірбайжан энергияға кедей Түркияның энергетикалық қажеттіліктерін қамсыздандып ғана қоймай, Түркияның транзиттік және аймақтық рөлін

арттырып, халықаралық геосаясаттағы ықпалын арттырудың бір тетігі ретінде қаралды. Осы мақсатта сәтті жүзеге асырылған энергетикалық тасымалдау жобаларының бірі ретінде Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырын атауға болады. Бұл құбыр Каспий теңізіндегі Бакудан бастау алып, Гүржістан арқылы Түркияның Жерорта теңізіндегі Жейханға жетеді. Осылайша, Әзірбайжан мұнайы ең жылдам әрі үнемді жолмен дүние жүзілік нарықтарға шығарылмақшы.

КСРО кезінде Кавказ бен Орталық Азияның қуат көздерін тасымалдау жол тораптары Мәскеуге ғана тәуелді еді. Тәуелсіздігін енді ғана алған Әзірбайжан дүниежүзілік нарыққа енуге талпынды. 1989 жылдан бастап, ағылшын мұнай компаниялары Баку-Тбилиси-Жейхан құбырлар жобасын ойластыра бастады. 1991 жылы жобаның негізі салына бастады. Бірақ, Таулы Қарабақ мәселесінің кесірінен Г.Алиев кезеңінде жоба тұралап қалды. 1998 жылы АҚШ-тың қолдауымен Әзірбайжан, Гүржістан, Түркия, Өзбекстан мен Қазақстан арасында Баку-Тбилиси-Жейхан жобасы туралы Анкара декларациясы қабылданды. ЕҚЫҰ-ның қолдауына сүйенетін бұл жоба 2003-2006 жж. жылдам салынып бітті.

БТЖ жобасы қатысушы елдердің экономикасының дамуына да үлес қосып, Әзірбайжанмен қатар, Түркия үшін де, Гүржістан үшін де тиімді болды. Соңғы кездері Батыс Еуропа елдері Каспий аймағына ерекше назар аударуда. Түркия да осы стратегиялардың қақ ортасында орын алады. Баку-Тбилиси-Жейхан мұнай құбыры, Баку-Тбилиси-Ерзұрым газ құбыры және Баку-Тбилиси-Карс темір жол торабының салынуы Түркия мен Әзірбайжанды байланыстыратын маңызды энергетикалық-тасымалдау мүмкіндіктері болып табылады. Бұл тасымалдау торабының экономикалық, геосаяси және саяси маңызы басым.

Әзірбайжан Түркияның Орталық Азия мен Каспий аймағының табиғи энергетикалық қорларына қол жеткізуін оңайластыратын дәліз іспеттес. Түркияның энергетикалық стратегияларында Әзірбайжанмен қатар Қазақстан мен Түрікменстан да маңызды орынға ие болуда. Әсіресе, түрікмен газы және қазақ мұнайы Анкараның әртүрлі энергетикалық-тасымалдау стратегияларында маңызды орын алады. Әзірбайжан Түркия үшін Каспий мен Орталық Азияға ашылған қақпа іспеттес [3, 59-61 бб.].

Табиғи газ өндіруде Әзірбайжанның әлеуеті үлкен. Елдің барлық газ қоры 2.2 триллион текше метрді құрады. 2010 жылы Әзірбайжан 27 миллиард текше метр газ өндірді. 2020 жылы бұл көрсеткіштің 54 миллиард текше метрге жеткізілмекші. Яғни, Баку-Тбилиси-Ерзұрым табиғи газ құбырының экспорттық маңызы зор. Энергия тасымалында Түркия мен Әзірбайжанның ынтымақтастығы мұнымен ғана шектелмейді. «TANAP», «NABUCCO», «TAP», «ITGI» энергия тасымалдау жобаларында Түркиямен қатар Әзірбайжанның да ерекше маңызы бар. Ерзұрымға жеткізілген әзірбайжан газын Аустрияға жеткізуге бағытталған, бірақ әлі іске асырылмаған «NABUCCO» құбырында Түркияның атқаратын рөлі зор болмақ. «TAP» (Адриатикалық теңіз құбыры) Әзірбайжан газын Түркия, Балкан арқылы Италияға жеткізеді. «ITGI» жобасы (Inter-Connector Turkey-Greece-Italy) да әзірбайжан газын Оңтүстік Еуропаға жеткізуді көздейді.

2011 жылы Каспийден Әзірбайжан мен Түркия арқылы Еуропаға газ тасымалдайтын NABUCCO жобасының құны 12 миллиард доллар көлемінде белгіленді. Бұл жобаның қымбаттығы мен демеушілердің сенімсіздігі себепті жоба әлі кейінге қалдырылып келеді. 2011 жылы «Жобаға қолдау көрсету» туралы келісімге қол қойылған. Бұл жобаның іске асырылуында Түркия, Бұлғария, Румыния, Мажарстан мен Аустрия мүдделі. NABUCCO жобасы іске асырылса, Азия мен Еуропаны байланыстыратын газ көпіріне айналып, Каспий мен Таяу Шығыстың мол табиғи отынын Еуропаға жеткізуге болады. НАБУККО құбырлар жүйесі арқылы 30 миллиард текше метр табиғи газ тасымалдануы мүмкін. Құбырдың жалпы ұйындығы 3900 километр көлемінде болады деп болжануда.

Орталық Азия мен Кавказ елдері өз энергетикалық қорларын экспорттау мен тасымалдауда Ресейді айналып өтетін балама жолдарға зәру болып отыр. Түрікменстан Каспий теңізінің астымен Әзірбайжанға дейін «Транс-Каспий газ құбырын» салуды жоспарлап отыр. Жоба құны 10 млрд доллар көлемінде бағаланып, өткізу қуаты 30 млрд текше метр болады деп жобалануда. Егер бұл жоба іске асырылса, Әзірбайжаннан Түркияға бағытталатын Баку-Тбилиси-Ерзұрым құбыры арқылы Батысқа жалғанатын болады [4, 69 б.].

Соңғы кезде, Әзірбайжан мен Түркия арасында НАБУККО жобасынан гөрі ТАНАП энергетикалық жобасы жиі айтылуда. ТАНАП (Транс-Анатолиялық газ) құбырын Түркия мен Әзірбайжан қаржыландырмақшы. Жобаның құрылысы 2014 ж. басталып, 2018 жылы аяқталады. 2017 жылы ТАНАП арқылы Әзірбайжанның Шах Дениз кен орнынан газ Түркияға, Еуропаға жеткізілетін болады. Шах Дениз газ кен орнындағы дәлелденген газ қоры 1,2-1,5 триллион текше метр. Шах Дениз газ орны Әзірбайжанның энергетикалық саясатында үлкен стратегиялық маңызға ие кен орны. ТАНАП жобасы Еуропа үшін тиімді жоба болып тұр. Жоба құны 7 миллиард доллар көлемінде бағаланды. Қазір BP, Statoil және Total компанияларымен келіссөздер жүргізілуде. Құбырдың өткізу қабілеті 16 млрд текше метр болмақшы. ТАНАП жобасы Ресейдің Қара теңіз арқылы жүзеге асырған «Оңтүстік ағым» жобасының маңызын едәуір төмендетпекші.

ТАНАП құбырын салу жөнінде 2011 жылы Түркия мен Әзірбайжан арасында келісімге қол қойылды. ТАНАП құбырлар жүйесінің жүзеге асырылуы туралы 2012 жылы екі мемлекеттің үкіметтері арасында келісімге қол жеткізілді. Екі елдің саясаткерлері жобаға «Жаңа дәуірге бастайтын серіктестік» деген баға берді. ТАНАП жобасы екі елдің қатынастарын таза прагматикалық тиімділікке негіздейтін болады. Бұл тұста Ресейдің де мүдделері Анкара және Баку тарапынан ескерілетін болады. Өйткені, Ресей осы ТАНАП жобасына да араласуы мүмкін энергетикалық орталық. Бірақ, ТАНАП жобасы толық іске асырылған жағдайда, Ресейдің аймақтағы ықпалы біршама азаяды [5, 11 б.].

Әзірбайжан 2050 жылға таман газ өндіру көлемін екі есе арттырып, 50 млрд текше метрге жеткізбекші. Бұл көлемдерді қамтамасыз ету үшін Шах Дениз кен орнынан басқа, Апшерон, Умид, Бабек, АСГ, Шафак-Асиман газ кен орындарынан да табиғи газ тарту жоспарға енгізілген. Түркия ТАНАП құбырымен қатар ескі құбырларды да қолдануға болады десе, Әзірбайжан жағы мұнымен келіспей, алдағы жылдарда бастан-аяқ салынатын ТАНАП құбырлар жүйесін ғана қолдану қажет деген уәж айтуда.

ТАНАП жобасында Әзірбайжанның мемлекеттік мұнай компаниясы (SOCAR) акциялардың 51% пайызын иеленеді. Жобаның құрылысын

қаржыландыру мәселелесінде SOCAR 80%, Түркияның BOTAŞ 5% және ТРАО компаниялары 15% үлеске ие болмақ. Осылайша, Әзірбайжан жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаражатты қамтамасыз етіп, әртүрлі техникалық қатерлерді өз мойнына алып, аталмыш жобаның тәмамдалуында басты рөл атқаруда. Жобаның бастапқы өткізу қабілеті 16 млрд текше метр көлемінде жоспарланса, екінші кезеңде 23 миллиардқа жеткізіледі деп болжануда. 2017 жылы алғашқы газ жеткізілімдері аталмыш құбыр арқылы Түркияға жыл сайын 6 млрд текше метр табиғи газ жеткізілетін болады.

ТАНАП жобасы Еуропаға жеткізілетін Ресей газына балама ретінде ойластырылған «Оңтүстік газ дәлізі» стратегиясының маңызды бір бөлігіне айналды. ТАНАП Түркияның ғана емес, Еуропаның да энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға үлес қоса алады. Бірақ, ТАНАП әзірбайжан газының Еуропаға әрдәйім жеткізілетіні жөнінде ешбір кепілдік бермейді. Бұған қарамастан, ТАНАП құбыры Набуккодан күтілген міндетті атқаруы мүмкін. Қазіргі басты мәселе аталмыш құбырдың Еуропа нарықтарына ең тиімді де ыңғайлы түрде жалғануы болып тұр [6, 15 б.].

Қазіргі таңда Аустрия жағы Набукко жобасының қысқартылған түрі ретінде «Набукко Батыс» жобасын ұсынып отыр. Бұл құбыр ТАНАП жүйесінен бастап Еуропа елдеріне жалғануы мүмкін. Мұндай қадамға құрылысқа кететін шығындарды үнемдеушілік итермелеп отыр. Жаңа құбыр салудың орнына Түркияның үстімен өтетін қолданыстағы құбырды пайдалануға болады.

ТАНАП Әзірбайжан үшін Түркия аумағында орналасқан, бірақ, Бакуге тиесілі құбыр жүйесі болмақ. Бұл жоба Әзірбайжан үшін жаңа экспорттық мүмкіндіктер ашып, сыртқы байланыстарды әртараптандырады және Каспийді Батысқа жалғап, тұрақты табыс әкеледі. ТАНАП арқылы Әзірбайжан алғашқы рет өзінің газ құбыры арқылы өз газын Еуропаға жеткізуге мүмкіндік алады. Яғни, Әзірбайжан транзитке кететін шығындарын азайтып, өз газын сатуда бәсекеге қабілетті болмақшы. Әзірбайжанда бұл жобаға «Елдің болашаққа бастар жолы» деген атау берілген. Осылайша, Әзірбайжан энергия жеткізуші, транзит (Транс Каспий жобасы) және сыртқы елде инвестиция салушы елге айналды.

ТАНАП жобасынан Түркия Шах Дениз II газ орнынан ішкі нарыққа қажетті 6 миллиард текше метр газды тұрақты түрде алып тұратын болады. 2020 жылға қарай Түркияның табиғи газға деген қажеттілігі 66 млрд текше метрге жетеді. Түркия қосымша келіссөздер жасамаған жағдайда 41 млрд текше метр газды сырттан сатып алуға мәжбүр. Келешекте Набукко құбыры жүзеге асса, онымен өтетін газдың 15% Түркияның ішкі қажеттілігі үшін бөлінетін болады.

Осы орайда Әзірбайжанның SOCAR компаниясы Түркияға инвестиция салу жағынан үлкен көрсеткішке қол жеткізді. 2017 жылы SOCAR түріктің PETKİM компаниясын сатып алып, ТАНАП жобасын іске қосуға 17 млрд доллар қаражат жұмсамақшы. Бұл Әзірбайжанмен қатар Түркияға да тиімді.

Түркия алғашқы рет үлкен көлемдегі құбырлар жүйесінің басты серіктесі болып, табиғи газ саласында Еуропаның төртінші негізгі газ тамырына айналмақшы. Түркия мен Әзірбайжан арасындағы

ендігі міндет келісімдерде көрсетілген ұсақ-түйектерді шешуге және қажетті тетіктерді қалыптастыруға бағытталған. Түркия бұл жоба арқылы өз энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен арзан бағаға сатып алынатын газ импортын қамтамасыз етуді жоспарлайды. Түркия Таяу Шығыс, Каспий және Әзірбайжан газын арзан бағаға сатып алып, оны Еуропаға қымбатырақ бағаға сатуды көздейді. Әзірбайжан болса, өз газын мүмкіндігінше қымбатқа сатқысы келеді [7, 31 б.].

Әзірбайжан 2015 жылы 30 млрд текше метр газ өндіретін болады. 2025 жылға таман Әзірбайжанның 50 млрд текше метр газ өндіретінін Анкара ескеріп отыр. Әзірше, Әзірбайжан газының Еуропаға қандай транзит жолдармен жеткізілетіні талқыландуда. Түркия осы орайда ресми түрде транзит елге айналып отыр. Ұзақ мерзімде Түркия транзит-ел ретінде энергия көздерін саудалау орталығынан газ сатуға құқылы ойыншыға айналғысы келеді.

Әдебиет

- 1 Sinem Karadağ. Gözde Top. Duygusal Birliktelikten Stratejik Ortaklığa Türkiye Azerbaycan İlişkileri. Küresel Sorunlar Platformu. 7 sayfa. 27.12.2012
- 2 Azerbaijan'da Ekonominin Can Damarı Petrol ve Doğalgaz. EkoAvrasya International Journal for Economic and Social Researches. Azerbaijan Special Issue. No 16, October 2011. P. 38-39
- 3 Tuğrul Veli. Türkiye'nin Güney Kafkasya İnisiyatifinin Son Halkası. Azerbaijan İle Stratejik Ortaklık Anlaşması. EkoAvrasya International Journal for Economic and Social Researches. Azerbaijan Special Issue. No 16, October 2011. P. 58-62
- 4 İlham Aliyev Döneminde Azerbaijan Dış Politikası. EkoAvrasya International Journal for Economic and Social Researches. Azerbaijan Special Issue. No 16, October 2011. P. 66-72
- 5 Araz Aslanlı. Azerbaijan'ın Enerji Stratejisi. Cumhuriyet Gazetesi. Enerji Bölümü. 5 Ekim 2010-19. Sayfa 14.
- 6 Dr. Burcu Gültekin Punsman. Azerbaijan-Türkiye İlişkilerinde Bir Adım: Trans Anadolu Boru Hattı – TANAP. Türkiye Ekonomi Politikaları Araştırma Merkezi TEPAV. 21 s.
- 7 Gülmira Rzayeva. Azerbaijan ve Avrupa Enerji Güvenliği: Ulusal Öncelikler ve Uluslararası Sorumluluklar. Azerbaijan Stratejik Araştırmalar Merkezi. Hazar Raporu Bahar 2013. 29-45.

УДК 811.58

К.Қ. Смағұлова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: sgulshat72@mail.ru

Қытайдың Шыңжаңдағы діни-саяси ұстанымы (70-80 жж.)

Аталмыш мақалада Шыңжаңдағы этникалық азшылықтардың көптүрлілігі, саяси-әлеуметтік жағдайы, діни наным-сенім еркіндігі және олардың саясатта орын алуы, интеграциялық үрдіске тартылуы сияқты мәселелері кешенді түрде қарастырылған. Шыңжаңдағы басты дін – Исламның қытай қоғамындағы алатын орны мен мұсылман халықтарының салт-дәстүрлері сипатталған. Сондай-ақ қазіргі ШҰАА-дағы діни хал-ахуалдың өзіндік ерекшеліктері мен конфессияаралық қатынастардың даму үрдістері талданған.

Түйін сөздер: конфессияаралық қатынастар, әлеуметік-саяси, ислам идеясы, ұлт мәселесі.

К.К. Смагулова

Религиозно-политическая позиция Китая в Синьцзяне (70-80 гг.)

В данной статье всесторонне рассматриваются проблемы Синьцзянского этнического меньшинства, социально-политическое положение, свобода вероисповедания, а также занимаемое ими место в политике, процесс интеграции. В том числе описывается место основной Синьцзянской религии – Ислама, а также традиции и обычаи мусульманских народов в китайском обществе. Таким образом, в статье также рассматриваются процессы развития особенностей религиозной самобытности и конфессиональных отношений Синьцзяня.

Ключевые слова: конфессиональные отношения, социально-политический, идея Ислама, проблема нации.

K.K. Smagulova

Religio- political position of China in Xinjiang (70-80 years)

This article is devoted to ethnical problems of Xinjiang minority, socio-political situation, the freedom of confession and its place in policy, processes of integration. The place of the main Xinjiang religion- Islam, traditions and customs of Muslim folks in Chinese society are also described. In this way article considers the processes of development features of religious identities and confessional relations in Xinjiang.

Key words: confessional relations, socio-political, Islam idea, the problem of nation.

Шыңжаң батыс және батыс-оңтүстікте шекараласып жатқан мұсылман мемлекеттерімен тұтасып жатыр. Олар: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пакистан, Үндістан. Оның ішіндегі Шыңжаңмен шекаралас Кашмир аймағы, Пакистан мен Үндістан халқының дінге қатысты талас тудыратын нүктелерінің бірі болып саналады. Тарихта Шыңжаңдағы діндерге Орта Азия, Үндістан, Араб, Иран т.б. мемлекеттердің ықпалы зор болған. Сондықтан бұл ықпал қазірге дейін жалғасып жатыр. Қытай үкіметінің дінге қатысты саясатының өзгерісімен, ҚХР-ның басқа ұлттық

аймақтарында және Шыңжаңда да діни қызмет жанданды.

«Милитаристер және Қытайлық Орта Азия мұсылмандары» атты еңбектің авторы А.Форбс: «Шыңжаң провинциясы географиялық тұрғыдан оқшауланған жер, Шығысқа да Батысқа да тиесілі емес» деп тұжырымдаған ойын Зотов О.В. өзінің еңбегінде алға тартады [1]. Аймақтың тарихи рөлін тек жаһандық мәселелер мен өзара қатынастардың жүйесі ретінде қарастыру арқылы түсініп бағалауға болады.

1949 жылы революция аяқталып, Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін дінге

қатысты саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып дін ұстану еркіндігі қағидасы жарияланды. Ол 1954 жылы ҚХР Конституциясында бекітілді. Алайда іс жүзінде бұл қағиданың жүзеге асуы көптеген бұрмалаулармен қатар жүрді. Қытай Коммунистік Партиясының саясаты кез-келген діни қызметті тоқтатуға және атеизмді насихаттауға бағытталды. Бұл шаралар Қытайдың әлеуметтік-экономикалық деңгейін де, басым көпшілігі діни догмалардың ықпалында қалған ұлттық азшылық шоғырланған аудандардағы халық санасының даму деңгейін де ескермеді. Бұл ең алдымен Қытайдың мұсылман халқына қатысты болды. Олар үшін ислам тек дін емес, өмір салты болып есептелінді.

70 жылдардың соңы мен 80 жылдардың басында ҚХР үкіметі мен ҚКП ОК дінге қатысты саясатын қайта қарастыруға мәжбүр болды. Қытай басшылығының жаңа әдістерін анықтаған алғашқы акт 1982 жылдың 31 наурызындағы «Қытайдағы социализм кезеңіндегі діни мәселелердің негізгі көзқарастары мен саясаты» жөніндегі құжат. Бұл құжатта «жаңа тарихи кезеңде дінге қатысты партия мен үкіметтің басты мақсаты – дін ұстану еркіндігі саясатын жүргізу, ұлттық діни орталардың патриоттық саяси одақтарын кеңейту мен нығайту, олардың әлеуметтік және патриоттық өзара байланыс тәжірибесін күшейту, ірі социалистік модернизацияланған держава құру мен гегемонизмге қарсы, бейбітшілік үшін отанның бірігуі жолындағы үлкен істі аяқтау үшін бірігіп күресу», – деп жазылған [2]. Сонымен қатар құжатта діни қызметтің тарихи жерлері мен дінге табынушылардың көп шоғырланған аудандарындағы табынушылық пайда болған орындарды қайта қалпына келтіру туралы кең ауқымды бағдарлама келтірілді. Және де өз еркімен діни қызметкер болуға тілек білдірген жас буын қатарынан табынушылық қызметкерлерін дайындау қажеттілігі туралы мәселе көтерілді. Бұл жағдайлар діни мәселеге тікелей қатысты құқықтық нормаларда бекітілді. ҚХР жаңа Конституциясының 36-шы бабы бойынша: «ҚХР-ның азаматтары дін ұстану еркіндігін иеленеді. Мемлекет діни қызметтің дұрыс жүргізілуін қадағалайды. Ешкім дінді қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың денсаулығына, мемлекеттің білім жүйесіне зиян келтіру мақсатында қолдана алмай-

ды. Діни ұйымдар мен діни қызметтер шетел бақылауынан бос» [3].

Сөзсіз, ШҰАА өкіметінің дінге қатысты саясатындағы маңызды түзетулер автономиялы ауданның өзінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл елдегі және әлемдегі болып жатқан саяси өзгерістерге байланысты еді. Әрине, бүкіл ШҰАА басшылығының автономиялы ауданның жағдайына қатысты «жағдайды тұрақтандырудың» өз жоспарлары жасалып, шындалады. Оның үстіне осы бағыттағы басты ұйғарымдар орталық органдармен арнайы кеңестер мен дерективті материалдарда анықталып қойған еді. Әсіресе ҚХР Мемлекеттік кеңесінің «№ 62 құжатында» (1989 ж. қыркүйек), Тибет мәселелері бойынша кеңестерде (1989 ж. қазан), Шекаралық ұлттық аудандардағы жағдайды әрі қарай тұрақтандыру міндеттері бойынша (1990 ж. наурыз), Ұлт істері бойынша комитеттердің төрағалардың жиналыстарында (1990 ж. ақпан) және т.б. Шекаралық аудандарда ішкі және сыртқы сепаратистердің зиянкестік әрекеттеріне қатаң шек қою, сырқы қастық күштердің әрекеттеріне деген сақтықты күшейту, соңғы жылдары едәуір әлсіреген идеологиялық жұмысты күшейтуге ерекше көңіл бөлінуі керек деп көрсетіледі [4].

80 жылдардан бастап Қытай үкіметі өзінің қызмет ету жолдарын өзгертті және аймақта мұсылман дәстүрлерін дамытуға және жергілікті табынушылар арасындағы қатынастарды өзгерткен жаңа мәдени саясат жүргізге бастады. Жалпы әлеуметтік іс-қимылды анықтаудың екі түрі бар: бірінші, бақылау арқылы, екінші, іс-қимылдық дәлелдер арқылы. Пекин үшін мәдениет пен діннің дамуын бақылау және тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы дамытуды реттеу өте маңызды болды, өйткені бұл ұлттық қозғалыстарды басудың амалы ретінде болды.

Мәдени либерализация саясатында Пекин ШҰАА-ның әртүрлі аймақтарында әртүрлі бағыттардағы саясат жүргізгендігін ескеруіміз керек. Шыңжаңдағы жалпы халық санының 55 % мұсылмандар болып келеді [5]. Ол қандай да бір аймақта ислам идеясының қаншалықты түрде енгендігіне байланысты. Мысалы, Тұрфан оазисінің мұсылмандарының көбі консервативті оңтүстіктегі әсіресе Қашғардағы мұсылмандарға қарағанда, Пекин бұл аймақта діни мәселеге келгенде көп жағынан басымдылық көрсетпейді,

бұл бір жағынан осы жердегі жергілікті ұйғыр ұлтының қытай үкіметімен ара-қатынасын қалыпты жағдайда болуын біршама жақсартады. Ал Қашғарда антиқытайлық көңіл-күй тұрақты болғандықтан, мемлекет діни сауаттылықты және мешіттердің бой көтеруі сияқты мәселелерді қатаң түрде өз бақылауына алады.

Көп бөлігі мұсылмандар болып табылатын және түркі тілдес топқа жататын тілде сөйлейтін ұйғыр халқының көптеген жылдар бойы Қытайдың ресми билігімен мәселелері болды және ШҰАА-ның тәуелсіздік алу қозғалысын қолдады. 1953 жылы ШҰАА халқының 80% құраған ұйғырлар, қазіргі кезде 20-миллион шамасындағы ШҰАА халқының жартысын құрайды. Екі миллиондық Үрімші қаласында этникалық қытайлар үлесі 70% асады [6]. ШҰАА-ғы қытай этносы өкілдерінің үлесінің артуы ұйғырлар арасында этникааралық шиеленістер, лаңкестіктің өршуі, сепаратистік толқулардың артуы күйіндегі жауапты әрекетті тудырды. Қытайлықтардың ағылуын ұйғыр халқы «жұтылу» саясатының саналы жүзеге асырылуы ретінде қабылданды. Ислам дінінің қалыптасуының ерте кезеңінде ұйғырлар суфизмді ұстанды, бүгінде халықтың басым көпшілігі сунниттер болып табылады. Ұйғырлардың қазіргі заманғы салт-дәстүрлерінің өзіне тән ерекшелігі көптеген өзінің дәстүрлі элементтерін сақтап келеді. Бұл – баланың туылуы мен тәлім-тәрбиесі, неке қию және жерлеу рәсімдеріне байланысты салттар.

ҚХР басшылығы бағыттап отырған қытайлықтардың жаппай қоныстандырылуының ШҰАА халқына әлеуметтік салдарлары айқын. Шыңжаңда 47 этникалық азшылықтың өкілдері

тұрады. Хань (қытай) ұлтын есептемегенде ШҰАА-ның басым бөлігін әртүрлі көрсеткішпен 13 этностың өкілдері құрайды. Көп этносты мемлекеттің әлеуметтік-саяси бағыттарын зерттеу этнос және конфессияаралық қатынастардың және ұлт мәселесінің негізі болып табылады, ШҰАА осындай аймақтардың бірі болып келеді.

Этникааралық және конфессияаралық қатынастар аумағы түбінде әлеуметтік-экономикалық дамуға байланысты болғанымен біршама өзіндік, тәуелсіз сипатқа ие. Ұлт, мысалға, бір қоғамдық құрылыстан екінші қоғамдық құрылысқа өтсе де, саяси жүйелер ауысып жатса да өзінің этникалық және конфессиялық бейнесін (тілін, мәдени ерекшеліктерін, ұлттық салт дәстүрлерін, дін мен діл ерекшелігін т.б.) сақтайды [7].

1990-жылдардың басында Орталықазия аймақтағы геосаяси жағдайдың өзгеруі Қытай Халық Республикасының бұл аймаққа қатысты сыртқы саясатының өзгеруіне маңызды әсер етті. Бұл өзгерістер, ең алдымен, Орталық Азия елдерімен шекаралас ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының ішіндегі жағдаймен байланысты. Соның ішінде, өзіне «үш қауіп» мәселесін қосатын «ұйғыр мәселесі»: ұйғыр сепаратизмі, діни экстремизм және халықаралық терроризм. Жоғарыда айтылғандарға қарап, «Үш қауіп» мәселесіне қатысты келешекте қытайлық үкімет неғұрлым тиімдірек шешім қабылдауы керек болады деген қорытынды жасаймыз. Діни мәселелерді дұрыс шешу халықтың басты мәселесі болып табылады. Бұл мәселелердің дұрыс немесе бұрыс шешілуі, социалистік қоғамның дамуына, тұрақтылығына, халықтың ынтымағына, мемлекеттің тұтастығына әсерін тигізері сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Зотов О.В. Китайский «Средний Восток»: ислам и национализм в Синьцзяне как факторы глобальной геополитики // Ислам на современном востоке. Регион стран Ближнего и Среднего Востока, Южной и Центральной Азии. – М.: Краф, 2004. – С. 361.
- 2 Lin Chashun. Xinjiang zongjiaode jiben tedian // Minzu tuanjie. – 2002. – № 3. – 24-25 ye.
- 3 Кожин П.М. Государство и религиозные организации в Китае // Проблемы Дальнего Востока. – 1986. – № 4. – С.142-146.
- 4 Конституция и законодательные акты КНР. – М., 1984. – С. 31.
- 5 Абен Е., Карин Е. Национал-сепаратистские тенденции в СУАР КНР и проблема безопасности центральноазиатского региона // Центральная Азия и Кавказ. – 1999. – №(3)4. – С.103.
- 6 Ломанов А. Погром в Урумчи спровоцировали через Интернет // Источник Время новостей. – 07.07.2009. – www.asu.ru
- 7 Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты. – Семей, 1995. – 69 б.

References

- 1 Zotov O.V. Chinese “Middle East: islam and nationalism in the Xinjiang as a factor of global geopolitics// ” Islam on the contemporary East. Region of Middle East countries, South and Central Asia. – M.: Kraf, 2004. – P. 361.
- 2 Lin Chashun. Xinjiang zongjiaode jiben tedian // Minzu tuanjie. – 2002. – № 3. – 24-25 ye.
- 3 Kozhin P.M. State and religious organizations in China // Far East problems. – 1986. – № 4. – P.142-146.
- 4 Constitution and legislative acts of CNR. – M., 1984. – P. 31.
- 5 Aben E., Karin E. National-separatist tendencies in XUAA of CNR and Security problem of Central Asia Region // Central Asia and Caucasus. – 1999. – №(3)4. – P.103.
- 6 Lomanov A. Clash in Urumchi provoked by Internet // The source New’s time.07.07.2009. – www.asu.ru
- 7 Borbasov S.M. National policy and processes in Kazakhstan. – Semey, 1995. – p.69 .

УДК-299-4

А.С. Таубалдиева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: takt71@mail.ru

Аруақтар – дала елдерінің қолдаушылары

Мақалада дала елдерінің үлкендерге деген сыйластығы мен ізгі ниеттерінің аруақтар культына айналғаны туралы баяндалады.

Түйін сөздер: аруақтар, ақсақал, шежіре, Тәңір, көшпенді, дала адамы.

А.С. Таубалдиева

Духи – покровители степных народов

В статье рассматривается об уважительном отношении к старшему поколению у степных народов-кочевников, которое со временем видоизменилось и перешло в культ почитания аруахов.

Ключевые слова: духи, ақсақал, родословная, Тенгри, кочевник, степняк.

A.S. Taubaldyeva

Spirit – the patrons of the steppe peoples

The article discusses about the respect for the older generation in the steppe nomadic peoples, which eventually modified and turned into a cult of veneration aruah.

Key words: spirit, aksakal, pedigree, Tengri, nomad, Stepniak.

Для выявления особенностей этнического сознания приходит на помощь такое понятие как ментальность (менталитет) – образ отдельно взятой личности, группы людей, вместе с тем, присущая им духовность, ее социальная, биологическая индивидуальность, мироощущение, склад ума. Их генетические качества отвечают за ментальные особенности различных этносов. К примеру, немец-пунктуален, русский-открытый, англичанин-чопорный, то казаха от них различает – гостеприимство, дружелюбие, радушие, доброта, а также доброе отношение к родичам и к старшим.

Культ памяти предков берет свое начало из глубин патриархально-родовой эпохи.

На протяжении длительной и непростой истории жители степных просторов накопили богатый опыт в области обучения и воспитания подрастающего поколения, выработали своеобразные обычаи и традиции, правила, нормы и принципы поведения человека. Нелегкая жизнь степняков ставила жесткие требования. Люди

должны были быть не только физически крепкими, но и иметь соответствующую психическую закалку, помогающую переносить трудности кочевого образа жизни. Степняки занимались скотоводством, охотой, кое-где земледелием. Кочевник-мужчина был и воином, и пастухом, и добытчиком, и главой семьи. Отсюда и народная поговорка: «Сегіз қырлы, бір сырлы», примерный перевод на русский «и жнец, и швец, и на дуде игрец». В общине кочевников роль каждого ее члена была четко определена согласно возрасту и занимаемому положению. Нормы общения были известны всем с самого детства. Сходство интересов, общие взгляды на жизнь способствовали быстрому, беспрецедентному взаимопониманию, коммуникабельности, позитивным межличностным связям. В сплоченной общине культивировались обычаи и традиции того или иного рода. Утро любого кочевника начиналось с того, что дети кланяются родителям, родители бабушкам и дедушкам. Никто не притрагивается к пище раньше старшего в роду, никто ему не

перечит, слушают молча. Даже, дети будучи в сорокалетнем возрасте слушают наказ старших опустив глаза и голову. Именно старшее поколение имеет право судить и поучать с высоты своих прожитых лет. В других культурах к старшим могут обращаться по – разному, но не казахи и не кыргызы. Они с уважением в голосе скажут: «Уважаемый аксакал», и этим все сказано. Культура служения окружающим учит ценить не вещи, а мудрость, жизненный опыт и возвышенные качества. В этих традициях детей учат уважать старших и служить им, а также прививают любовь к добрым поступкам и красоте души. Такие люди с возрастом обретают богатый внутренний опыт, и действительно заслуживают, то уважение, которым они окружены. В ответ на уважение старшие делятся своей мудростью и любовью.

Развитие и становление простых нравственных понятий у предков современных казахов и кыргызов происходило постепенно на протяжении столетий. Периодически они видоизменялись в связи с возрастающими духовно-нравственными потребностями людей, сменой их идеалов и общественно-социальных установок. Одной из ведущих древних традиции у казахов является знание своей родословной, своего генеалогического древа – «шежіре», что всегда было характерно для степняков-кочевников в их стремлении продолжать род, развивать обычаи и традиций своей общины. Во многих семьях хранились ценнейшие предания, которые передавались из поколения в поколение, от отца к сыну. Здесь нам хочется привести пример, с позволения читателей данной работы, из опыта двух величавых лидеров казахской нации в разные периоды, которые немало сделали для современного Казахстана и являются доблестными сынами своего народа. Первый секретарь ЦК Компартии Казахской ССР Динмухамед Ахметович Кунаев в своей книге «От Салина до Горбачева» пишет: «...стало быть, мое ближайшее генеалогическое древо выглядит следующим образом: Жолым, Нурмамбет, Азнабай, Конай, Жумабай, Минлиахмед, Динмухамед».(1) Тут же обратимся к фильму Б.Есентаевой «Небо моего детства», где нынешний Президент Республики Казахстан Назарбаев Нурсултан Абишевич называет свое генеалогическое древо: «Айдар, Мырзатай, Кенбаба, Едил, Сапакбай, Назарбай, Абиш».(2) Так, ребенку с самого детства внушалось почитание

и уважение к своим предкам и своему роду. В основе их почитания лежит вера, что в трудные минуты жизни духи предков их не оставят, они им помогут и поддержат.

К погребениям и поминкам у степняков было особое отношение. Смерть кочевника должна быть сопровождена не только скорбью и печалью сородичей, но и громким плачем и воплем ближайших родственников, которые просто обязаны буквально плакать в голос, рвать на себе волосы, одежду, царапать себе лицо. Насколько они душераздирающе проведут народный обряд и исполнят (женщины – жена, дочь, невестка и т.д.) «жоктау», от этого зависело поверят ли их стенаниям их сородичи и односельчане. Оплакивание покойника продолжалось до тех пор, пока кто-либо из старших не останавливал со словами: «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес. Сабыр ет».

Умерших кочевники хоронили по древнему тенгрианскому ритуалу. Покойника ставили на возвышенность в юрте собственной, семь раз обходили вокруг юрты, подойдя ко входу юрты каждый царапал себя по лицу и плакал при этом. Похоронив умершего в этой же юрте, сами переезжали в другое жилище. Возможно поэтому современные казахи и кыргызы воздвигают умопомрачительные дворцы-мавзолеи своим ушедшим предкам. У нас есть основание так утверждать, потому как в исламе не придают столь выпирающего внимания усопшим. Во многих мусульманских странах на кладбищах можно видеть небольшие одинаковые холмики, выстроенные в ряд. Конечно, достойно проводить в последний путь, молитву прочитать за упокой души необходимо, и траур держать разрешается только три дня. Чего весьма не наблюдается в тенгрианстве. Траур может длиться очень долго. На юрту прикрепляют деревянный кол, на него подвешивают тряпку определенного цвета. Если умер ребенок – тряпка красного цвета. Мужчина средних лет – черного цвета. Старец – белого цвета, и не снимаются до года и больше. Поминки совершаются через сорок дней, сто дней, через год. И в последующие года в день смерти устраивают «ас», что сохранилось по сей день. После аса состоятельные казахи и кыргызы в честь предка устраивают скачки, кокпар. До истечения сорока дней нынешние казахи и кыргызы зажигают лампы, где лежал покойник, чтобы злые духи не приходили в дом усопшего.

Обычай раздавать после погребения «жыртыс» тоже языческий ритуал. Жыртыс-кусочки материи, раздаются только женщинам, в знак того, что через эти кусочки материи передаются энергия, жизнелюбие покойного. Если умерший был молод, то жыртыс не раздавался.(3)

В культуре казахского и кыргызского обществ важное место занимает и является одним из наиважнейших столпов тенгрианства такая духовно-нравственная ценность – уважение к старшим, которая постепенно перешла в почитание «аруахов»-духов умерших предков. Обряд – языческий. слово – арабское. Что более доказывает о переплетений мусульманства и тенгрианства.

Вопреки запретам мусульманских священнослужителей, не придавать сотоварищей Единому Богу, призывание и обращение к аруахам было и остается по сей день очень мощным. Древние люди верили, что аруахи покровительствуют им, оберегают их от невзгод и несчастий. Поэтому они всячески почитали их, и старались умиловить всеми средствами. Возьмем к примеру отрывок из кинофильма режиссера Б.Шамшиева «Выстрел на перевале» русский начальник хочет приобрести землю под названием «Сарымсакты» у волостного-казаха за сходную цену. На что волостной отвечает: «Там покоится прах моих отцов, следовательно об этом урочище и речи быть не может. А духи предков священны».(4) Цитируя Ч.Валиханова, который написал свой труд аж в 19 веке: « У киргизов почитание аруахов до сих пор во всей силе. Они в трудные минуты жизни призывают имена своих предков»(5), хочется заметить, что почитание духов предков крепко сидит и в 21 веке в умах нынешних казахов и кыргызов, несмотря на внешнюю привязанность последних к исламской вере. Вспомните хотя бы то, что проезжая мимо какого-либо мусульманского кладбища, современные казахи и кыргызы со словами: «Аллаху акбар» проводят ладонями по лицу. Хотя такого обряда в исламе, конечно же, нет.

Во всех трудных житейских ситуациях тюрки обращались к аруахам. Они верили, что души их умерших предков способны защищать, оберегать, оказывать влияние на судьбу человека, рода, аула и т. д. У кочевников в каждом роду почитался культ своего предка. Отсюда ясно, что у каждого клана было свое место захоронения. Примечательно, что такое захоронение наблюда-

лось и у туркмен, и у кыргызов. После смерти они становились могущественными аруахами. Могилы таких предков ревностно охранялись. Там присягали, произносили клятвы, резали жертвенных животных, чтобы угостить ими ушедшие души, для того, чтобы они оберегали их от бед и несчастий.

Как мы уже говорили выше, несмотря на принятие казахами и кыргызами ислама, сохранилось традиционное почитание духов. Оно смешалось с мусульманскими обрядами. Называя малой Меккой современные казахи, кыргызы, узбеки совершают так называемый малый «хадж» в город Туркестан, где обязательным местом поклонения является мазар Ахмета Яссауи, мазар Арыстанбаба, который тоже находится неподалеку от этого города. Посетители читают молитву (суры из священного Корана) прямо внутри мавзолея, обращаясь к аруахам своих знаменитых земляков, прося у них поддержки, помощи: «Алдымен-Алла колдасын, сосын аруактар колдасын!»

Всякую удачу приписывают покровительству аруахов. В художественном фильме Б.Есентаевой «Небо моего детства» герой фильма (Президент страны) рассказывает, что его родители очень долго не могли иметь детей. И старшие посоветовали им съездить на могилу Райымбека и произвести молитвенный обряд. Молодой паре надо было взять материю примерно метров два, три и семь раз обойти мазар, в это время бабушка-баксы читала молитву. После этой поездки и молитвенного обряда матери героя фильма приснился сон, будто она на дне моря нашла ружье. Старшие предрекли, что родится обязательно сын.(6)

Современные казахи и кыргызы не представляют свою жизнь без того, чтобы не призвать аруахов, не забить жертвенное животное, и не собрать народ, чтобы угостить. Приглашают родственников, соседей, приятелей отведать жертвенный обед «кұдай-тамақ» со словами: «Өлі риза болмай, тірі байымайды». Жарят семь лепешек по пятницам (священный день у мусульман) чтобы запах масла, на котором жарили шелпеки дошел до аруахов: «дәметкен аруактарға тие берсін» – говорят в таких случаях. Устраиваются такие мероприятия по любому поводу – начиная от рождения ребенка, заканчивая смертью человека: шілдеhana, бесік той, тұсау кесу, сүндет той, тілашар, мектеп бітіру, жоғарғы оқу орнына

түсу, үйлену тойы, жаңа үйге кіру тойы, сапарға шығу, сапардан қайту, қайтыс болу и многое другое. Здесь уместно вспомнить подготовку к обрезанию мальчика-Кенже в фильме режиссера Р.Абдрашева «Құрақ көрпе». Сначала мулла прочел молитву у изголовья жертвенного барашка, затем сделал бата: «Әумин десең маған, Тәңір берсін саған, Алла жарылқасын, сүнетің қабыл болсын, әумин!». Затем должен идти сам обряд обрезания, созывание гостей, которые заваливают ребенка подарками, добрыми пожеланиями и усаживаются за щедро накрытый дастархан. (7)

Одним из самых тяжелых и неугодных проклятий для кочевника было: «аруақ ұрсын»-

(пусть покарают духи). Поэтому робкий, пугливый, суеверный степняк старался не доводить дело до того, что им были бы недовольны аруахи.

Анализируя все вышесказанное можно подытожить, принципы толерантности и уважения старших можно назвать основными принципами древнего степняка, в которых проявляются общие черты, на которых построена вся культура общения и взаимопонимания поколений у казахов и кыргызов. Одной из главных черт традиционной тюркской культуры остается почтительное, доброжелательное, уважительное отношение к старшему поколению.

Литература

- 1 Д.А.Кунаев «От Сталина до Горбачева», А.,1994, с.12
- 2 Худ.фильм «Небо моего детства», реж.Р.Абдрашев, Каз.фильм, 2011.
- 4 Худ.фильм «Выстрел на перевале», реж.Б.Шамшиев, Каз.фильм,1970.
- 5 Ч.Валиханов «Этнографические исследования», А.1999, с.470.
- 6 Худ.фильм «Небо моего детства», реж.Р.Абдрашев, Каз.фильм, 2011.
- 7 Худ.фильм «Құрақ көрпе», реж.Р.Абдрашев, Каз.фильм, 2009.
- 8 А.И.Левшин «Описание киргиз-казачьих или киргиз-казакских орд и степей», А.,2009.
- 9 Р.М.Мустафина «Представления. Культы. Обряды у казахов», А., 1992.
- 10 М.Ж.Булутай «Ата-баба діні» А.,2000.

УДК 81:001.12/.18

А.Б. Тойгулова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: ainelyatoigulova@gmail.com

Государственная поддержка неправительственных организаций в Республике Корея

В последнее время количество неправительственных организаций (НПО) растет очень быстро во многих странах мира и Корея не является исключением. В последнее время, учитывая нарастающую роль гражданского общества, правительство Кореи уделяет особое внимание на деятельность и призыв НПО. Есть минусы и плюсы в отношении между правительством и НПО, но отношение между правительством и НПО постепенно становится неделимой. Вдоль такой тенденции эта статья рассмотрит правительственную помощь корейским НПО.

Ключевые слова: неправительственные организации (НПО), государственная поддержка, финансовая помощь

А.Б. Тойгулова

Корея Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік қолдау көрсету

Азаматтық қоғам мен ҰЕҰ өсуіне қарай Корея үкіметі соңғы жылдары ҰЕҰ шақыруы мен қызметтеріне байсалдылықпен назар аудара бастады. Және ҰЕҰ-ның қоғамдық жобаларына қаржылай қолдауын арттырды. Бұл мемлекет пен ҰЕҰның байланысының дұрыс және бұрыс жақтары бар екендігі, және екеуінің байланысы ажыратылмайтынын көрсетеді. Бұл мақала мемлекеттің ҰЕҰ-ға қолдауын қарастырады.

Түйін сөздер: үкіметтік емес ұйымдар, мемлекет (ҰЕҰ), мемлекеттік қолдау, қаржылай көмек

A.B. Toiglova

The governmental assistance to Korean NGOs

In response to the growing role of civil society and NGOs, the Korean government has paid serious attention to the voices and activities of NGOs. There are both pros and cons to relations between government and NGOs, but government-NGO relations are gradually being accepted as inevitable. Along such a trend, this paper will review governmental assistance to Korean NGOs

Key words: non-governmental organizations (NGOs), governmental assistance, financial support

Количество НПО в последнее время растет очень быстро во многих странах, включая Южную Корею. В различных областях корейского общества было введено концепция управления и совместного сотрудничества, партнерское отношение между правительством и НПО расширяются со временем. Таким образом, многие НПО в Корею играют важную роль, такие как контрольная комиссия правительства и бизнеса. [1] [2] [3] В результате большинства НПО начали получать серьезное внимание в широком объеме национальных и местных дел.

Пері (ир. پری) зат. миф. 1. Діни сенім бойынша, аспанда су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдықтың күш иесі. Сонадай жерде, ылдида қарауытқан бидайық шетінде бірдеме қараңдайды, қыбырлағандай болады. Бұл не? Мал дейін десем, шоқиып отырған тәрізді. Құс деуге –қомақтырақ. Жын ба? Пері ме? Сайтан ба? 2. ауыс. Жынды, есерсоқ, долы кісі. Ол осы ауылдарға кеп түскенде, қасына ере келіп, Қызылқайнардағы ауылдардан асығыс лау мініп, Ақтомарға, Бөкеншіге қарай құйықтыра, құтыра шауып, өткен атшабарлар болған. Олар: Далбай, Жақай дейтін бүлік, сотқар, жаңа перілер (М.Әуезов, Шығ). 3. ауыс. Әдемі, ерекше сұлу қыз. Гаухардай көзі, Бұлбұлдай сөзі, Жаннан асқан бір пері. Жүзі бар айдай, Мінезі майдай, Өзгеден артық жері (Ш. Құдайбердиев, Шығ) [7, 361б.].

پیر (пир) сын есім, зат есім. 1. Қарт 2. Ежелгі. 3. сопылық термин. Ұстаз, муридтердің ұстазы, шейх [6, 884 б; 8, 784б.].

Пір (ар. پير) зат. 1. діни. Діни қауымдастықтың басшысы, жетекшісі. Баршасы үшбуларды пірім деді, Хазірет ақылы дана білімді еді. Патшадан қазақ үшін муфти сұрап, Өзінен халықтың қамын бұрын жеді (Кердері Әубәкір, Қазағым). 2. миф. Адамдарды желеп-жебеуші, әулие. – Шырағым, ата-бабаңа пірлердің дұғасы тиген, бақ қонып, қыдыр дарыған (Ж. Аймауытов, Шығ). 3. ауыс. Сиынушы, демеуші, сүйеуші. Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай. Сырлы сұлу сөздері, маған тартқан сыйындай (Жамбыл, Шығ.жин) [7, 422 б.].

پيشانی (пиш-ан-и – орта парсы тілінде – пешаник), күрделі зат есім. Шаш өсетін жерден каска дейін аралықта болатын беттің жоғары жағы. Маңдай [7, 909; 9, 709].

Пешене (ир. پيشانی) зат. Жазмыш, тағдыр. Не көрсем де осы өлеңім –пешенемнен көремін (Ш.Әлдибекұлы, Тағы бір) [7, 668 б.].

Пайғамбар (ир. پيغمبر – пайғам –хабар және алып барушы) зат. діни. 1. Қауымға Алла ақиқатын жеткізіп, Құдайдың барлығы мен

бірлігін мойындауға шақырушы елші. Бұл айтылған үш хокләттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң әулиелер, онан соң хакимдер, ең ақыры кәміл мұсылмандар (Абай, Толық жин). 2. Мұхаммед пайғамбар. Пайғамбарды көрген жоқ жұрттың бәрі. Пайғамбардың сипаты сендей ме екен, Орақ мұрын, шегір көз, ақжал сары, – дейді (М.Жұмабаев, Шығ) [7, 271 б.].

Қазақ тілінде кеңінен қолданылып жүрген *пенде* сөзі парсы тілінен енген. Парсы тілінде беретін мағынасы *بندۀ* (бәндә (е) – орта парсы тілінде – бәндәк, көне парсы тілінде -бәндәкән) – 1. Құл. 2. Нөкер, қызметші. 3. Бағынышты. 4. Мен, айтушы, 1-жақ [6, 588 б., 8, 318 б.]. Пенде. 1. зат. 1.Тірі жан, адам, кеудесінде

жаны бар тіршілік иесі. Білімдіге жол табылмай ма? Іздесе пендеге жол табылмай ма? Ақты қойып, арамды әдет етсек, Денеміз дозаққа өзі жағылмай ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ). 2. діни. Құдайдың құлы. Өзі мың есіткенім осылайды, Байтақ жұрт патшаға құл басыбайлы. Бай болмақ, жарлы болмақ, бір Құдайдан, Пендені жалғыз Алла асырайды (Кердері Әубәкір, Қазағым) [7, 350 б.].

Қазақ тілінде құрастырылған сөздіктерде парсы тілінен енген кейбір сөздердің шыққан тегі арабтық деп келтірілген. Осы іспеттес олқылықтарды болашақта болдырмау мақсатында, тілді білетін мамандардың сөздіктер жасауда өздерінің үлесін қосуы қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Baipakov K.M., Erzakovich L.B. Drevnie goroda Kazaxstana. – Alma-Ata.: 1971.
- 2 Bertels E.E., Istoriya tadzhiksko-persidskoi literatury. – Moskva.: Vostochnaya literature, 1960. – 560 s.
- 3 Bartold B.B. Raboty po istorii i filologii tyurskix i mongolskix narodov. – M.: Vostochnaya literature, 2002. – 757 s.
- 4 Gafurov B.G. Tadjhiky. Drevneishaya, drevnyaya i srednevekovaya istoriya.-Moskow.: Nauka, 1972.
- 5 Zhemenei I. Muhammad Haidar Dulat (1499-1551) tarihsy-qalamger. – – Almaty.: Zerde, 2007.
- 6 Moin Mohammad. Farkhang-I farsy. J- 1,2,4. – Tehran.: Sepehr, 1375.
- 7 Qazaq adebytilinin sozdigi. 1, 3, 5, 10,11,12- T. Almaty.: Arys baspasy, 2006.
- 8 Dehkhoda Aly Akbar. Logatname-ye Dehkhoda. J – 2, 11, 12, 13, 21, 37, 48. Tehran.: Sirys, 1375.
- 9 Syzdyqova R.Yasauı «Hikmetterining » tili. – Almaty.: Sozdik-Slovar, 2004. – 552 b.
- 10 Myrzabekten S. Qazaq tilinin fonetykasy. Oququraly. – Almaty.: Qazaq universiteti, 2004.

УДК 81 367

Е.Ә. Керімбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушысы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: erker_70@mail.ru

Қытай тіліндегі дағдылы тіркестер – гуань юн юйдің шығу тарихы және қалыптасу үдерісі

Мақала қолданылу аясы мен саны қытай тіліндегі фразеологиялық бірліктердің ешбірінен кем түспейтін, алайда аз зерттелгендіктен тиісті бағасын ала алмай отырған дағдылы тіркестерге арналған. Гуань юн юй-дағдылы тіркестер қытайлықтардың дүниетанымынан хабар беретін маңызды тілдік құбылыс ретінде қытайлық лингвист ғалымдардың назарын өзіне соңғы жылдары ғана аудара бастады. Ертеректе жазылған еңбектерде дағдылы тіркестер түрлі фразеологиялық бірліктердің қатарына жатқызылып, тасада қалып келді.

Мақалада қытай тілі фразеологизмдерінің ішіндегі негізгі фразеологиялық бірліктердің бірігуань юн юй-дағдылы тіркестердің шығу тарихы мен қалыптасу үдерісі қарастырылған.

Түйін сөздер: қытай тілі фразеологизмдері, гуань юн юй-дағдылы тіркестер.

Е.А. Керимбаев

Источники происхождения и процесс формирования привычных выражений – гуан юн юй в китайском языке

В статье рассказывается об источниках и процессе развития одной из основных фразеологических единиц в китайском языке – привычных выражений.

Ключевые слова: фразеологизмы китайского языка, привычные выражения.

E.A. Kerimbaev

Origins and process of forming the colloquial idioms – guan yong yu in Chinese

The article describes the sources and development of one of the main phraseological units in the Chinese colloquial idioms-guan yong yu.

Key words: Chinese idioms, colloquial idioms.

Қытайдың мыңдаған жылдық тарихымен бірге қалыптасып, бірге жасасып келе жатқан қытай тілі фразеологизмдері бүкіл Қытай өркениетінің тарихын бойына сіңірген материалды және рухани мәдениеттің сарқылмас кені сияқты. Оларды оқи отырып біз тарихы бірнеше мыңдаған жылдарды құрайтын Қытай халқының дүниетанымы, рухани және материалды құндылықтары туралы көптеген ақпаратқа қанығамыз.

Қытай тілі мамандарына негізінен қытай тілі фразеологизмдерінің чэн юй (сөзбе-сөз аудармасы «дайын тіркес»), се хоу юй (астарлы тіркестер), янь юй (мақал), су юй (мәтел) сияқты фразеологиялық бірліктер кеңінен таныс. Салыстырмалы түрде тыңғылықты зерт-

телген осы фразеологиялық бірліктердің тасасында қалып отырған, сонысымен өзінің тиісті бағасын ала алмай отырған қытай тілі фразеологиялық бірліктерінің бірі гуань юн юй-дағдылы тіркестердің шығуы мен дамуы біздің мақаламызға арқау болып отыр.

Гуань юн юй генетикалық тұрғыдан алып қарағанда өзінің тікелей мағнасынан айрылып, оны құрап тұрған компоненттердің мағнасына сәйкес келмейтін ауыспалы-бейнелі мағнаға ие болған, метафораландыру процесіне ұшыраған еркін тіркестерден жасалған.

Қазіргі заманғы күнделікті қолданыстағы қытай тілінің тәртібіне сәйкес құрылған Гуань юн юй – тіркестердің негізгі қайнар көзі ауыз екі тіл екені даусыз. Алайда көптеген қытай

деректерінің көрсетуінше гуань юн юйдің шығуы терең тарих қойнауына кетеді. Олардың көбісі “俗, 俚俗, 俚语” – «қарапайым тіл» деген аттармен көптеген ежелгі тарихи және әдеби ескерткіштерде табылғандықтан, бүгінгі күнге дейін жетіп, қазіргі заманғы қытай тілінде кеңінен қолданылып жүр. Осылайша гуань юн юйдің тарихы туралы сөз қозғаған кезде, біз оның тілде алғашқы көрініс берген уақытын тап басып айта қоюымыз неғайбыл. Біз тек қана оның тұрақты, «дағдылы», кең қолданыстағы тіркестер ретінде ауқымды жайылған кезеңі туралы ғана айта аламыз.

Өзінің тілдік формасын сақтап қалған, қазіргі заманғы тілдің құрылымына еркін енген ежелгі деректерде кездесетін гуань юн юйлердің мысалын көптеп келтіруге болады.

掉书袋 diao shu dai “шешендік сөздерді орынды, орынсыз сөйлеп қалу, өзінің білімін көрсетіп қалу», (тікелей аудармасы «кітап толы қапты түсіріп алу») [“南唐书。利用传”]

登龙门 deng long men «ықпалды тұлғалардың арқасында биік мансапқа ие болу; мемлекеттік мансапқа ілінетін емтиханды сәтті тапсыру» (тікелей аудармасы «аждаһаның қақпасына шығу») [“后汉书。李传”]

戴高帽 dai gao mao «біреуге жағыну» (тікелей аудармасы «біреудің басына биік (қоқиған) қалпақ кигізу») [“北史。熊安生传”]

Бір айта кететін нәрсе, қазіргі кезде қолданыста жүрген гуань юн юйлерге ұқсас, ежелгі деректерде кездесетін гуань юнь юйлер бүгінгі таңда мүлде қолданыста жоқ немесе фразеологиялық бірлік ретінде қалыптаспаған. Немесе өзінің бастапқы формасын өзгертіп, қазіргі қытай тіліндегі төрт сөзден тұратын чэнь юй түрінде кездеседі.

Мысалы Цин дәуірінде жазылған Чжай Хаоның «Кең таралған тіркестер» деген еңбегінде кездесетін 虎添翼 hu tian yu тіркесін алсақ. Тікелей аудармасы «жолбарысқа қанат жалғау». Бүгінгі таңда бұл тіркес 如虎添翼 ru hu tian yu деген чэнь юйге айналған. Мағнасы: қаскүнемге көмектесу; күштіге күш қосып беру дегенді білдіреді.

坐针毡 zuo zhen zhan деген тіркес, тікелей аудармасы “ине шығып тұрған киіз төсеніште отыру». Қазіргі қытай тілінде 如坐针毡 ru zuo zhen zhan деген чэнь юй ретінде қолданылады, яғни «инеді отырғандай» деген мағынаны білдіреді.

风中烛 feng zhong zhu сөзбе-сөз «жел өтіндегі балауыз» (қазіргі тілде 风中之烛 feng zhong zhi zhu сөзбе-сөз «жел өтіндегі балауыз» немесе 风中残烛 feng zhong can zhu сөзбе-сөз «жел өтіндегі балауыздың жылтылы» – «бір аяғы жерде, бір аяғы көрде болу»);

料虎头 liao hu tou сөзбе-сөз «жолбарыстың басының қамын ойлау» – бастауы «Чжуан Цзы» болып табылатын сөз тіркесі, Цин дәуірінде (1644-1911) Чжай Хаодың «Кең таралған сөз тіркестерінің жинағы» құрастырылған кезде тілде мұндай формада әлдеқашан қолданылмайтын еді, оның орнына «Жинақ» авторының өзі көрсеткендей қарапайым формадағы басқа тұрақты сөз тіркесімен алмастырылған болатын – (老) 虎头上搔痒 (lao) hu tou shang sao yang сөзбе-сөз «жолбарыстың басын қасу». Қазіргі тілде өз алдына еркін фразеологиялық бірлік болып табылатын соңғы сөз тіркесінің бірнеше нұсқасы мен синонимдері бар: 老虎头上来揉痒 laohu tou shang lai rou yang сөзбе-сөз «жолбарыс басындағы қышыған қотырын қасып беру», 老虎头上扑苍蝇 laohu tou shang pu cang ying сөзбе-сөз «жолбарыс басындағы шыбынды ұру». Олар 老虎头上拍苍蝇 – 自找苦吃 laohu tou shang pai cang ying – zi zhao ku chi сөзбе-сөз «қақпанға өзі келіп түсу; сау басына сақина тілеп алу» (сөзбе-сөз «жолбарыстың басындағы шыбынды қағу – өз басына өзі қайғы іздеумен бірдей»).

虎口里拔牙 hu kou li ba ya сөзбе-сөз «жолбарыстың аузынан тісін жұлып алу» тіркесі жоғарыда айтылғаннан бөлек «қауіпті, қиын күрес» мағынасына да ие болуы мүмкін.

Кейбір «көнерген» гуань юнь юйлер тілдің дамуы барысында көптеген өзгерістерге ұшырады, мысалы лексикалық өзгерістерге: 饮墨水 yin moshui – 喝墨水 he moshui сөзбе-сөз «сия ішу» – «көз майы таусылғанша ілім-ғылыммен айналысу».

Гуань юн юйлердің пайда болуы – қытай фразеологиясындағы қызықты мәселелердің бірі. Қытай лингвистері мен шетелдік әріптестер гуань юн юйлердің негізгі шығу төркіні қолданыстағы тірі ауызекі тіл, одан бөлек, аңыз-әңгімелер, насихаттар, әдеби шығармалар, поэзия, қанатты сөздер, диалектілер, сонымен бірге түрлі терминдік жүйелер – медицина, сауда-саттық, әскери, театр және т.б. деген ортақ тоқтамға келеді. Гуань юн юйлердің тағы бір шығу тегі фразеологизмдердің басқа

тобы, әдетте халықтық сөздер – мақалдар мен мәтелдер, астарлы сөздер болып табылады.

Гуань юн юйлердің шығу төркінінің осынша көптігіне қарамастан олар жоғарыда айтылғандай метафоризация үдерісіне ұшыраған еркін сөз тіркестері болып табылады. Тіпті нақты шығу төркінін анықтау мүмкін болмаса немесе өте қиын болған жағдайда да, берілген тіркес еркін сөз тіркесінің метафоралық тұрғыда қайта мағыналануының нәтижесі деп сеніммен айтуға болады. «Метафора гуань юн юйдің бастауы ретінде алсақ, ол – меридиан, ал қалғанының барлығы – параллельдер», – деді Ма Го-фань[2,214]

Адамдардың күнделікті өмірі, олардың бақылаулары мен бағалаулары адам мен қоғам өмірінде болып жатқан түрлі оқиғалар, айнала-дағылардың іс-әрекеті, қалыптасып қалған әдеттер мен дәстүрлер жөнінде баяндауларды туындатады. Халықтық қарапайым тілге ие мұндай тіркестер ақырындап жалпылама қасиетке ие бола отырып және де тілде тұрақты тіркеске айнала отырып гуань юн юйлерге айналады. Мысалы:

吃现成饭 *chi xian cheng fan* «дайын асқа тік қасық болу» (сөзбе-сөз «дайын тамақты жеу»)

拉老婆舌头 *la lao po she tou* «өсек айту; ғайбат сөз айту» (сөзбе-сөз «кемпірді тілінен тарту»)

一锅端 *yi guo duan* «бәрін ақтарып салу; еш нәрсені жасырмау; бүге-шігесіне дейін жеткізу» (сөзбе-сөз «үстелге қазанды алып келу»)

下软蛋 *xia ruan dan* «әлсіз; ез; қорқақ; бокмұрын» (сөзбе-сөз «жұмсақ жұмыртқа басып шығару»)

戴[乌]纱帽 *da i[wu] sha mao* «мемлекеттік қызмет атқару; шенеунік болу» (сөзбе-сөз «флер бас киім киіп жүру»)

打官腔 *da guan qiang* «ресми үнмен сөйлеу» (сөзбе-сөз «шенеуніктік мәнермен сөйлеу»)

抬轿子 *tai jiao zi* «мақтау; мадақтау; астына көпшік қою; төбесіне шығару» (сөзбе-сөз «паланкінді алып жүру»)

Ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан түрлі аңыздар мен әңгімелер, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер тұрақты сөз тіркесін жасаудың берік те өшпес әдісі болып табылады. Біз бұған өткен тарауларда көз жеткіздік. Бұның құрамына гуань юнь юйлер де кіріп кетеді.

穿小鞋 *chuan xiao xie* «біреуге тосқауыл қою; ыңғайсыз жағдайға қалдыру» (сөзбе-сөз «тар аяқ киім кию»)

Басқа гуань юн юйдің шығуына арқау болған тура сол дәстүрмен байланысты тағы бір оқиға бар.

露马脚 *lou ma jiao* «өзін-өзі ұстап беру; өтірік өрге жүзбес» (сөзбе-сөз «жылқы аяқтарын көрсету»)

Бұл гуань юн юйдің тура мағынасы «аттай аяқтарын көрсету» (немесе тұяқ 蹄 *ti* деген де мағынасы бар) барлық қытайша сөздіктерде беріледі. Алайда аталған фразеологизмнің шығу тегінің басқа да нұсқасы бар.

Тұрақты сөз тіркестерінің, әсересе гуань юн юйлердің өмір сүруінің түрлі нұсқалары өте жиі кездеседі. Соның ішінде қайсысы шындыққа сай келетінін дөп басып айту мүмкін емес.

Төменде гуань юн юйдің шығу тегінің үш түрлі нұсқасы бар:

敲竹杠 *qiao zhu gang* «ақша талап ету; бопасалу» (сөзбе-сөз «бамбук ағашын шерту»)

眼中钉 *yan zhong ding* «көздегі тікен; көзге күйік болу» (сөзбе-сөз «көздегі шеге»)

吃醋 *chi cu* «қызғану» (сөзбе-сөз «сірке суын ішу»)

吃闭门羹 (闭门羹) *chi bi men geng (bi men geng)* «жер сипап қалу; тақырға отыру» (сөзбе-сөз «жабық есік сыртындағы қойыртпақты жеу»)

Гуань юн юйлерді құрауға көркем әдебиет те бай материал ұсынады. Атақты «Батысқа сапар» романы көптеген гуань юн юйлердің шығу көзі. Мысалы:

上西天 *shang xi tian* «дүние салу; о дүниеге аттану» (сөзбе-сөз «Батыс аспанына сапар шегу»)

打入十八层地狱 *da ru shi ba ceng di yu* «ауыр жазаны арқалау; тозақтың тауқыметін көру» (сөзбе-сөз «тозақтың он сегіз қабатынан өту»)

«Батысқа сапар» романында «көлеңкелер патшалығы» және «отты гееннаның» – кінәлілердің қайтыс болғаннан кейінгі жазаланатын жері (Дантенің «тозақтың тоғыз шеңберімен салыстырыңыз»), он сегіз қабаты жан жақты сипатталады.

Гуань юн юйлердің белгілі бөлігі тұрмыста әдеттегі салыстыру ретінде қолданылатын еркін сөз тіркестерінің алдымен қанатты сөздерге, ал кейіннен гуань юн юйлердің өзіне айналу үдерісінде пайда болады. Мысалы, 开中药铺 *kai*

zhong yao ru сөзбе-сөз «қытай дәрі-дәрмегін сататын дүңгіршек ашу», 摘桃子 zhai tao zi сөзбе-сөз «шабдалыларды үзіп алу», 弹钢琴 tan gang qin сөзбе-сөз «рояльда ойнау» гуань юн юйлері.

Гуань юн юйлердің шығу тегінің ұлттық тілдегі ең басты көзі диалектілер болып табылады. Негізі әрбір диалект немесе говор өз сөздік қорында тек шектеулі сол диалектіде ғана қолданыла алатын гуань юн юйлері болады. Осы диалекттен шыққан фразеологизмдер ортақ тілге енгеннен кейін түсіндіруді талап етеді, әйтпесе түсініксіз болып қалуы мүмкін, ал бұл міндетті түрде қарым-қатынасқа әсер етеді. Қытай фразеологиялық сөздігінде бұндай фразеологизмдер 方言 деген белгімен беріледі.

Мысалы, 吃排骨 chi pai gu гуань юн юйі «сынға алыну; айыпталу» (тікелей аудармасы: «сүйектен ет жеу») Цзянсу провинциясының солтүстігінде және Шаньдун провинциясының оңтүстігінде кең таралған. Қытай фразеологиялық сөздігінде бұндай фразеологизмдер 方言 деген белгімен беріледі.

Оңтүстік диалекттен ұлттық тілге 空心汤圆 kong xin tang yuангуань юн юйі келді. «бос сөз; мән мағынасы жоқ іс»

吃闲白儿 chi xian bai гуань юн юйі «ауызына келгенін оттау; көп сөйлеу; ойланбай сөйлеу» (тікелей аудармасы: «бос нәрсені сүйреу») пекин диалектіне жатады. 打牙祭 da ya ji «дәмді тамақ деу; тойып тамақ жеу; » (тікелей аудармасы: «тіс үшін құрбандық шалу») сычуан диалектіне жатады.

Кейбір диалектідегі гуань юн юйлерді әдеттегі путунхуада қолданылатын гуань юн юйлермен алмастырып алу мүмкін. Мысалы, диалектті 跑起来 rao qi lai фразеологизмі путунхуадағы 运气好 yun qi hao «жолы болу; бағы жану; сәттілік» және 至多不过 zhi duo bu guo «жақсы дегенде, ары кетсе» фразеологизмдеріне сәйкес келеді.

Көркем шығармаларда көп жағдайда стилистикалық мақсатта қолданылған диалектті фразеологизмдерді кездестіру мүмкін. Мысалы, Чжоу Либода 老鼻子 lao bi zi «өте көп, көптеген» (тікелей мағынасы: «ескі мұрын, кәрі мұрын»), 见洋劳 jian yang lao «бірден байып кету, күтпеген жерден» (тікелей мағынасы: «өзендегі қармақты алу»), 蹲笆篱 dun ba li «түрмеде отыру» (тікелей мағынасы: «бамбук тамырының астында отыру»). Екінші келтірілген мысалдың барлық

диалектіге ортақ 发洋财 fa yang cai деген баламасы бар.

Лексико-грамматикалық құрамында диалектіге тән ерекшелігі жоқ фразеологизмдер өзінің «жергілікті» ерекшелігін жоғалтып жалпыхалықтық тілге еніп кетеді және олардың диалектілік ерекшелігі жоғалады. Мысалы, 煮夹生饭 zhu jia sheng fan «істі соңына жеткізу; бастағанды аяқтау» (тікелей аудармасы: «піспеген асты жақсылап пісіру») (Шаньси провинциясы), 打马虎眼 da ma hu yan «көзбояушылық»

Гуань юн юйлердің шығу тегінің иероглифтік ребустар сияқты көзі де бар. Мысалы, 当丘八 dang qiu ba «әскер болу; әскерде қызмет ету» («әскер» иероглифі 丘 «қыр» және 八 «сегіз» деген екі бөліктен тұрады). 打八刀 da ba dao гуань юн юйінің этимологиясы мынадай: 离婚 li hun «ажырасу; айырылысу» сөзі солтүстік – шығыстың 分离 fen li «айырылысу» сөзіне сәйкес келеді. 分 иероглифі 八 «сегіз» және 刀 «пышак» сияқты екі бөлімнен тұрады. Сонымен 打离婚 «ажырасу» 打八刀 болып айтылады.

Кейбір гуань юн юйлер шетел тілінен енген сөздер бөліктерінен алынады. Мысалы келесі Библиядан алынған мысал 替罪羊 ti zui yang «жуас; жүгіртек» (тікелей аудармасы: «қылмыскерді ауыстыратын қой»); 背十字架 bei shi zi jia «өз жүгін өзі көтеру; басқа түскенге шыдау; тағдырға көну» (тікелей аудармасы: «крест көтеріп жүру»); 尝禁果 chang jin guo «құпия жемісті жеу» (тікелей аудармасы: «құпия жемістің дәмін тарту»); 潘多拉盒子 pan duo la he zi «барлық жамандықтың шығу көзі; барлық жамандықтың отаны» (тікелей аудармасы: «Пандордың жәшігі») – ежелгі грек ақыны Гесиодтың «Еңбек және күндер» еңбегіндегі Пандора жайлы миф; 象牙塔 xiang ya ta «піл сүйегінен құралған қасыр» (тікелей аудармасы: піл сүйегінен жасалған пагода)- француз сыншысы әрі ақыны Сент-Беваның француз әдебиетшісі Виньиге арналған өлеңінен; 君子协定 jun zi xie ding «джентельмендік келісім» ағылшын тілінен алынып ауызша түрде келісім шартқа отыруда қолданылады.

Қорыта келгенде гуань юн юй-дағдылы тіркестердің шығуы мен дамуы тарихтар қойнауына кететін өте күрделі процесс екенін және ол процестің бүгінгі күнге дейін жалғасып отырғанын байқауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. -Алматы; «Санат», 1993.-496 бет.
- 2 Войцехович И.В. Практическая фразеология современного китайского языка. Москва; «Восток-Запад», 2007. 509 с.
- 3 Дәулетова Ф.Н. Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. Алматы; «Қазақ университеті», 2000.-180 бет.
- 4 Даулетова Ф.Н. Китай: мифы и реальность. - Алматы; Издательская компания «Жизнь», 2005.-260 с.
- 5 Малявин В.В. Китайская цивилизация. - Москва; «Дизайн. Информация. Картография» «Астрель» АСТ, 2001. 632 с.
- 6 И Биң Юн. Жемчужины китайского языка. 100 китайских идиом. -Санкт-Петербург; «Карго», 2007. 208 с.
- 7 徐宗才, 应俊玲. Chinese Idiomatic Phrases for Foreign Students, 外国人说熟语. 北京语言大学出版社, 2001.
- 8 陈建华. 汉语口语习惯用语教程. 北京语言大学出版社, 2003.
- 9 主编宋永培, 端木黎明. 汉语成语词典 (修订本) 四川辞书出版社, 1998.
- 10 王世林, 谚语, 俗语, 歇后语, 名人名言辞典. 吉林大学出版社, 2006.
- 11 Авакова Р., Дәулетова П. Қысқаша қытайша-қазақша фразеологиялық сөздік. - Алматы; «Қағанат ҚС», 1998. -60 бет.
- 12 Кеңесбаев С.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. -Алматы; «Ғылым», 1977.
- 13 Кожевников И.Р. Словарь привычных выражений современного китайского языка. -Москва; «Восток-Запад», 2005. -333 с.

References

1. Akhanov K. Til biliminiń negizderi . Almaty , " Sanat " , 1993.-496 bet .
- 2 Vojtsekhovich IV Practical frazeologiya modern Chinese language . Moscow , "East-West " , 2007 . 509.
- 3 Dәuletova FN Lingvomәdeniеттанu : kytay zhane kazak tilderiniń salғastыrmaly frazeologiyasy . Almaty , " Kazakh University" , 2000.-180 bet .
- 4 . Dauletova FN China : Myths and Realities. – Almaty ; Publishing Company "Life" , 2005.-260 .
- 5 . Maljavin VV Chinese civilization . – Moscow; "Design . Information . Cartography " " Astrel " AST 2001 . 632.
6. And Biң Utd. Chinese pearls . 100 Chinese idioms. Saint – Petersburg, " cargo" , 2007 . 208 .
- 7 徐宗才, 应俊玲. Chinese Idiomatic Phrases for Foreign Students, 外国人说熟语. 北京语言大学出版社, 2001.
- 8 陈建华. 汉语口语习惯用语教程. 北京语言大学出版社, 2003.
- 9 主编宋永培, 端木黎明. 汉语成语词典 (修订本) 四川辞书出版社, 1998.
- 10 王世林, 谚语, 俗语, 歇后语, 名人名言辞典. 吉林大学出版社, 2006.
- 11 Avakov R., P. Dәuletova Qysqasha qytaysha – kazaksha frazeologiyalyq sozdik . – Almaty ; " Qararat QS " , 1998 . -60.
- 12 Кеңесбаев SK Kazak tiliniń frazeologiyalyq sozdigi . Almaty ; " Gylım " , 1977 .
- 13 Kozhevnikov IR Dictionary usual expressions of modern Chinese language . -Moscow , "East-West " , 2005.-333.

ӘОЖ 81'35; 81'22

М.А. Кәдірбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Жапонтану және Корейтану кафедрасының 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kadirb@mail.ru

Корей тіліндегі сленг сөздер

Корей тілінде сленг сөздер ерекше орын алады. Заман талабына сай, корей кинолары мен әндерінде көрініс тапқан сленгтердің зерттелу тарихына шолу жасап, корей тіліндегі сленг ұғымына терең түсініктеме беру осы мақаланың мақсаты болмақ.

Түйін сөздер: сленг сөздері, құпия тіл, формалды емес лексика.

М.А. Кадирбек

Сленг в корейском языке

В данной статье даётся общая характеристика сленга корейского языка, включая историю исследования корейского сленга. В области корееведения тема сленга требует активного исследования с целью изучения образа мышления корейцев.

Ключевые слова: сленг, секретный язык, неформальная лексика.

М.А. Kadirbek

Korean slang words

This paper is based on general characteristic of Korean slang words including the history of investigation of Korean slang words. In the field of Korean studies Korean slang words should be actively investigated to study Koreans' way of thinking.

Key words: slang words, secret language, informal vocabulary.

Заман ағымына сай тіл де өзгеріске ұшырайды. Тілдің өзгеріске ұшырауы формалды емес лексиканың кең етек жаюына алып келеді. Формалды емес лексиканың құрамына сленг сөздердің кіруі заңдылық. Қазіргі заманғы корей тілі әр түрлі сленг сөздердің пайда болуымен өзгеріске ұшырауда. Мәселен, қазақ тілінде «қайырлы түн» деген тіркестің корей тіліне аудармасы – «안녕히 주무 세요» немесе «잘 자» болса, бұл тіркестің сленг сөзіндегі баламасы – «굿 밤» болады. Корей тіліндегі сленг сөздерге жіті талдау жасау үшін корей тілінің сленг ұғымына түсініктеме беріп, зерттелу тарихына шолу жасауды жөн көрдік.

Будда монахы Ирен жазған «Самгук Юсадағы» деректерге сүйенсек, корей тілінде сленг сөздердің қолданысы Силла заманынан бастау алады. Сленг сөздерінің алғашқы қолданушылары саудагерлер болған [1:13].

Ежелгі Корей сленг сөздері сауда саттық барысында тауардың бағасын жасырып, тұтынушыдан шынайы бағасын құпияда сақтау, сауда-саттыққа байланысты сөздерді қарапайым халықтан жасыру мақсатымен саудагерлер арасында ғана қолданылған. Қытай ғалымдарының зерттеуі бойынша саудагерлер жұмбақтап сөйлеу, белгілі бір құнды тауарды жасыруға байланысты құпия тілде сөйлеу үшін сленг сөздерді пайдаланған. Құпия тілді жасырын қолданғандықтан түсінуге қиындық туғызатын. Корей тілінде «변» сөзі, яғни «жаргон» сөз дегеніміз, қытай тілінен аударғанда «құпия тіл» дегенді білдіреді [1:12]. Бұл сөздің сөздіктегі анықтамасы: «өзге адамдарға түсініксіз, тек сол топтың адамдары ғана түсініп қолданатын «құпия тіл» деп түсіндіріледі. Сол себепті, «변» немесе «변 말» деген сөздер «құпия тіл» деген сөзбен синонимдес болып келетіні анықталды.

Бірақ, бүгінгі күнгі корей сленг сөздерімен ежелгі корей сленг сөздерінің арасында едәуір айырмашылық бар деген ой туындайды. Бастапқыда корей сленг сөздері тар ұғымда ғана қолданылса, кейіннен ұғымы кеңейе бастағанын аңғаруға болады. Яғни, алғашқыда тек қана саудагерлер қолданған құпия сөздер болса, заман өте келе басқа мамандық салаларына да тиеселі ерекше сөздер пайда бола бастаған. Қазіргі таңда корей жастары сленг сөздерді жиі қолданады.

Корей сленг сөздері Силла заманынан бастап қолданыста болғанын ескере отырып, қазіргі заманда корей сленг сөздерінің заманға сай дамып, өзгеріп отырғанына көз жеткізуге болады. Мәселен, Жапон империясы кезеңінде, Екінші дүниежүзілік соғыс және Корей соғысы кезеңінде әскери сленгтер мен вульгаризмдердің көптеп пайда болғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар, әр заманда болып келген кішігірім корей шаруалар көтерілісінде де өз алдына біршама жаңа формалды емес лексиканың пайда болуына әкелді. Айта кететін жайт, корей тілінде сленг сөздер әр заманда пайда болып, ескіріп, дамып, жаңаша атауларға ауысып, өзгеріске ұшырап отырды. Себебі тарих беттеріне үңілсек, корей халқының алғашқыда қытай жазуын қолданғанын, кейіннен барып корей алфавитін ойлап тауып, соған көшкендігі белгілі [2:1]. Қытай жазуы қарапайым корей халқына өте қиынға соққандықтан, тек ақ сүйек қауым мүшелері ғана қытай жазуы мен тілін білетін. Ал қарапайым бұқара халық хат танымай тек корей тілінде сөйлегені баршамызға мәлім. Демек, оқшауланған топтар арасында бір-біріне түсініксіз формалды емес лексика қолданылғаны айдан анық. Шаруалар формалды емес лексикада сөйлеген. Ал, корей тарихындағы Жапон Империясы кезеңінде корей алфавиті болғанымен, Қытай қанауындағы жағдай қайта қайталанды. Үкімет мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдары, жарлықтар мен заңдар жапон тілінде жүріп, ақ сүйектер жапон тілінде сөйлей алған. Қарапайым халық таза корей тілінде сөйлеген [2:2]. Бұл кезеңде корей тіліне жапон тілінен енген кірме сленг сөздерінің пайда болғанын анықтауға болады.

Қанаушылық кезеңде қарапайым халық басшылыққа деген наразылығын өзара білдіру үшін сленг сөздерді қолданды деп болжауға болады. Ал соғыс кезеңдерінде әскер құпиялылықты сақтау мақсатымен сленг сөздерді қолданған.

Корей тілінің сленг сөздерін жетік талдаған Ким Жон Хунның «Сленг. Жаргон. Кәсіби сөздер» атты еңбегінен корей тілінің сленг ұғымы кең мағынада қолданылатын біле аламыз. Аталмыш зерттеуші өз еңбегінде былай деген: «Тіл – адамзаттың тарихы, сезімі мен көңіл күйінің алмасу нысаны болып, бір ұлттың рухани бірлігін қалыптастыратын іргетасы болып қана қоймай, қоғамға ауадай қажет ұлттың негізі болмақ. Сол себепті тіл қандай да бір ерекше желекеленген топтардың иелігінде емес, жалпы қарапайым халықтың иелігінде болмақ» [1:11]. Ким Жон Хунның пайымдауынша, қоғамның өзгеруіне байланысты жеке топтар ішінде ғана қызмет атқаратын сленг, жаргон, вульгаризм және кәсіби сөздер, топ ішінде пайда болған жаңа сөздер тілдік қоғамды ластайтын факторлар ретінде жалпы қоғамның тазалығы мен көркемділігін жоғалтуға себеп болып, жас ұрпаққа кесірін тигізу қаупі бар. Сонымен қатар, тілдік қоғам нашар болса, қоғамның өмір сүру салтына нұқсан келтіріп, ұлттық қарым-қатынастың сенімсіздік аспектісін туғызуы мүмкін. Қалай болғанымен де сленг, вульгаризм, жаргон және кәсіби сөздерге деген сұраныс өсуде. Ким Жон Хун өз зерттеу жұмысында қоғамның өзгеруіне байланысты заман өзгерісінде қандай топтың ішінде қандай сленг, вульгаризм, жаргон және кәсіби сөздер бастау алып, сол формалды емес лексика жалпы халыққа қаншалықты әсерін тигізетінін анықтап қана қоймай, қоғамға әсер ететін формалды емес лексиканың өзгермелі мағыналарын түсініп, жас ұрпақтың дұрыс және қалыпты тілдік қоғамын алып жүретін бірлік пен күші, тіл тазалығына жауапты болуды мақсат етіп, зерттеудің объектісі ретінде жасөспірімдер тобы, ортаншы және жоғарғы сынып оқушылар тобы, жүзушілер тобы, тұрмыс тіршілігі нашар адамдар тобы және Солтүстік Корея қоғамында қолданысқа ие формалды емес лексика, экономика мен сауда саттыққа байланысты формалды емес лексиканы зерттеді. Корей тілінің формалды емес лексикасына жетік талдау жасаған Ким Жон Хун сленг ұғымының мағынасына айқын анықтама беріп, бұл ұғымның кең ауқымда қолданылатынын жіті дәлелдеп берді. Нақтылай келсек, Корей тілінің сленг ұғымына формалды емес лексика, яғни жаргон, вульгаризм, кәсіби сөздер, табу сөздер, дисфемизм сөздер, арготизмдер кіреді. Осыдан Корей тілінде сленг ұғымы жалпы формалды

емес лексиканы құрайтынын болжауға болады. Бұл болжамды расстау мақсатымен бірнеше корей тілі сөздіктері мен корей тілін зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. корей тілінде сленг ұғымына сөздіктерде келесідей анықтама береді:

1. Үлкен Корей тілінің сөздігінде: «Белгілі бір топ, үйірме өкілдерінен тыс, өзге адамдар білмес үшін мағынасы жасырулы сөз» [3].

2. Жаңа Корей тілі сөздігінде: «Жалпыға түсініксіз тіл, ерекше тіл ретінде өздері ғана қолданып түсінісетін тіл» [4:1].

3. Тіл және мәдениет сөздігінде: «Белгілі бір топ немесе мамандыққа ғана тиеселі адамдар қолданатын ерекше сөздер» [5].

Жоғарыдағы анықтамалардан корей тілінде сленг ұғымын жалпы халыққа түсініксіз, белгілі бір топ немесе мамандық иелері ғана қолданатын формалды емес лексика деп түсінеміз. Ал, корей тілін зерттеуші ғалымдардың сленг ұғымына берген пікірлері келесідей болмақ:

1. Ли Суң Нен: «Сленг дегеніміз, топ ішінде қоғамға өз негізін көрсетпеу, сыртқы ортадан қорғану мақсатымен қолданылатын жасырын сөздер» [6].

2. Ким Мин Су: «Белгілі бір топ, мамандықты құрайтын адамдар арасында ойдан құрастырылып қолданылатын ерекше жасанды тіл» [4:2].

3. Жан Тхе Жин: «Белгілі бір мәдени-қоғамдық топтың ішінде қолданылатын ерекше сөздер» [7].

4. Ким Жон Хун: «Сленг дегеніміз өз қоғамының құпиясын сыртқа шығармай қауіпсіз өмір салтын ұстану үшін белгілі бір топ ішінде ғана қолданылатын ерекше сөздер» [1:15].

Ким Мин Судың анықтамасында сленг ұғымына басқа зерттеушілермен салыстырғанда біршама тар мағына берілгенімен, жалпы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, болжамымызды нақтылай аламыз. Жоғарыда айтылып өткен анықтамалардан шығатын түйін, корей тілінде сленг дегеніміз ерекшеленген сөздің негізі болып, белгілі бір топтың ішінде құпияны сақтау үшін қолданылатын сөз тек топ өкілдеріне ғана түсінікті болып, топтан тыс адамдарға түсінуі қиынға соғатын сөздер. Сленг егер сленгтік қасиетін жоғалтатын болса, сленг атауынан айырылады. Демек, қолданушы емес адамдарға түсініксіз болу сленг сөздердің

негізгі қасиеті. Нақтылай келсек, өзгелерге түсінуді қиындату үшін жасырын мағынада топ өкілдерінің мүддесін қорғау және құпияларын сақтау мақсатымен қолданылатын сөздер. Сол себепті корей тілінің сленг сөздері жалпы формалды емес лексиканы (жаргон, вульгаризм, арго сөздері, диссфемизм, табу және кәсіби сөздер) қамтиды деген тұжырымға келеміз.

Ким Жон Хунның пікірі бойынша корей тілінде сленгтердің пайда болу факторлары келесідей:

- Қоғамнан оқшауланған топ өкілдері арасында топтың құпиясын сақтау үшін;

- Жаңашыл сөйлеу мәнерін дамыту мақсатымен;

- Топтың ой өрісін дамыту барысында тілді негізгі құрал ретінде санау мақсатымен;

- Табу сөздерді құпия сақтап, жасыру мақсатымен;

- Жалпыға түсінікті қоғамдық өмір сүру салтын ұстанатын топ ішінде оқшауланған ерекше құбылыстың пайда болуынан;

- Жалпыға түсінікті қоғамдық мамандықты іс жүзінде атқару барысында пайда болған сөздер;

- Шетел тілінің әсер етуімен пайда болған сөздер;

- Қысқа мерзімді көңіл күй формаларын білдіру мақсатымен пайда болған сөздер;

- Қоғамдық мәдениет пен интеллекттің дамуына байланысты заманға сай жаңашылдықтармен бірге пайда болған сөздер.

Ким Жон Хун жоғарыдағы факторларға қоса басқа қасақана жағдайлар да сленг сөздердің пайда болуына әкелуі мүмкін деп, оқшауланған қоғамдық топтар ішінде қолданылатын ерекше сөздер қоғамнан біржолата жоғалып кетпейді деп болжайды. Өз еңбегінде сленгтің пайда болу факторлары жайындай былай деген: «Қоғам әр түрлі оқшауланған топтардан тұрады. Адамның қоғамдағы орны немесе мамандығына байланысты тиеселі топтың ішінде құпия болып тұратын, жалпы басқа топтарға көрінбейтін өмір салтын атқару барысында сленг сөздер пайда болады» [1:16]. Корей тілінің сленг сөздерінің пайда болу факторларын зерттей отырып, сленг сөздердің қолданылу аясына байланысты екі түсініктеме бар деп тұжырымдайды. Мәселен, қоғамдағы орны мен мамандығына байланысты топ ішінде құпиялылықты сақтау керек бол-

са, сол топ ішінде топтан тыс басқа адамдарға көріне бермейтін өмір салтын сипаттайтын сөздер бар. Яғни, сленг сөздерді қолдану аясына қарай былайша топтайды:

- Анти қоғамдық топ ішінде пайда болып, қызмет атқаратын сөздер.

- Жалпы қоғамдық топтар ішінде пайда болып, қызмет атқаратын сленг сөздер.

Жоғарыда Ким Жон Хунның сленг сөздердің қолданылу аясына байланысты жасаған классификациясына талдау жасай отырып келесідей тұжырымға келдік:

- Қоғамдағы формалды емес топтар ішінде қолданысқа түсетін формалды емес лексиканы сленг деп атаймыз. Яғни, формалды емес топтар дегеніміз: ұры-қары, нашақор, бұзақы, қылмыскер, жазасын өтеуші адамдар, тұрмыс тіршілігі нашар тап өкілдері.

- Қоғамдағы формалды-мәдени топтар ішінде қолданысқа түсетін формалды емес лексиканы сленг деп атаймыз. Яғни, формалды мәдени топтар дегеніміз: жастар, оқушылар,

студенттер, белгілі бір мамандық иелері, әскери адамдар.

Ал, белгілі корей тілтанушысы Ким Мин Су сленг сөздердің пайда болуына келесідей анықтама береді: «Өмір сүру салттары бір топ ішіндегі адамдар басқа адамдар түсінгенін қаламайтын жағдайда, өздері ғана түсінісіп қолдана алатын сөздердің қажеттілігінен пайда болады» [4:35]. Демек, сленг сөздер белгілі бір топ өкілдері басқа қоғам мүшелерінен өз құпиясын жасыру қажеттілігінің туындауынан пайда болады.

Қорытындылай келгенде тарихи деректерге сүйене отырып корей тілінде сленг сөздер Силла заманынан бастап қолданылып келе жатқанын байқауға болады. Корей тілінде сленг сөздер құпия тіл, жұмбақтап сөйлеу деген ұғымдармен мағыналас келеді. Сленг сөздердің қолданылу аясы өте кең. Корей тілінің сленг сөздері әр түрлілігімен ерекшеленіп, жалпы формалды емес лексиканы құрайды деген тұжырымға келдік.

Әдебиеттер

1. Kim, J.Hun.(2005). Slang. Jargon. Professionalisms . (pp.12-18). Dipmundan.
2. Kim, Mu-rim. (2004). Gugeo-ui yeoksa, History of Korean language. Seoul: Hankook Munhwasa.
3. 이희승. (1961). 국어대사전. (p.2269). 민중서관.
4. 김민수. (1964). 신 국어학. (p.230). 일조각.
5. 동화문화연구서 편, “국어국문학사전”, (신구문화사간, 1974), p.473
6. 이승년. (1957). 은어 – 설악산산삼채취인의 은어를 중심으로. (p.474). 일석 이희승 선생 송기념논총.
7. 장태진. (1971). 특히 Social linguistics의 처지. (p.634). 장암 지현영선생 회갑기념논총.대전.

УДК 81 367

М.Е. Култасов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: max.88.08@mail.ru

Қытай тіліндегі иероглифтердің корей тіліне енуі және олардың қолданылуы

Мақалада қытай иероглифтерінің корей тіліне еніп кіруі мен корейліктердің осы қытай иероглифтерін қолданылуы жайлы баяндалады. Сонымен қатар корейліктер қытай иероглифтеріне сүйене отыра өздерінің жазуларын жасап шығаруы туралы сипатталады.

Қытай жазуы Кореяға VII ғасырларда «Үш мемлекет» кезеңінде «буддизмнің» кіруімен еніп кірген болатын. Алайда корейліктерге иероглифтерді таныстырған діни мәтіндер емес, «Чжонджамун» деген қытай тілінде жазылған мәтін болды.

XV ғасырдың ортасында корей тілінде алфавиттің пайда болуына дейін ханмун Кореяда «Иду» мен «Хянгчаль-ды» санамағанда жалғыз жазба тілі болып қалды. «Иду» мен «Хянгчаль» – корей сөздерін жеткізу үшін қытай иероглифтерін бейімдеудің бірнеше әрекеттер жасаудағы жазу жүйесі болып табылады. 1443-1445 жылдары Ли династиясының патшасы Седжонның басқаруымен бір топ ғалымдар корей тіліндегі алфавит «хангыльды» (한글) жасап шығарды.

Түйін сөздер: Чжонджамун, вэньян, ханмун (한문, 漢文), Иду, Хянгчаль, хангыль (한글), араласқан жазу, кірме сөздер, иероглифтік лексика.

М.Е. Култасов

Внедрение и использование китайских иероглифов в корейском языке

В статье рассматривается внедрение китайских иероглифов в корейский язык и их использование.

Ключевые слова: Чжонджамун, вэньян, ханмун (한문, 漢文), Иду, Хянгчаль, хангыль (한글), смешанная письменность, заимствованные слова, иероглифическая лексика.

M.Y. Kultassov

Introduction and use of Chinese characters in Korean language

The article discusses the introduction of Chinese in the Korean language and its use.

Key words: Chunjamun, Venian, Hanmun, Idu, Hyangchal, Hangul, mixed writing, borrowed words, lexicon of characters.

Жалпы иероглифтер Қытайдан тыс, көршілес мемлекеттерге таралды. Барлық Шығыс Азиядағы конфуциандық мемлекеттерде ұзақ ғасырлар бойы мемлекеттік тіл мен ғылыми және мәдени тіл – «вэньян» болды. Вэньян – көне қытай классикалық жазу тілі. Ол б.з.д. I мың жылдықтың соңында қытай (нақтырақ айтқанда шығыс азия) мәдениетінің көптеген классикалық мәтіндерінде жазылған тіл болып саналады. Сонымен қатар ол «Қиыр Шығыстың латын тілі» деп аталынған. Барлық «маңызды» мәтіндер, яғни ресми іс-қағаздар,

жоғарғы стильдегі әдебиет, Сайгоннан бастап Токиоға дейін осы тілде жазылған болатын. Вэньян ауызша қытай тіліндегі диалектілерден латын тілі француз тілінен ерекшеленген сияқты бірте-бірте ерекшелене бастаған болатын. Бұл тіл Шығыс Азия мемлекеттердің ішінде: Корея, Жапония және Вьетнам мемлекеттеріне еніп кірген болатын [1,3].

Осы мәдени ортақтастың бөлігі Корея болды. Өзінің Қытайға географиялық тұрғыда жақын болу себебінен, Корея қытай мәдениетінен ерте әсер алған болатын [5,9].

Қытай жазуы Кореяға VII ғасырларда «Үш мемлекет» кезеңінде «буддизмнің» кіруімен еніп кірген болатын. Алайда корейліктерге иероглифтерді таныстырған діни мәтіндер емес, «Чжонджамун» деген қытай тілінде жазылған мәтін болды. Чжонджамунды қытай тілінен аударсақ, «мың классикалық иероглифтер» дегенді білдіреді [9,10].

Кореяда вэньянды – «ханмун» (한문, 漢文) деп атай бастаған. «Ханмун» (한문, 漢文) – «Хан жазуы» деп аударылады. Бұл жердегі «Хан» дегеніміз ежелгі Қытайдың атауларының бірі болып табылады. Корейліктер «ханмунды» өздерінің жазулары ретінде қолдана бастады. Өйткені оларда сол кезде өздерінің жазулары болмады. Ханмун Кореяда ұзақ ғасырлар бойы мемлекеттік тілдің ресми жазуы ретінде қолданылды. Ханмунның мемлекеттік тіл ретіндегі ресми статусы қытай үлгісіндегі шенге тапсыратын емтихан (квато) мен монахтыққа тапсыратын емтихандар (сынхва) жүйесіне сүйене отырып бекітілген болатын. Олардан сәтті өту үшін конфуциандық немесе буддисттік каноникалық әдебиетті терең біліп қана қоймай, сонымен қатар, ханмун тілінде шығарма мен өлең жазу білуі керек болатын. Қытай тілі мен оның классикалық әдебиетімен танысу адамзат сауаттылығының маңызды көрсеткіші болып саналатын. Қытай тілінің жазбаша тілі корей ғалымдарына сыртқы әлеммен қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарды. Сонымен бірге ол корей ғалымдарына қытай және жалпы қиыр шығыстың рухани мәдениетінің байлықтарын ашып көрсеткен болатын. Корей әдебиеттанушылардың ханмун тілінде жазылған көптеген шығармалары өз кезегінде Қытайда қадірі артып қана қоймай, Кореяның халықаралық мәртебесін арттыруда үлесін косты [6,8].

Ханмун тек әдебиетпен ғана емес, сурет өнерімен, бірінші кезекте көркем жазумен қатысы болған. Көркем жазудың үйренудің өзінде Қиыр Шығыста бірнеше жылдық тәжірибе ғана емес, жоғарғы деңгейдегі рухани жетілу де қажет болды. Корей өнертанушылардың ойынша, көркем жазу таңдаулы қарапайымдылық, ішкі күш және үйлесімдікпен жазылуы тиіс. Дәл осы сипаттар Кореяның орта ғасырлардағы және қазіргі замандағы көркем жазушылардың жұмыстарына сай болып келеді. Көркем өнердің көп саласы иероглифтерге тікелей қатысы

болған. Соның ішінде өзінің сапасымен танымал корей қағаздардың, көркем жазуға арналған ерекше қылқаламдардың, су құюға арналған әшекейлі ыдыстардың, қылқаламға арналған таңдаулы тығырықтардың және де басқа да қолданбалы өнердің керемет туындылардың жасап шығарылуында тікелей қатысы болды [6, 15].

XV ғасырдың ортасында корей тілінде алфавиттің пайда болуына дейін ханмун Кореяда «Иду» мен «Хянгчальды» санамағанда жалғыз жазба тілі болып қалды. «Иду» мен «Хянгчаль» – корей сөздерін жеткізу үшін қытай иероглифтерін бейімдеудің бірнеше әрекеттер жасаудағы жазу жүйесі болып табылады. 1443-1445 жылдары Ли династиясының патшасы Седжонның басқаруымен бір топ ғалымдар корей тіліндегі алфавит «хангыльды» (한글) жасап шығарды. Бұл алфавит корей тілінің дыбыстарын жеткізу мақсатында, сонымен қатар иероглифтік жазуды корей тіліне бейімдеу (иероглифтерді мағыналық тұрғыда емес, дыбыстау тұрғысында) мақсатында жасалып шығарды. Бұған дейін жоғарыда айтылып кеткен «Иду» мен «Хянгчаль» иероглифтік жазуды корей тіліне бейімдеуде сәтсіздікке ұшыраған болатын [3,7].

Дегенмен де, корей алфавиті жасалып шығарылғанмен де 400 жыл бойы қолданылмады. Ресми жазу ханмун болып қалды. Тек XIX ғасырдың аяғына, 1895 жылы патшаның жарлығы бойынша корей тіліне «Араласқан жазу» енгізілген болатын. Бұл дегеніміз қытай иероглифтері мен корей алфавитін, яғни ханмун мен хангыльды бірге қолдану дегенді білдіреді. Ханмун мен «араласқан жазуды» шатастыруға болмайды.

«Араласқан жазу» – бұл қытай тілінен кірген сөздердің (морфеманың көп бөлігі) иероглифтермен жазылып, ал барлық грамматикалық форманттар (септік жалғаулар, демеуліктер және т.б.) корей алфавитімен жазылатын жазу жүйесі болып табылады. Мысал келтірсек, 人民을 (인민을 – корей тілінде жазылу түрі, инминиль – дыбысталу түрі) деген сөзді қарастырсақ, 人民 – деген иероглифпен жазылып сөздің мағынасын білдіріп тұрса, -을 септік жалғауы (соның ішінде табыс септік жалғауы), яғни грамматикалық формант ретінде қолданылып тұр. Бұл сөзді қазақ тіліне аударсақ, «халықты» немесе «елді» дегенді білдіреді. Ал қытай тіліндегі ханмунның

(вэньянь) грамматикасы корей тілінің грамматикасынан мүлдем өзгеше болып табылады. Сонымен қатар қытай тіліндегі ханмунде жазылған мәтіндердің барлығы дерлік тек иероглифтермен жазылады [4,8].

Жалпы біз шет тілден кірген сөздерді «кірме сөздер» (외래어) дейміз. Кореяның өзінде қытайдан кірген сөздерді «кірме сөздерге» жатқызбайды. Оларды «иероглифтік сөздер» немесе «иероглифтік лексика» (한자어, 한자말) деп атайды. Алайда оның корей алфавитімен жазылатын, өзінің спецификалық ерекшеліктерін сақтайтын жазу әдісіне қарай біз оны «иероглифтік» деген терминнің қолданылуымен келісе алмаймыз. Сонымен бірге «қытай тілінен кірген» деген термин де қате болып саналады. Өйткені корей тілінде барлық сөздер қытай тілінен кірген жоқ. Жапон, ағылшын сияқты тілдерден де кірген сөздер бар. Тіпті корей тілінің өздерінің де сөздері бар. Сондықтан да «ханмундық лексика» деген термин нақтырақ болар. Яғни мәтінде өзінің тегі қарамастан иероглифпен жазыла алатын мағыналы морфема болып табылады [1,39].

Қазіргі кезде «ханмундық лексика» корей тілінде кейбіреулері 70%-дан тұрады десе, кейбіреулері 60%-дан 80%-ға дейін тұрады дейді. Соның ішінде қытайдан кірген сөздер көбінесе интеллектуалды, мәдени, ғылыми-техникалық, саяси, сонымен бірге діни-философиялық терминологияларда көп кездеседі. Ол түгілі қытайдан кірген сөздер күнделікті әңгімелерде де көп қолданылады.

Корей тілінде заттар мен іс-әрекеттер корей сөздерімен қолданылады, алайда оларда қоғамда жоғарғы статусы бар, әрі сыпайылықты көрсетуде қолданылатын ханмундық эквиваленттері бар [2,45].

Қазіргі корейтілінде «ханмундық сөздер» жоғарыда айтылып өткен «араласқан сөздер» ретінде, сонымен бірге алфавит ретінде де қолданыла береді. Бірақ та корей тіліндегі мәтіндердің көбісі алфавитпен жазылады. «Араласқан жазу» болса тек газеттерде ғана қолданылады. Оның аз қолданылу себебі иероглифтерді жаттау корейліктерге қиынға соғатындықтан. Кәдімгі корей газетіндегі мәтін шамамен төрттен үш бөлігі осы «ханмундық сөздерден» тұрады. Сондықтан да осы сөздерді иероглифтермен жазып көрсек мәтіннің жартысы иероглифтерден құралатын еді. Төрттен

үш бөлігі емес, жартысы. Өйткені жоғарыда айтып өткендей корей тіліндегі журналдар, жалғаулар, демеуліктер және т.б. корей алфавитімен жазылатындықтан. Осылайша сауатты корейліктер біздің ғасырымыздың ортасына дейін жазып келген болатын (XIX ғасырдың соңына дейін олар көне қытай тілінде жазған болатын) [5,60].

Алайда 1945 жылдан кейін иероглифті ығыстырып, оның орнына корей алфавитін орнықтыру басталды. 1960 және 1970 жылдары бұл үрдіс жылдамдығын арттырды. Сол кезде қаладағы индустрияландыру көптеген шаруалардың көшіп келуіне әкеп соқтырды. Кезінде иероглифтерді үйрене алмаған шаруалар корей алфавитін (한글) әрі тез, әрі оңай қолдануды үйренген болатын. «Хангыль қоғамы» деп аталатын корей ұлттық жазуын ұстанушылар корей алфавитіне көшуіне аса үлкен рөл ойнаған болатын. Нәтижесінде олардың белсенді насихаттаулары мемлекеттің, ұлттық интеллигенцияның қолдауымен иероглифтерді ығыстырып, алфавиттік жүйеге көшу «нағыз Кореяның ұлттық рухын» көрсетіп қана қоймай, сөзсіз игілігі болып табылады деп, көптеген корейліктерді сендірді [7, 29].

Осы белсенді насихаттаудың нәтижесінде бастауыш мектептердегі оқу бағдарламасынан иероглифтерді алып тастаған болатын. Дегенмен де, орта мектептерде ол қазіргі күнге дейін оқытылып келеді (кемінде 2000 иероглиф оқытылу керек деп ресми түрде бекітілген). Қарапайым халыққа арналған барлық басылымдар да алфавиттік жүйеге ауысты. Бірақ та экономикалық, саяси және зиялы қауымдарға арналған ерекше әдебиет пен ресми іс-қағаздардың көп бөлігі араласқан жазуда жазылған болатын. Бұл ерекше әдебиет пен ресми іс-қағаздар да иероглифтер кең ауқымды түрде қолданылған. Қазіргі кездегі көптеген бастауыш мектептерде иероглифтерді үйрету жартылай заңсыз түрде өтіп жатыр. Бұл сірә көне жазудың ұстанушыларының қасарушылықтары мен кертартпалықтарының салдарынан болып жатыр [10, 21].

Ұлттық насихаттауға қарамастан алфавиттік жүйеге көшу сөзсіз игілік болып табылмайды. Оны иероглифтік жазудың ұстанушылардың үздіксіз тойтарыс беріп жатқандарынан көруге болады. Олар өздерінің сөйлеулерінде және

мақалаларында иероглифтік жазу бүкіл Қиыр Шығыстағы – Қытай, Корей, Жапон, Тайвань, Сингапур, Гонконг және тарихи Вьетнам елдерінің жазу жүйесі болып табылады деген. Қазіргі күндері осы елдердің арасындағы экономикалық қарым-қатынастарын нығайтуда маңызды сыртқы саяси тапсырма болып саналады. Алайда Кореяның иероглифтік жазудан бас тартуы осындай қарым-қатынасты қиындыққа әкеп соқтырады, сонымен қатар корейліктер (оңтүстік пен солтүстік) мен олардың көршілерімен арасындағы түсініспеушілікті арттырады. Иероглифті сақтап қалудағы екінші аргумент – сөздердің этимологиясын

«айқын» етеді, яғни сөздердің түбірін түсінуде айтарлықтай көмегін тигізеді, керек болған жағдайда қытай тілінің түбірін пайдалана отырып жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жасап шығаруда да көмегі тиеді. Осындай неологизмдер корей тілінің түбірінен және батыс елдерінен (ағылшын) кірген неологизмдерге қарағанда пайдалануда қысқа және ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Үшіншіден, иероглифтер көп қолданылатын ғылыми терминдер сияқты кіретін арнайы мәтіндерді иероглифтерсіз түсіну мүмкін емес. Және төртіншіден, иероглифтер – ескі корей мәдениетін түсінуде қажетті шарт болып табылады [3,5]

Әдебиеттер

- 1 Владимир Соколов. Китайская каллиграфия. Минск: Харвест, 2009. – 240 с.
- 2 이영희. 외국인을 위한 재미있는 한자. 대한민국, 서울, 한국문화사 2004. – 279 장.
- 3 А.Н.Ланьков. Китайские иероглифы и корейская письменность. «Интеллектуальный форум», #13 (2003 год)
- 4 Куротченко К.Б., Леонов М.В., Швецов Ю.И. Корейский язык: Учебное пособие. – М.: Издательство _____ М, 2005. – 253 с.
- 5 Пакулова Я.Е. Учебник по иероглифике для изучающих корейский язык. – М.: Восток-Запад, 2005. – 208с.
- 6 Лим Су. Иероглифика. Учебник. – СПб.: Изд-в С. Петербургского университета, 2006. – 299 с.
- 7 С.Е. Яхонтов. Древнекитайский язык. Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. Москва 1965.
- 8 Г.П. Сердюченко. Китайская письменность и ее реформа. Издательство восточной литературы. Москва 1959.
- 9 М.В. Крюков, Хуан Шу-Ин. Древнекитайский язык. Главная редакция восточной литературы. Издательство «Наука», 1978..
- 10 Сторожук А.Г. Введение в китайскую иероглифику: Учебно-справочное издание. Изд. 3-е испр. – СПб.: КАРО, 2010. – 592с.

References

- 1 Vladimir Sokolov. Chinese calligraphy. Minsk: Harvest, 2009.-240.
- 2 Lee Young Hee. Learn Hanja The Fun Way. Republic of Korea, Seoul, hankookmunhwasa 2004.-279.
- 3 Lankov A.N. Chinese characters and Korean writing. Intellectualniy forum, #13 (2003)
- 4 Kurotchenko K.B., Leonov M.V., Shvetsov U.I. Korean language: Textbook. 2005.-253.
- 5 Pakulova Y.E. Textbook for learners of Korean language. – M.: Vostok-Zapad, 2005.-208.
- 6 Lim Su. Characters. Textbook. St. Petersburg University, 2006.-299.
- 7 S.E. Yahontov. Ancient Chinese Language. Nauka. Moscow 1965.
- 8 G.P. Serdiuchenko. Chinese writing and its reform. Moscow 1956.
- 9 M.V.Kriukov, Hwan Shu In. Ancient Chinese language. Nauka, 1978.
- 10 Storozuk A.G. introduction to Chinese characters. SPb.: KAPO, 2010.- 592.

ӘОЖ811.512.122'373.2

**Қ.А. Қыдырбаев,
А.А. Мұстафаева, М. Инаятулла**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: afira-62@mail.ru

Әл-Халил ибн Ахмадтың араб дыбыстарының сипаттарына байланысты қолданған терминдері

Араб тілінің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдік атаулар орта ғасырлардан бастау алатыны белгілі. Сол терминдік атаулардың негізін салған ғалымдардың бірі, әрі бірегейі әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди болды. Оның қолданған терминдік атауларының көпшілігі әлі күнге дейін атауын өзгертпей өзгеріссіз қолданылып келеді. Бұл жұмысымызда әл-Халил қолданған араб дыбыстарының сипаттарына байланысты терминдік атауларға тоқталып, мағынасын ашатын боламыз.

Түйін сөздер: дауысты, дауыссыз, еріндік, мәжхур, мәһмус

К.А. Кыдырбаев, А.А. Мустафаева, М.Инаятулла

Термины использованные аль-Халилом ибн Ахмадом по описанию арабских звуков

В настоящей статье рассматриваются термины, использованные аль-Халилом Ибн Ахмадом по описанию арабских звуков, а также раскрываются их значения.

Ключевые слова: гласный, согласный, губной, маджхур, махмус

K.A. Kadyrbayev, A.A. Mustafayeva, M. Inayatulla

The terms used by al-Khalil ibn Ahmad on the description of the Arab

This article discusses the terms used by al-Khalil Ibn Ahmad the Arab sounds on the description, as well as reveals their values.

Key words: a vowel, consonant, the labial sound, majhur, mahmus.

Әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди араб дыбыстарының жасалу орнын алғаш рет анықтағанымен қатар, дыбыстардың сипаты мен ерекшеліктерін алғаш рет ажыратқан ғалым ретінде танылады. Ол дыбыстардың өздеріне тән ерекшеліктері мен сипаттарын анықтауда «صاح» (сихах), «هوائية» (һәуаи), «ذلاقة» (зәлақа), «إصمات» (исмат), «مجهور» (мәжхур), «مهموس» (мәһмус), «استعلاء» (истигла), «استفال» (истифал), «لين» (лин), «خفاء» (хафа), «معتوت» (мәһтут), «مضغوط» (мадғут), т.б. терминдерді қолданған.

«صاح» (сихах) және «هوائية» (һәуаия) терминдері

Әл-Халил ибн Ахмад: «في العربية تسعة وعشرون حرفاً صحيحاً لها أحياز ومدارج، حرفاً منها خمسة وعشرون حرفاً صحيحاً لها أحياز ومدارج،

وأربعة أحرف جوف وهي: الواو والياء والألف اللينة والهمزة، وسُمِّيَتْ جَوْفًا لأنها تُخْرَجُ من الجوف فلا تَقَعُ في مدرجة من مدارج اللسان، ولا من مدارج الحلق، ولا من مدرج اللهاة، إنما هي هوائية [1, 57-58 б.], яғни «Араб тілінде жиырма тоғыз дыбыс бар. Олардың жиырма бесі жасалу орындары белгілі «сихах» (صاح [ṣiḥāḥ^{un}]), яғни «дұрыс (яғни, дауыссыз) дыбыстар. Төртеуі «жуф» (جوف [ḡūf^{un}]), яғни қуыс дыбыстары. Олар: واو [wā^{un}], همزة [ʔ^{un}], ألف لينة [ʔalifun līna^{un}] және ياء [jā^{un}], [hamza^{un}]. Бұлардың «қуыс» (جوف [ḡūf^{un}]) дыбыстары деп аталу себебі (іштен шыққан ауа) тілге де, көмейге де, тілшікке де соқтығыспай (көмей және ауыз) қуысында жасалады. Яғни бұл дыбыстар жасалу орындары нақты емес (көмей және ауыз)

қуысында жасалатын ауалық (هوائي [haʔā'ii^{un}]) дыбыстар [2, 65 б.], – деп, кейбір дыбыстарды «جوفية» (жуфия), яғни ауыз не көмей қуысында жасалатындықтан «қуыс дыбыстары және іштен шыққан фонациялық ауа кедергіге ұшырамайтындықтан уау (و), йай (ي), әлиф (ا), һамза (ء) дыбыстарын «هوائية», яғни «ауалық дыбыстар деп сипаттаған.

Ал Сиабауәйһи әлиф (ا), йай (ي), уау (و) дыбыстарын ауалық (هوائية) дыбыстар деп, һамза (ء) дыбысын «сихах (صاح) дыбыстардың қатарына қосқан. Әл-Халилдің «сихах (صاح) дыбыстарын қазіргі фонетист ғалымдар «дауыссыз дыбыстар, «һәуаия (هوائية) дыбыстарын «дауысты дыбыстар деп жүр.

«ذلق» (зулк) және «صتم» (сутм) терминдері

Әл-Халил ибн Ахмад: «أعلم أن الحروف الذلق والسفوية ستة وهي: ر ل ن، ف، ب، م، وإنما سُمِّيَتْ هذه الحروف ذلقاً لأن الذلاقة في المنطق إنما هي بطرف أسلة اللسان والشفيتين وهما مدّرحتا هذه الأحرف الستة، منها ثلاثة ذلقية (ر ل ن)، تخرج من ذلق اللسان من طرف غار الفم وثلاثة شفوية: (ف ب م)، [2, 51-52 б.], яғни «зулк (ذلق) және «еріндік (السفوية) дыбыстар алтау. Олар: ра (ر), ләм (ل), нун (ن), фә (ف), бә (ب), мим (م) дыбыстары. Бұл дыбыстардың «зулк (ذلق) дыбыстар деп аталу себебі осы дыбыстар жасалатын тіл ұшы мен екі ерін арқылы сөздер жатық айтылады. Ол екеуі (тіл ұшы мен екі ерін) осы алты дыбыстың жасалалатын орны. Бұл алты дыбыстың үшеуі «зәлақия (ذلقية) дыбыстар, олар: ра (ر), ләм (ل), нун (ن) дыбыстары. «Зәлақия (ذلقية) дыбыстар тіл ұшы мен қызыл иек арасында жасалады, қалған үшеуі ерінде жасалатын еріндік (شفوية) дыбыстар, олар: фә (ف), бә (ب), мим (م) дыбыстары. «Зәлақия (ذلقية) дыбыстар тіл ұшында жасалатын ра (ر), ләм (ل), нун (ن) дыбыстары болса да, әл-Халил сөздің жатық айтылуы ерінге де тән деген пікірде болды. Сондықтан да тіл ұшы мен ерінде жасалатын осы алты дыбысты «зәлақия (ذلقية) дыбыстар деп атаған.

Осы алты дыбыстан өзге он тоғыз дыбысты әл-Халил «сутм (صتم) дыбыстар деп атаған. Ал Сиабауәйһидің «Кітабында бұл екі термин кездеспейді. Қазіргі фонетист ғалымдар да бұл екі терминге оншалықты мән бермеген.

«مهموس» (мәһмус) және «مجهور» (мәжһур) терминдері

Әл-Халил кейбір дыбыстарды айтқанда іштен шыққан фонациялық ауа аса үлкен кедергіге ұшырамай сүзіліп шығатынын, енді бір дыбыстарды айтқанда белгілі бір дәрежеде

кедергіге ұшырайтынын байқаған. Әл-Халилдің «әл-Айн еңбегінде «мәжһур (مجهور) және «мәһмус (مهموس) терминдері кездеспейді. Алайда ибн Кисан әл-Халилдің «لم أبدأ بالهمزة لأنها ... ولا بالهاء لأنها مهموسة خفية يلحقها النقص والتغيير والحذف» дегенін келтіреді [3, 90 б.]. Бұл мәтіннен әл-Халилдің һә (ء) дыбысын «мәһмус (مهموس) дыбыс ретінде сипаттағаны байқалады. Сонымен қатар әз-Зәжжаж «мәжһур (مجهور) және «мәһмус (مهموس) терминдері жөнінде: «الحروف المجهورة والمهموسة فيما زعم الخليل ضربان: فالمجهور حرف أشبع الاعتماد عليه في موضعه ومنع النفس أن يجري معه. والمهموس أضعف الاعتماد في موضعه وجرى معه النفس» [4, 414б.] деп, әл-Халилдің пікірін келтіреді. Бұл мәтін де әл-Халилдің «мәжһур (مجهور) және «мәһмус (مهموس) дыбыстарды білгеніне дәлел болады.

«Араб тілі дауыссыз дыбыстарының қатысына қарай мәжһур (مجهور [maʔhūr^{un}]) және мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]) болып екіге бөлінеді. Мәжһур (مجهور [maʔhūr^{un}]) дауыссыздар көмей қуысының жиырылып, ауа жолының тарылуынан қос дауыс желбезегінің біріне-бірі жуықтап, іштен шыққан фонациялық ауаның әсерінен олардың (қос дауыс желбезегінің) дірілдеуі нәтижесінде пайда болатын үннің қатысуымен жасалады. Ал мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]) дауыссыздар көмей қуысының жазылып, ауа жолының кеңеюінен қос дауыс желбезегінің бірінен-бірі алшақтауы нәтижесінде жасалады. Демек, мәжһур (مجهور [maʔhūr^{un}]) дауыссыздарды айтқанда дауыс желбезегі тербеледі, мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]) дауыссыздарды айтқанда дауыс желбезегі тербеліссіз қалады. Араб тіліндегі مجهور [maʔhūr^{un}] (мәжһур) сөзі «үн шығару», «дауыс шығарып сөйлеу деген мағынаны беретін جهر [ʔahara] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз. Ол, яғни مجهور [maʔhūr^{un}] (мәжһур) сөзі араб тіліндегі үнді дауыссыздарға термин ретінде алынған. Ал مهموس [mahmūs^{un}] сөзі «сыбырлау», «дауыс (үн) шығармай сөйлеу деген мағынаны беретін همس [hamasa] етістігінен туындаған ырықсыз есімше формасындағы сөз. Ол, яғни مهموس [mahmūs^{un}] (мәһмус) сөзі араб тіліндегі үнсіз дауыссыздарға термин ретінде алынған [2, 38-39 б.].

Сиабауәйһи дыбыстарды мәжһур (مجهور [maʔhūr^{un}]) және мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]) дыбыстарға бөліп, мәжһур (مجهور [maʔhūr^{un}]) дыбыстарға: һамза (ء), әлиф (ا), айн (ع), ғайн

(غ), каф (ك), жим (ج), йай (ي), дад (ض), ләм (ل), нун (ن), ра (ر), та (ط), дәл (د), зәй (ز), за (ظ), зәл (ذ), бә (ب), мим (م), уау (و) дыбыстарын, мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]) дыбыстарға: һә (ه), ха (ح), ха (خ), кәф (ك), шин (ش), син (س), тә (ت), сад (ص), сә (ث), фә (ف) дыбыстарын жатқызған [5, 434 б.].

Қазіргі фонетист ғалымдар дыбыстарды мәжһур (مجهور [maǧhūr^{un}]) және мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]) дыбыстарға бөлуде Сибәуәйһидің пікірімен бірдей деуге болады. Алайда ортағасырлық ғалымдар (Сибәуәйһи және т.б.) һамза (ء), каф (ق), та (ط) дыбыстарын мәжһур (مجهور [maǧhūr^{un}]), яғни үнді дыбыстарға жатқызса, қазіргі ғалымдар бұл дыбыстарды мәһмус (مهموس [mahmūs^{un}]), яғни үнсіз дыбыстардың қатарына қосады.

«مستقلة» (мустағлия) және «مستفلة» (мустафила) терминдері

Әл-Халил «сихах (صاح)», яғни дауыссыз дыбыстарды «зулқ (ذلق) және «сутм (صتم) деп екіге бөліп қарастырған. «Зулқ (ذلق), яғни «залакия (ذلقية) дыбыстар жоғарыда айтылған ра (ر), ләм (ل), нун (ن), фә (ف), бә (ب), мим (م) дыбыстары [1, 51-52 б.]. Ал «сутм (صتم) дыбыстар қалған он тоғыз дыбыс. Он тоғыз дыбыстың бесеуі көмейде жасалады. Олар: айн (ع), ха (ح), һә (ه), ха (خ), ғайн (غ) дыбыстары. Он төрт ауыз қуысында жасалады. Осы он төрт дыбыстың бесеуі «мустағлия (مستقلة) та (ط), дад (ض), сад (ص), за (ظ), каф (ق) дыбыстары, тоғыз «мустафила (مستفلة) кәф (ك), жим (ج), шин (ش), зәй (ز), син (س), дәл (د), тә (ت), зәл (ذ), сә (ث) дыбыстары [6, 51 б.].

Сибәуәйһидің сад (ص), дад (ض), та (ط), за (ظ), ғайн (غ), каф (ق), ха (خ) дыбыстарын «мустағлия (مستقلة) [5, 129 б.], қалған дыбыстарды «мустафила (مستفلة) [5, 101 б.] деп бөлгенінен оның ұстазы әл-Халилдің әсері үлкен болғанын байқаймыз.

Әл-Халил мен Сибәуәйһидің классификациясына назар аударсақ, «мустағлия (مستقلة) дыбыстарды әл-Халил бесеу деп көрсетсе, Сибәуәйһи ғайн (غ), ха (خ) дыбыстарын қосып жетеу деп көрсеткен. Қалған дыбыстардың барлығын Сибәуәйһи «мустафила (مستفلة) дыбыстар дейді. Ал әл-Халил «мустағлия (مستقلة) және «мустафила (مستفلة) дыбыстар тілдің қатысымен ғана жасалады деп, нақты сипаттаған, яғни «мустағлия (مستقلة) және «мустафила (مستفلة) дыбыстардың қатарына көмей (حلقية) және ерін (شفوية) арқылы

жасалатын дыбыстарды қоспаған. Сибәуәйһи ұстазының пікірін негізге ала отырып, араб тілі дыбыстарына нақты сипаттама бере білген. Ол жоғарыдағы жеті дыбысты «мустағлия (مستقلة) дыбыстар деп атаған. مستعل [musta‘līⁿ] термині «көтерілу мағынасын білдіретін استعلى [ista‘alā] етістігінен туындаған негізгі есімше формасындағы сөз. Бұл сөз араб тіл білімінде айтылымында тіл арты таңдайға қарай көтерілетін дауыссыз дыбыстарға термин ретінде алынған. Демек, мустағли (مستعل [musta‘līⁿ]) дыбыстарды айтқанда тіл арты таңдайға қарай көтеріледі. Қазіргі фонетист ғалымдар бұл дыбыстарға: ط [t], ض [d], ظ [z], ص [s], غ [g], خ [h], ق [q] дыбыстарын жатқызады... Осы жеті дыбыстан өзге дыбыстардың барлығы мустафил (مستفل [mustafil^{un}]) дыбыстар. Олардың «мустафил (مستفل [mustafil^{un}]) аталу себебі оларды айтқанда тіл (арты) таңдайға қарай көтерілмейді [2, 51 б.].

«لين» (лин) термині

Әл-Халил: «الألف اللينة والواو والياء هوائية أي أنها في» деп, «لين» терминін әлифке (ا) ғана қолданды. «Лин (لین [līn^{un}]) сөзі араб тіліндегі «жұмсару, жұмсақ болу деген мағынаны білдіретін لان [lāna] етістігінен туындаған. Демек, лин (لین [līn^{un}]) дыбыс – «жұмсақ дыбыс дегенді білдіреді [2, 56 б.]. Ал Сибәуәйһи: «وحروف اللين هي حروف المد التي يمد بها الصوت، وتلك لين» деп, [7, 426б.] «الحروف: الألف والواو والياء» терминін созылық әлиф (ا), уау (و), йай (ي) дыбыстарына қолданса, енді бірде «ومنها اللينة وهي» «الواو والياء لأن مخرجهما يتسع لهواء الصوت أشد من اتساع غيرهما كقولك: وأي والواو وإن شئت أجريت الصوت وممدت» [5, 435б.] деп, уау (و), йай (ي) дыбыстарын ғана «هو حرف اتسع» «للهواء الصوت مخرجه أشد من اتساع لهواء الياء والواو؛ لأنك قد تضم شفئك في الواو وترفع في الياء لسانك قبل الحنك» [5, 435-436б.] деп, әлифті (ا) ауалық (هاوي) дыбыс ретінде қарастырады.

«Ол (яғни Сибәуәйһи) [و], [ي] дыбыстарын жасалу орнындағы ауа өтетін жері өзге дыбыстарға қарағанда кеңірек болатындықтан лин (لین [līn^{un}]), яғни жұмсақ дыбыстар, [ا] дыбысын жасалу орнындағы ауа өтетін жері [و], [ي] дыбыстарына қарағанда кеңірек болатындықтан һәуи (هاوي [hāwī^{un}]), яғни ауалық дыбыс деп сипаттайды [2, 56 б.].

Әл-Халил әлифті (ا) лин (لين) деп сипаттап, ауалық уау (و), йай (ي) дыбыстарымен бірге қою арқылы бұл дыбыстың жасалу орны соңғы екеуінен кеңірек екенін дәлелдеген.

Қазіргі фонетист ғалымдар әлиф (ا), уау (و), йай (ي) дыбыстарын лин (لین) және мәд (مد) дыбыстар деп сипаттағандықтан [8, 38 б.], [9, 28 б.] ортағасырлық ғалымдардың пікірімен астасып жатқанын байқаймыз.

«خفاء (хафа) термині

Әл-Халил һә (ه) дыбысын «خفية» деп сипаттаған [3, 90 б.]. Сондай-ақ, осы сипат бойынша «الباء شبيهة بالهاء في خفتها وخفائها» [5, 314 б.] деп, йай (ي) дыбысын һә (ه) дыбысына ұқсастырған. Әл-Халилдің шәкірті Сибауәйһи де һә (ه) және йай (ي) дыбыстарын «Кітабының бірнеше жерінде «خفية» деп сипаттаған [10, 210 б.], [10, 421 б.], [5, 195 б.]. Кейінгі ғалымдардың көпшілігі осы пікірді негіз етіп алған.

«مَهْوتَة (мәһтутаһ) термині

Әл-Халил: «وأما الهمزة فَمَخْرُجُهَا مِنْ أَقْصَى الْحَلْقِ» «مَهْوتَة مَضْغُوتَة فَإِذَا رُفِّعَتْ عَنْهَا لَانَتْ فَصَارَتْ الْيَاءُ وَالْوَاوُ وَالْأَلِفُ» [1, 52 б.], – деп, һамза (ه) дыбысын «мәһтутаһ мадғутаһ (مَهْوتَة مَضْغُوتَة)» терминдері арқылы сипаттайды. Ибн Манзур «Лисан әл-Араб» сөздігінде: «Әл-Халил һамза (ه) дыбысы жөнінде: «صوت مهتوت في أقصى الحلق يصير همزة فإذا» [11, 4610 б.], – деп айтқанын келтіреді. Сондай-ақ әл-Халил:

ولولا هَتْة في الهاء، وقال مرة "هَمْة" لَأَشْنَيْتَ الحاء لُقْرَب مَخْرَجِ «[1, 57 б.] деп, һә (ه) дыбысын да «мәһтутаһ» деп сипаттаған.

Ибн Манзур Сибауәйһидің: «من الحروف [11, 4610 б.] дегенін келтіре отырып, һә (ه) дыбысында қандай да бір әлсіздік пен анық естілмейтін қасиет болғандықтан бұл дыбысты «мәһтутаһ (مهتوتة)» деп сипаттағанын айтады. Әл-Халил мен Сибауәйһидің пікіріне жүгініп, һә (ه) дыбысын «мәһтутаһ (مهتوتة)» дыбыс деп сипаттаған ғалымдар бар [12, 64 б.], [13, 676 б.], [14, 131 б.].

Әл-Халил ибн Ахмад әл-Фараһиди дыбыстардың өздеріне тән ерекшеліктері мен сипаттарын анықтауда «сихах (صاح)», «һәуаи (هوائي)», «зулқ (ذلق)», «сутм (صتم)», «мәжһур (مجهور)», «мәһмус (مهموس)», «истиғла (استعلاء)», «истиғал (استغال)», «лин (لین)», «хафа (خفاء)», «мәһтутаһ (مهتوتة)», т.б. қолданған терминдер осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Қазіргі фонетист қалымдар да әл-Халил қолданған ортағасырлық терминдік атаулардың көпшілігіне балама болатындай жаңа терминдік атаулар жасай қойған жоқ.

Әдебиеттер

1. الخليل بن أحمد. العين. تحقيق: مهدي المخزومي وإبراهيم السامرائي. ج. 1. – بيروت: مؤسسة الأعلمي للمطبوعات، 1988 م.
2. Қыдырбаев Қ.А. Қазақ онимдерін араб тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері: PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайында... дисс... – Алматы, 2012. – 176 б.
3. جلال الدين السيوطي. المزهري في علوم اللغة وأنواعها. شرح: محمد أحمد جاد المولي وآخرون. ج. 1. – بيروت: دار الجليل.
4. الزجاج. معاني القرآن وإعرابه. شرح وتحقيق: عبد الجليل عله شليبي. ج. 1. – عالم الكتب، 1988.
5. سيبويه. الكتاب. تحقيق وشرح: عبد السلام محمد هارون. ج. 4. – القاهرة: دار القلم، 1966 م.
6. أبو منصور محمد بن أحمد الأزهرى. تهذيب اللغة. تحقيق: عبد السلام هارون ج. 1. – مصر، 1964 م.
7. سيبويه. الكتاب. تحقيق وشرح: عبد السلام محمد هارون. ج. 3. – القاهرة: دار القلم، 1966 م.
8. جان كانتينو. دروس في علم أصوات العربية. نقله إلى العربية: صالح القرمادي. – تونس: مكتبة مركز الدراسات والبحوث، 1966 م.
9. إبراهيم أنيس. الأصوات اللغوية. – القاهرة: مكتبة الأنجلو المصرية، 1987 م.
10. سيبويه. الكتاب. تحقيق وشرح: عبد السلام محمد هارون. ج. 2. – طبعة بولاق (وهو ساقط من طبعة هارون).
11. ابن منظور. لسان العرب. تحقيق: عبد الله علي الكبير وآخرون. ج. 6. – القاهرة: دار المعارف.
12. ابن جني. سر صناعة الإعراب. تحقيق: حسن هندواي. ج. 1. – دمشق: دار القلم، 1985 م.
13. ابن عصفور الإشبيلي. الممتع في التصريف. تحقيق: فخر الدين قباوة. ج. 2. – بيروت: دار الأفاق الجديدة، 1979.
14. موفق الدين يعيش بن علي بن يعيش. شرح المفصل. – القاهرة: مكتبة المنتهى. ج. 10.

УДК 81'42; 801.7

Қ. Құрманбаев

Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің докторанты, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kairatk76@mail.ru

Ислам құқығындағы араб лингвистикасының маңыздылығы

Сауда-саттық, шағымдану, арыздану, құқығын талап ету, өсиет ету, үйлену секілді құқықтық қарым-қатынастардың дұрыс, заңды жолмен жүзеге асуы үшін ортақ тілдің болуы маңызды. Сол секілді конституциялар, заңдар, ереже-қағидалар мен мемлекетаралық келісім шарттар сынды құқықтық құжаттардың мазмұны мен мақсаты анық әрі түсінікті тілде жазылуы үшін, заң шығарушы органдар құқықтық құжаттар жазылатын тілді жетік меңгерген болуы тиіс. «Әр пайғамбарды ашық түсіндірсін деп, елінің тілінде ғана жібердік» – деген Құран аятында бандалғандай, адамзатқа тура жолды нұсқап келген пайғамбарлардың да өз қауымы арасынан тандалынуы – осының айғағы.

Ислам дінінің негізгі қайнар көздері араб тілінде екендігі мәлім. Сондықтан Құран экзегетикасы, ислам теологиясы мен құқығын терең меңгеріп, араб тіліндегі діни мәтіндерден үкім шығару үшін, араб тілінің грамматикалық қағидалары мен риторикасын, сөйлем мен сөздердің метафоралық және тура мағыналарда қолданылу ерекшелігін, сондай-ақ әр түрлі баяндау тәсілдерін жетік меңгеру қажет. Осы мақалада, ислам құқығындағы араб тілі лингвистикасының құқықтық үкімдерді шығарудағы маңыздылығы мен түрлі шариғи нормалардың туындауына ықпалдылығы баяндалады.

Түйін сөздер: ислам, лингвистика, құқық, араб тілі, тәпсір, хадис, фикһ

К. Курманбаев

Важность арабского языкознания в исламской юриспруденции

В этой статье рассматривается важность арабского языкознания в извлечении правовых норм в исламской юриспруденции и ее влияние на различные точки зрения ученых

Ключевые слова: Ислам, юриспруденция, экзегетика, хадис, фикх, лингвистика, семантика, арабский язык

K. Kurmanbayev

Importance of Arabic linguistics in Islamic jurisprudence

This article discusses the importance of Arabic linguistics to extract legal rules of Islamic jurisprudence and its influence on the various points of view of scientists

Key words: Islam, law, exegesis, hadith, fiqh, linguistics, semantics, Arabic

1. Ислам құқығы негіздері мен араб тілі білімінің арақатынасы

Қоғамның дамуы барысында түрлі жайттар, шешімі діни мәтіндерде нақты келмеген мәселелер орын алып, сан қилы сұрақтардың туындауы заңдылық. Бұл, өз кезегінде, мұсылманның әрбір ісі шариғат шеңберінен ауытқымауы үшін ғылыми негіздерге жүгіне отырып, үкімдер шығаруды және оларды дамытуды қажет етеді. Шариғаттың әрбір нақты жағдайға қатысты практикалық

байланысын баяндайтын фикһ ілімін, – оның құқықтық негіздері мен принциптерін, олардан үкім шығару жолдары мен діни мәтін, мағыналарын, жұмһадидтің (үкім шығарушы тұлғаның) сипаттары мен шарттарын зерттейтін ғылым саласынсыз елестету мүмкін емес. Өйткені, қандай да бір шариғи норма белгілі бір әдіс пен тәсілге және ғылыми негіздерге сүйену арқылы алынады. Бұл ғылым саласы – «Усул әл-фикһ», яғни «Ислам құқығы негіздері» деп аталады. Құқықтық негіздердің

басында – араб тілінде түскен Құран Кәрім мен сол тілде сөйлеген пайғамбар сүннеті келсе, «құқықтық қағидалар» – аталған діни мәтіндерде мақсат етілген мағынаны анықтау жолдары мен ережелерін қамтиды.

Діни мәтінге – Құран Кәрім аяттары мен пайғамбар сөзін және оның ісі мен құптағандарын жеткізген рауилердің сөздерін жатқызамыз. Құран экзегетикасын, ислам құқығы мен теологиясын зерттеуші ғалымдар өз салаларын дамыту әрі кемеліне жеткізу үшін тіл біліміне ерекше көңіл бөліп, сөздер мен мәтіндерді баяндау барысында грамматика қағидалары мен заңдылықтарын негізге алды.

Тамыры терең тартқан әдебиет пен шешендік өнердің шыңын бағындырған арабтар, шешен сөздің төресі болған Құран Кәрім түскеннен кейін, дін ілімдерімен қатар, тіл, грамматика, риторика сынды тіл білімдерін де дамытты. Сондықтан, ислам мәдениетін – «тіл мәдениеті» деп айтсақ, артық айтқандық емес.

Дегенмен, араб тілі білімі жеке ғылым ретінде кейінгі ғасырларда ғана қалыптасты. Грамматика, семантика, этимология секілді салаларда қалам тартқан лингвист ғалымдардың еңбектерінен, фикһ үкімдерін айқындап білу үшін, олардың грамматика мен жалпы тіл заңдылықтарына жүгінгендігін көре аламыз. Тіл майталмандары ретінде танылған Абдулқаһир әл-Журжани, әз-Замахшари сынды ғалымдардың діни тақырыптарға айрықша көңіл бөлгендігін ескерсек, алғашқы лингвистерден көбінің: тәпсір, хадис, фикһ ғалымдарынан болғандығын байқаймыз.

Қандай да бір діни мәтіндерден үкім шығару және ондағы құқықтық мазмұндағы мәселелерді анықтау, – бірінші кезекте сол мәтінді түсінуді талап етеді. Ал оған, мәтінді және оның құрылымы мен баяндау тәсілін зерттеу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Сондықтан усул іліміне қатысты еңбектердің әрбірі лингвистика тақырыптарын қамтиды. «Фикһ негіздері» ілімі лингвистикалық тақырыптарды грамматикалық тұрғыдан ғана зерттеп қоймай, лингвист ғалымдардың қолы жетпеген яки олар қарастырмаған кейбір тіл мәселелерін де өз ішіне алады. Яғни, грамматикалық зерттеулердің аясына кірмейтін, арнаулы зерттеулерді қажет ететін кейбір лингвистикалық нәзік түсініктерді усул ғалымдары логикалық, ғылыми тәсілдерге жүгіне отырып қолданысқа енгізеді.

2. Ислам құқығы негіздері ғалымының араб тілін меңгеру деңгейі

Барлық усул ғалымдары, діни мәтіндерден шариғи үкімдер шығаруға құқылы ғалымның (мужтахидтің) араб тілі білімін, грамматика заңдылықтарын білуі міндетті екендігіне бірауыздан келіскен. Дей тұрғанмен, осы тұрғыда айтылған басқа да көзқарастарды кездестіруге болады. Мысалы, Әбу Хамид әл-Ғазали: «Араб тілін арабтардың сөзін түсінетіндей деңгейде білу жеткілікті»,– деп, құқықтанушыға тіл маманы секілді араб тілінің қыр-сырын білу, тілді жетік меңгеру міндетті саналмайтындығын алға тартса [2, 344], Имам әш-Шатибидің көзқарасында: «Мужтахид араб тілін: Халил, Сibaуайһи, Ахфаш, Мазини сынды араб лингвистикасының майталман мамандарының деңгейінде білуі шарт» [3,4/484-487] – деп есептейді. Ал, әш-Шаукани болса, «тіл саласында жазылған бір-екі еңбекті оқу жеткілікті» деген ғалымдарының қателесетіндігін айта келе, осы ілімдерді тереңірек зерттеп, тіл тақырыптарын егжей-тегжейлі білу – адамның зерттеу талпынысын және үкім шығаруына септігін тигізе-тұғын ерекше қабілетін арттыратынын, шариғи үкімге қол жеткізуде жеңілдік туындататынын айтқан. Оның көзқарасында мужтахид араб тілін меңгерумен қатар, ерекше қабілетке де ие болуы қажет. Бұндай қасиетке қажырлы еңбектің арқасында ғана қол жеткізуге болады [4, 1/373]

Осы көзқарастардың ішіндегі әш-Шауканидің ұстанымы дұрысырақ десек болады. Өйткені, расында діни мәтіндерден үкім шығару үшін араб тілін жетік меңгеру жеткілікті емес. Құқықтанушы тіл табиғаты мен діни мәтін рухын, шариғаттың асыл мақсаттарын үндестіре білу арқылы ғана негізгі мағына мен мақсат етілген шариғи үкімге қол жеткізе алады.

3. Діни мәтін семантикасы және оның құқықтық үкім әрқилылығына ықпалы

Діни мәтіндердің ұғындыратын мән-мағыналары кесімді, нақты немесе болжамды келетіні сияқты, шариғи үкім де діни мәтінде кесімді түрде не үкімді нақты баяндамай, көмескі түрде берілуі ықтимал. Ал, бұл, мәтін мен мәтін семантикасына байланысты.

Оны келесідей бөліп түсіндіруге болады:

1. Мәтін де, мәтіннің ұғындыратын мағынасы да нақты кесімді түрде келуі.

2. Мәтін де, мәтіннің ұғындыратын мағынасы да болжамды (занни) келуі.

3. Мәтін нақты келіп, семантикасының болжамды келуі.

4. Мәтін болжамды келіп, семантикасы кесімді келуі [5, 65].

Кесімді мәтінге – барлық Құран Кәрім аяттары мен жалғандыққа келісіп алулары мүмкін болмаған бір топ адамдардың, өздері секілді екінші бір топтан жеткізген (мутауатир) хадистері жатады. Егер бұндай мәтіндердің мән-мағынасы да нақты, кесімді келсе, яғни мәтіннің ұғындырған мағынасы анық, нақты үкімді белгілесе, мәтін мазмұнына әртүрлі ой-пікір жүгіртіліп, ижтиһад жасалынбайды. Ал, қалған мәтін мен оның семантика түрлері, тілдің морфологиялық, грамматикалық, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне сай өзгеруге бейім.

Болжамды мәтін – мутауатир хадистерден басқа хадис түрлеріне қолданылса, мәтін семантикасының болжамды келуіне – басым бөлік Құран Кәрім аяттары мен пайғамбар хадистерінің мағыналарын айтуға болады. Көпшілік діни мәтіндердің мағынасы, мазмұны мен мәні көп қатпарлы келуі себепті әртүрлі ұғынылып, әрқилы интерпретацияланады. Өйткені тіл табиғатына, оның мазмұндық құрылымдық жүйесіне: тура мағына, бұрма мағына, ауыспалы мағына, астарлы мағына, жасырын мағына, көп мағына, негізгі мағына, қосалқы мағына, жалпы және жалқы мағыналар секілді лексика-фразеологиялық семантикалар тән.

Мұсылман құқытанушылары көп қырлы семантикалық мән-мағыналар мен ұғымдарды қамтыған діни мәтіндерді түсініп, одан үкім шығарудың ғылыми негіздерін бекітті. Сахабалар дәуірінде, хатқа түспеген қағидалар негізінде қалыптасқан құқық негіздері, мужтаһид имамдар кезеңінде ғылыми методологиялық тұрғыдан жүйеге түсіріліп, құқықтық ханафи және кәләмдық шафиғи мектептері негізінде өз дамуын тапты. Аталған екі бағыттың басты ерекшелігі, ханафи мектебі құқықтық нормаларды айқындауда индукциялық әдіске сүйенсе, көпшілік құқытанушыларды құраған мутакаллимдер мектебі өкілдері дедукциялық тәсілге жүгінді. Ханафи ұстанымы негіздерді құқықтық тармақтардан шығарып, негізгі қағидаларды құқық тармақтарына икемдеуі себепті «құқықтық мектеп» деп аталса, Шафиғи бастаған усул

мектебі методологиялық тұрғыда рационалды-логикалық ұстанымға басымдық танытқан көпшілік кәләм ғалымдарының әдістемелерімен үйлесіп, Бақиллани, Кади Абдулжаббар, Әл-Жуайни, Әл-Ғазали, Фахруддин әр-Рази секілді кәләм ғалымдарының еңбектерін негізге алуы себепті, «кәләмдық» деп аталды. Шафиғи кітаптарында логикалық дәлелдер мен пікірталастарға орын беріліп, ал Ханафи кітаптарында фикһ ілімі аясындағы құқықтық тақырыптар мен зерттеулерге баса назар аударылуы да осының айғағы.

4. Сөз бен сөз тіркестерінің құқықтық үкімді білдірудегі семантикалық ерекшеліктері

Аталған екі мектеп өкілдерінің құқықтық нормаларды айқындаудағы лингвистикалық, семантикалық әдіс-тәсілдерін зерделей отырып, сөз не сөз тіркестерін мағынаға дәлел болуы және мағынамен байланысуы тұрғысынан келесідей бөлуге болады:

1. Сөздің үкімді білдіретін мағыналарға анық немесе жасырын түрде дәлел болуы тұрғысынан:

а) Мағынасы анық сөздер: *сыртқы (заһир), мәтіндік (насс), баяндалған (муфәссәр) және нақты (муххәм);*

ә) Мағынасы көмескі сөздер: *жасырын (хафи), ұғынықсыз (мушқил), қысқа-нұсқа (мужмәл) және көмескі (мутәшәбиһ);*

2. Сөздің үкімдерді білдіретін мағынаны қамтуы тұрғысынан *жалпы (аъмм) мен жалқы (хасс), омоним (муштәрәк) мен жорамал (муәууәл), абсолюттік (мутлақ) және шектеулі (мукайяд);*

3. Сөздің үкімді білдіретін мағыналарға тура және ауыспалы түрде дәлел болуы тұрғысынан: *хақиқа (ақиқат) мен метафора (мәжәз), анық (сарих) және тұспал (кинәя);*

4. Сөздердің үкімдерді білдіретін мағыналарды ұғындыруы тұрғысынан:

а) Жазбаша: *Мәтін түсінігі (ибарату ән-насс), мәтін ишареті (ишарату-ән-насс), мәтін мазмұны (дәләләту ән-насс), қажетті мағынасы (дәләләту әл-иктиза) деп қарастырылса;*

ә) Ауызша: *Мантуқ (айтылу мағына) және мәфһум (ұғынылған мағына) деп екіге бөлінеді.*

Сөздің үкімді білдіретін мағыналарға анық дәлел болуы тұрғысынан бөліну түрлері:

Сыртқы (заһир) дегеніміз – сөздің жалқылануы, жорамалдануы және мансұхталуы мүмкін болған сөздік мағынасы болса, оның

мәтіннен ұғынылған мағынамен айқындала түскен мағынасы – *мәтіндік (насс)* деп танылған. Мысалы: «Аллаһ сауданы адал, өсімді харам қылды», – деген аяттың сыртқы (заһир) мағынасы – сауданың адал, өсімнің харам болуын білдірсе, мәтіндік (насс) мағынасы – аяттың түсу себебі мен толық аятта келгендей, сауда мен өсімді бір деп білген мүшріктерге жауап беріп, сауда мен өсімнің бір нарсе емес екендігін білдіруі. Егер сөз не мәтін пайғамбар дәуірінде мансұхталуы ықтимал болып, бірақ жорамалдануы мен жалқылануы мүмкін болмаса әрі үкімді анық білдірсе – *баяндалған (муфассар)* деп аталған. Сөздің муфассар мағынасы, үкімді білдіру тұрғысынан жалқыланып, жорамалданбауы себепті, сыртқы (заһир) және мәтіндік (насс) мағыналарына қарағанда қуаттырақ болып келеді. Құран Кәрімде қысқа-нұсқа (мужмәл) келген сөздер пайғамбар тарапынан айқындалып, түсіндірілсе, онда ол баяндалған (муфәссәр) сөзге айналады. Егер сөз мағынасы баяндалған (муфассар) сөзден не мәтіннен де ашық келіп, әрі жорамал мен мансұхталуды қабыл етпейтіндей болса, ол *нақты (мухкам)* сөз деп аталады. Мысалы: Жаннатта мәңгі қалу жайында сүйіншілеген «Ниса» сүресінің 57-аятындағы «мәңгі» (خَالِدِينَ) сөзі – мухкам. Өйткені олардың жаннатта мәңгі қалатындықтарын أَبَدًا тіркескен сөзімен қуатталған [6, 145].

Кейде сөзден мақсат етілген мағына айқындалмай, түсініксіз сөз сөйлемнің мағынасын тұмшалайды. Мұсылман құқықтанушылары сөз мағынасының анық білінбеуін келесідей баяндайды:

Жасырын (хафи) – сөздің формасы жағынан мағынасы айқын болғанымен, айтушының мақсаты толыққанды белгілі болмаған сөз. Мысалы: «*Ұры ер мен әйелдің қолдарын кесіңдер*» (Мәида, 38) аятындағы «ұры» (السَّارِق) сөзі тілдік формасы жағынан анық. Алайда мағынасын түсіну барысында, біреудің қалтасына не сөмкесіне түсіп, ұрлық жасаумен қатар, біреудің қараусыз қалдырған мүлкін ұрлауды қамтып я қамтымағандығы белгілі емес. Нәтижесінде, сөз мағынасының айқын білінбеуі себепті – ұрлық жасаушыға жаза тағайындау мәселесіне әсер ететіндігі белгілі.

Бір сөздің мағынасы түсініксіз келіп, не полисемия салдарынан ол сөзден қай мағына мұрат етілгендігі айқындалмаса, *ұғынықсыз (мушкил)* сөз деп аталады. Жасырын (хафи)

сөздегі «түсініксіздік» сөздің өзінен емес, оның қолданылуы барысындағы барлық мағыналарды қамти алмауынан туындайды. Ал, мушкил сөздегі түсініксіздік, сөздің өзінен туындайды. Бұған омоним (муштарак) сөздерді де жатқызуға болады.

Қысқа-нұсқа (мужмал) – айтушы тарапынан түсіндірме жасалмайынша мағынасы түсініксіз болған сөздерге айтылады. Үкім аяттары көбінесе қысқа-нұсқа келіп, оны екінші бір мәтін баяндайды. Мужмал сөз жорамалмен айқындалатын болса, ол жорамалданған (муәууәл) деп айтылады. Ал, егер, толықтай айқындалмаса, мужмәл не мушкил болады.

Сол секілді мутәшәбиһ сөздер де негізгі ой мен мақсаттың жасырын қалуымен ерекшеленеді. Оған мағынасы айқын болмаған діни мәтіндер жатады. Мутәшәбиһ сөздер мен мәтіндерді түсіндіру барысында да мұсылман құқықтанушылары мен теологтар арасында көзқарастар орын алған. Кейбір мәтіндердің сөзінде көмескілік болса, кейбір мәтіндердің мағынасында, ал кейбірінің сөзінде де, мағынасында да түсініксіздік орын алуы мүмкін.

Аталған, көмескі мағыналарды білдірген сөздер мен мәтіндерді нақты, айқын келген Құран не сүннет мәтіндерімен яки ижмағтың баяндауымен ғана түсіне аламыз. Яғни, белгілі бір сөздің жанама мағынасы алынатындығын, екінші бір діни мәтін немесе ғалымдардың ортақ келісімі айқындайды [7, 3/137].

Белгілі бір мәнге міндетті түрде белгілі бір мағына сәйкес келеді деп, не белгілі бір мағына белгілі бір мәнді ғана білдіреді деп айта алмаймыз. Айтқандай, белгілі бір мағынаның бір емес, бірнеше мәнді білдіруі тілде, сөз өнерінде ежелден бар. Белгілі бір мәнді жеткізудің, білдірудің тілдік құралдары да түрліше. Кейбір мәтіндерде бірнеше мағынаның сілемі, бірнеше мән қатары бірдей көрініс тапса, көпқырлы мағыналық бірліктердің тұтастығынан күрделі метафоралық мағына туады. Метафоралық мазмұндағы діни мәтіндерге де жүгінген ислам құқығы мен теологиясында да метафора (мажаз) және ақиқат (хакика) ұғымдары әртүрлі құқықтық үкімдер мен көзқарастардың шығуына себеп болды.

«Хақиқа» – сөздің түпкі, нақты мағынасын ұғындыруы болса, айтылған сөздің алғаш айтылғандағы мағынадан басқа бір мағынада қолданылуы «метафора» (мәжәз) деп аталады.

«Хақиқа» – метафорадан (мәжәз) яғни, астарлы мағынадан жоғары тұрады. Сөз хақиқи

мағынасымен түсінілсе, үкімі нақты дәлелденіп, метафоралық мағынасына жүгінілмейді. Мысалы: Құран Кәрімде: «Әйелдеріңе тисеңдер (жақындассаңдар), сонда су таба алмасаңдар таза жерге таяммум соғып, онымен беті-қолдарыңды сипаңдар» [1, 5-6], – делінген. Әбу Ханифа секілді фикһ ғалымдары: «Бұл аяттағы «тию» мағынасын білдіретін «لمس» (ләмс) сөзі – негізгі мағынада емес, астарлы мағынада қолданылған», – деп қабылдайды. Аллаһ Тағала құлдарына әдептілікті үйрету мақсатында жыныстық қатынасты – «жақындау», «тию» сөздерімен білдірген деген тұжырымға барған. Сондықтан ханафилік ұстанымда ер кісінің денесі әйел адамға тисе, дәреті бұзылмайды [8, 24].

Усул (ислам құқығы негіздері) ғалымдары көптеген құқықтық мәселелерде әртүрлі үкімдердің шығуына себеп болған жалпы, жалқы мағыналарды ұғындырған сөздерді баяндауда да қарама-қайшы пікір білдірген. Мутакаллим мектебі өкілдері жалпылама келген сөздің мағынасын шариғи үкім білдіруде «болжамды» деп таныса, ханафилер «кесімді дәлел» деп білген. Мутакаллимдердің көзқарасындағы «әрбір жалпы жалқыланады» деген ережеге сай әрі мәтіндердегі жалпы мағынаны білдіріп келген сөздерді зерттеу барысында, жалпыдан әрдайым жалқы мақсат етілгендіктен, барлық жалпы келген мағына жалқылануы ықтимал. Ал, ықтималдылық орын алған жағдайда, кесімділік жойылады [9, 1/317]. Осы көзқарастардың нәтижесінде, мәтіні мен семантикасы да кесімді келген

жалпы (аамм) мәтінді жалқылайтын дәлелге қатысты да қарама-қайшы пікір туындайды. Яғни, жалпы (аамм) келген мағынаны болжамды (занни) дәлел деп білген көпшілік ғалымдар, оның болжамды дәлелмен жалқыланатындығын айтса, оны кесімді дәлел деп білген ханафи ғалымдары, болжамды (занни) дәлелдің жалқылай алмайтындығын алға тартқан. Әс-Сарахси: «Мәтін мен мағына жағынан да кесімді саналған жалпы мағынаны ұғындырған Құран аяттары мен мутауатир сүннеттің, ахад хадис, қияс секілді болжамды дәлелдермен жалқылануы дұрыс емес», – деген. [10, 1/142]. Сол секілді жалқы (хасс) келген сөздің жорамал (занни) мағына ұғындыратындығына бір дәлел табылса, яғни жалқы сөздің білдірген мағынасынан басқа, екінші бір мағынаның көзделгендігіне қатысты бір дәлел болса, мұндай жағдайда жалқы сөз астарлы мағынасымен түсіндіріледі.

Қорытынды

Лексикалық семантика шикізат тәрізді, өңдеуді қажет етеді. Ол – сөздің барлық семантикаларын қамтитындай жүйелі логикалық тұжырым жасау арқылы жүзеге асады. Бұл жолда мұсылман құқықтанушылары араб тілінің лексикалық семантикадағы бай қорын басшылыққа алып, діни мәтін мен оның бірліктерін орынды интерпретациялап, олардан дұрыс үкім шығару үшін бар күш-жігерлерін сарп етті. Осылайша лингвистикалық және құқықтық қағидаларды бекітіп, ислам құқығы негіздерінің методологиясын қалыптастырды.

References

- 1 Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. – Мәдина Сауд Арабиясы: Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның комбинаты, 1991 ж.
- 2 أبو حامد الغزالي. "المستصفى من علم الأصول". – القاهرة: المكتبة التوفيقية، 2010. – 719 ص
- 3 أبو إسحاق الشافعي. "الموافقات". – دار ابن عفان، 1997. – 7 ج
- 4 محمد بن علي الشوكاني. "إرشاد الفحول". – الرياض: دار الفضيلة، 2000. – 2 ج
- 5 يوسف القرضاوي. "في فقه الأولويات". – القاهرة: مكتبة وهبة، 2012. – 248 ص
- 6 Doç. Dr. Fahrettin Atar. «Fıkıh usulü». – İstanbul 1988. 1-е издание. Перевод с турецкого Т.Хабибуллин – М. ООО «Издательская группа «САД», 2005. – 202с.
- 7 أبو محمد علي بن أحمد بن سعيد بن حزم الأندلسي الظاهري. "الإحكام في أصول الأحكام". – بيروت: دار الأفاق الجديدة، 8 ج
- 8 Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ. Ислам ғылымхалы. – Алматы, 2005 ж. – 440 б.
- 9 جلال الدين المحلي. "البدر الطالع في حل جمع الجوامع". – بيروت: مؤسسة الرسالة، 2005. – 2 ج
- 10 أحمد بن أبو سهل السرخسي. "أصول السرخسي". – بيروت: دار الكتب العلمية، 1993. – 2 ج

УДК 811.531'36

Т.Б. Ли

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
Казахстан, г. Алматы
e-mail: littlebig@list.ru

Спорные вопросы определения термина «служебные имена существительные» в корейском языке

Лингвисты советско-российской школы корееведения выделяют в классификации частей речи в корейском языке группу служебных слов. Тогда как в современной корейской традиции данного понятия не существует. Несоответствие классификаций привело к тому, что сегодня возникает проблема определения и применения наиболее верного названия того или иного грамматического разряда. Это касается класса так называемых «служебных имен существительных». В данной работе мы подняли вопрос целесообразности применения данного термина в русскоязычном корееведении, указывая на то, что при обучении корейскому языку на казахском языке, близком по структуре к корейскому, лучше брать за основу не советское направление, а традиционное корейское.

Ключевые слова: Служебные имена существительные, несамостоятельные имена существительные, зависимые имена существительные, служебные слова.

Т.Б. Ли

Корей тіліде «көмекші зат есімдер» орыс термин анықтамаларының кейбір мәселелері

Корейтану мектебінің кеңестік-ресейлік лингвистері корей тілінде "көмекші сөздер" деп аталатын сөз табын жеке қарастырады. Алайда заманауи корей дәстүрінде аталмыш ұғым жоқ. Осындай сай келмеушіліктің кесірінен қазіргі таңда әрбір грамматикалық терминнің мәнін ашар жаңа ұғым анықтау проблемалары пайда болуда. Бұл мәселе "көмекші зат есімдер" деп аталатын сөз табына да қатысты. Берілген жұмыста біз "көмекші зат есімдер" терминін орыс тілді корейтанушылар арасында да қолдану мәселесін қарастырдық. Ондағы басты ой – қазақ тілі арқылы корей тілін үйренгенде басты назарға кеңестік жүйелеу емес, дәстүрлі корейлік корейлік жүйелеуді алу дұрыстығы жайлы.

Түйін сөздер: Көмекші зат есімдер, дербессіз зат есімдер, тәуелді зат есімдер, көмекші сөз.

T.B. Lee

The points at issue of the determination of «auxiliaries (dependent) nouns» term in Soviet and Russian Korean studies

Linguists of the Soviet-Russian school of Korean Studies allocated the syntactic words in classification the parts of speech in Korean Grammar. But this concept doesn't exist in modern Korean linguistic. The discrepancy of these classifications made that today there is the problem of definition and using the terms of some grammatical classes. This problem is connected with the class of nouns, which is called "auxiliaries nouns" in Russian Korean Studies. In this research we try to solve the question of the application of this term in a Soviet Korean Studies. Especially we recommend taking as basis not Soviet, but traditional Korean classification in process of teaching Korean grammar by Kazakh, which have the same grammatical structure with Korean.

Key words: auxiliaries nouns, quasi-free nouns, dependent nouns, bond nouns, auxiliaries words, form words, functional words, syntactic words.

В данной работе рассматриваются спорные вопросы применения в русскоязычном корееведении термина «служебные имена существи-

тельные» в отношении целого класса имен существительных «의존명사» [[üijonmyöngsa], которые не имеют четко выраженной семанти-

ки и употребляются только с определяющими их словами, заимствуя у них содержание. Служебные имена существительные обладают абстрактным лексическим значением, которое при переводе может быть передано с большей или меньшей долей условности [[9, с.81]. Приведем некоторые из них: **것** [köt] – вещь; **바** [[ba] – факт; **이/분** [i/bun] – лицо, персона; **데** [de] – место; **따위** [ttawi] – вид, сорт, тип; **수** [su] – возможность, способ; **리** [ri] – причина; **씨** [ssi] – факт; **따름** [ttareum] – ограничение; **척/체** [cheok/che] – вид, подобие; **채** [chae] – состояние; **듯** [diut] – подобие; **양** [yang] – образ и т.д. В предложении служебные имена существительные становятся лексически зависимыми от контекста, придавая всей определяемой их конструкции субстантивационный характер. Именно эта особенность вызывала и вызывает постоянно большой научный интерес у лингвистов различных школ и направлений. Слова данного класса были предметом изучения таких востоковедов, как Г.Рамстедт, Самуэль Э. Мартин, Калеви Тарвайнена, Чжонг Хо Ван, Хванг Кёнг Су, А.А. Холодович, Ю.Н. Мазур, Л.Б. Никольский, и т.д. Советские корееведы рассматривали эти слова с точки зрения принципов словообразования, синтаксической функции в предложении и, наконец, с точки зрения частей речи, выделив их в большую группу «служебных слов» в структуре корейского языка, тогда как в корейской традиции слова не классифицируются по категории служебности.

Изучение проблем применения того или иного термина в отношении данного класса слов в корейском языке имеет прямую зависимость от решения вопроса состава корейского языка и классификации его грамматических единиц, а также с определением сущности и критериев выделения в нем частей речи. Отметим, что проблема выделения частей речи остается до конца не решенной не только в корейском, но и многих других восточных языках. При этом тот факт, что востоковеды до сих пор не смогли прийти к единому мнению в данном вопросе, делает рассматриваемый нами вопрос еще актуальней [[1, 3, 4]. Существующие классификации частей речи в корейском языке осуществлены преимущественно на материале европейских языков. Их выделение основано на критериях, которые релевантны для европейских языков, но не агглютинативных [[2, 8, 13, 16]. Данный

факт нашел свое отражение в вопросе терминологии, используемой русскоязычными корееведами в исследованиях по корейской грамматике. Вследствие этого данная проблематика требует более пристального рассмотрения существующих традиций классификации частей речи, вообще, и логичности употребления тех или иных названий грамматических единиц, в частности. Рассмотрим данную проблему на примере класса служебных имен существительных в корейском языке.

В современной корейской традиции выделяют девять частей речи [[19, т.3, с.321], среди которых можно заметить элементы синтаксических конструкций и словообразовательные аффиксы, которые в европейской традиции не свойственно выделять как часть речи. Это именные части речи: «**명사** [myöngsa] – имя существительное», «**대명사** [daemyöngsa] – местоимение», «**수사** [susa] – числительные; предикативы: «**동사** [dongsa] – глаголы», «**형용사** [hyöngyongsa] – прилагательные»; «**어미** [[ömi] – предикативные окончания», «**관형사** [gwanhyöngsa] – атрибутив», «**부사** [busa] – наречие», «**감탄사** [gamt'ansa] – междометие» и «**조사** [josa] – падежные частицы». То есть, в морфологической структуре многих европейских языков не принято выделять такие словообразовательные элементы, как предикативные окончания или падежные частицы, в части речи. Данный вопрос упирается в решение проблемы четкого определения границ и критериев выделения частей речи, и зависит от того, на каких критериях она основана. Так, широко известны такие подходы разделения частей речи, как семантический, морфологический и синтаксический. При этом, например, в современных исследованиях грамматики японского языка, который, как и корейский, имеет флективную структуру, некоторые лингвисты (В.М.Алпатов, М.Киеда и другие) неоднократно поднимали вопрос о критериях разграничения частей речи в японском языке, указывая каждый раз на различия в европейском и традиционном японском понимании границ морфемы (слова). Мнения многих востоковедов расходятся в вопросе места и роли служебных слов в агглютинативных языках, поэтому до сих пор актуальны споры на темы: «послелог или аффикс», «частица или окончание» [[1, с.37].

О расхождении во мнениях лингвистов традиционной корейской лингвистической школы (грамматика Чу Си Гёна, Чве Хён Бе и др.) и исследованиях европейских и советских корееведов (Г.Рамстедт, А.А.Холодович, Ю.Н.Мазур и др.) упоминает в своей работе и советский лингвист – Лев Борисович Никольский, занимавшийся изучением корейских служебных слов. «В решении проблемы о служебном слове в корейском языке четко проявляются два направления: первое – традиционное, нашедшее отражение в большинстве работ корейских лингвистов, второе – то, которое представлено европейским корееведением и корейскими языковедами, испытывавшими в своих грамматических построениях влияние европейского языкознания» [[11, с.5].

Вслед за вышеуказанными востоковедами рассмотрим вопрос определения термина, используемого в отношении класса служебных имен существительных в корейском языке, с двух сторон: традиционной корейской лингвистики и советского или русскоязычного корееведения.

В современной корейской классификации частей речи служебные имена существительные не выделены в отдельную группу, являясь лишь подгруппой в общем классе существительных [[20, т.3, с.575]. Стоит также отметить, что в современном корейском языкознании признание разных точек зрения на один и тот же вопрос позволяет сосуществовать одновременно несколькими названиями одной и той же лингвистической единицы, и каждый исследователь вправе использовать тот вариант, на котором основывается его теория классификации данной грамматической категории. Так, например, рассматриваемый нами класс слов имеет разные названия: «불완전명사 [[burwanjŏnmyŏngsa] – незавершенные (неполные) имена существительные», «형식명사 [[hyŏngsikmyŏngsa] – формальные имена существительные», «의존명사 [[ijŏnmyŏngsa] – зависимые имена существительные», при том, что еще несколько столетий назад сам класс имен существительных имел совершенно другое название – «매인 이름씨» [[maeinireumssi] [[18, с.10, 95]. Говоря о корейской традиции выделения класса служебных имен существительных, здесь и далее мы употребляем термин «несамостоятельные имена существительные», вместо «служебные».

При этом некоторые русскоязычные исследователи уже поднимали вопрос логичности применения термина «несамостоятельные» в корейской грамматике. Так, в статье российского исследователя В.В.Аникиной под названием «Европейские лингвисты XIX века – создатели первых грамматик корейского языка» сказано: «Если обратиться к факту выделения так называемых «несамостоятельных существительных» (의존명사), то можно заметить, что понятия универсальной грамматики искусственно притягивались для наименования частей речи корейского языка. По сути, если мы говорим «несамостоятельное, или зависимое, существительное», то мы подтравываем статус самого понятия «существительного», так как грамматисты утверждают, что это самая самостоятельная категория. Н.Д. Арутюнова определяет существительное как денотативное значение полного репрезентата референта. Исходя из этого, можно указать на неправомерность использования термина «несамостоятельное, или зависимое, существительное». Такое использование не вполне приемлемых терминов можно объяснить тем, что ученые прибегали к рационалистической теории, с помощью которой можно объяснить любую грамматику готовыми категориями. Использование универсальных понятий положительно сказывается на формировании типологии, но отрицательно влияет на возможность раскрытия уникального в языке» [[2, с.172].

Отчасти российский исследователь права, и то же самое можно сказать в отношении термина «служебные имена существительные». Согласно приведенной выше классификации частей речи в корейской традиции, имена существительные делятся на нарицательные и собственные, самостоятельные и несамостоятельные [20, т.3, с.498]. Примечательно, что первые два вида существительных классифицируются по грамматическим признакам: категория собственности и нарицательности, а вторые два вида – по лексико-семантической самостоятельности или зависимости. При этом классифицировать вторую группу существительных по категории знаменательности и служебности тоже было бы неверно. Так как вопрос знаменательности имен существительных уже ни у кого не вызывает сомнения, возникает острый вопрос логичности

сочетания «служебные» и «имя существительное».

Можно предположить, что признание в корейской лингвистике классификации частей речи, где среди привычных категорий присутствуют словообразовательные аффиксы, а имена существительные в той же классификационной структуре отличаются по своим признакам, и стало причиной возникновения отличных друг от друга точек зрения у корейских и некоторых европейских, включая советских, ученых. Последние, как говорилось выше, пытались систематизировать грамматический строй корейского языка через призму основ европейского языкознания. Советско-российские лингвисты, выделяя части речи не только по морфологическим критериям, но и по их синтаксической роли в предложении, пытались сочетать европейский и традиционный корейский подходы. А теперь рассмотрим, к каким выводам пришли советские лингвисты в своих трудах.

В советском корееведении такие ученые, как А.А.Холодович, Л.Б.Никольский, Ю.Н.Мазур не раз предпринимали попытки объединить в лексико-грамматические разряды корейские слова, которые по признакам могли бы быть определены как служебные. Их классификации до сих пор широко применяются в русскоязычном корееведении. Так, в своих ранних трудах А.А.Холодович выделял группу служебных слова, разделяя их согласно грамматическим функциям на: служебные имена существительные, служебные глаголы и служебные прилагательные. Можно сделать предположение, что автор и стал основоположником термина «служебные имена существительные» в русскоязычном корееведении, тогда как в поздних трудах, указывая на неточности, допущенные им в ранних работах, при описании классификации корейских частей речи он включает параграф «Собственно существительные и служебные существительные» в раздел «Имена существительные»: «Различие между ними состоит в том, что имена первого рода выполняют назывную функцию, тогда как имена второго рода несут грамматические функции» [[16, с.48]. То есть, в поздней работе автор уже определил класс служебных существительных уже занимает позицию, приближенную к современной корейской, но термин «служебные имена существительные» не утрачивает своей актуальности. Нам не удалось

найти детальной информации о какой-либо, предложенной автором, классификации имен существительных, кроме их описания. Он лишь выделил служебные имена существительные в отдельный класс, указывая, что внутри него разделение имен предметов происходит «по каким-либо внешним, чувственно-воспринимаемым признакам» [[16, с.49].

В отличие от А.А.Холодовича Ю.Н.Мазур расширяет классификацию служебных слов, добавляя к служебным именам существительным и служебным предикативам послелог и союзы [[8]. Однако он так же, как и Холодович, в своих поздних работах меняет мнение о составе класса служебных слов [[9], оставляя при этом ему, как и прежде, отдельное место в общей системе корейского языка. Классификация частей речи Ю.Н. Мазура отличается от традиционной корейской и той, что предложил А.А. Холодович, тем, что помимо шести основных частей речи (имя существительное, местоимение, числительное, глагол, прилагательное и наречие) он выделял в корейском языке атрибутив, образительные слова, междометия и целый класс служебных слов, в состав которых вошли: послелог, союзы, служебные имена (существительные), счетные слова (нумеративы), служебные глаголы, служебные прилагательные, связки и частицы.

Автор классифицирует группы слов в корейском языке как «лексико-грамматические классы», разделяя их на «части речи и грамматические классы служебных слов». При этом он отмечает, что по лексическим признакам все слова в корейском языке делятся на «полнозначные или самостоятельные» и «неполнозначные или несамостоятельные, служебные» [[9, с.33]. В своей классификации он продолжает основываться на взглядах европейских лингвистов, выделяя отдельный класс «служебных слов», который объединяет «служебные имена» или «служебные имена существительные» наряду с послелогами, союзами, счетными словами, связками и частицами. Указанный им класс под названием «служебные имена» подразумевает «служебные имена существительные». В их описании автор указывает, что «служебные имена (существительные) в отличие от полнозначных существительных лишены номинативной функции и не употребляются без предшествующего определения. Это строевые слова,

слова-конструкты. Автор также поясняет, что слова данного класса обладают «абстрактным лексическим значением, которое при переводе может быть передано с большей или меньшей долей условности» [[9, с.65]. Данная классификация служебных слов остается до сих пор наиболее распространенной и используемой в корееведении России и стран СНГ.

По нашему мнению, термин «служебные имена» тоже может ввести в заблуждение многих, не раскрывая достоверно особенностей рассматриваемого нами класса слов. В грамматике большинства тюркских языков присутствует класс «служебных имен» [[6, 12, 14], которого нет в русском или других европейских языках.

Например, в казахском языке есть и служебные имена (көмекші есімдер), которые описывают расположение предмета в пространстве и часто соответствуют предлогам русского языка, и послелоги (септеулік шылаулар) [[6, 12, 14]. Служебные имена образуются из основ, зачастую существительных в притяжательной форме третьего лица, к которым затем присоединяются окончания пространственных падежей, чаще местного падежа (окончания -нда/-нде): алды (сущ.) – перед, передняя часть, алдында (служ.имя) – перед (чем-то/кем-то). Служебные имена в казахском языке всегда употребляются после существительных в родительном падеже: Бала ағаштың алдында отыр. – Мальчик сидит перед деревом. [[14, с.48]

В корейском языке также существуют похожие по выполняемым функциям слова, которые советские корееведы выделяют в класс «послелогов». Это существительные, имеющие пространственное, временное или относительное значение, и которые сочетаются лишь с некоторыми падежными частицами. Однако они не относятся к исследуемому нами классу слов, хотя и имеют много общего с ним и тоже являются именами существительными. Например: существительное «후» [hu] – следующий, позади» с частицей местного падежа «-에» переводится на русский как «после, через, затем, после того, как; за тем, как» и часто классифицируется как послелог, но оно не является служебным именем существительным, так как имеет прямое лексическое значение [[20].

Примеры предложений с существительным «후»:

А. 결혼 후에 생활습관이 갈아질 수도 있다.

После свадьбы у супругов могут появиться одинаковые привычки.

Б. 두 달 후에 결혼할 거라고 하였다.

Он сказал, что женится через два месяца.

В. 그녀가 결혼한 후에는 그녀의 얼굴을 보기가 힘들어졌다.

После того, как она вышла замуж, ее почти не видно.

Примеры предложений со служебным именем существительным «것»:

А. 나는 그러한 모든 것을 보았던 것이다.

Все это предстало передо мной.

Б. 그런 아버지를 보지도 못한 것은 참으로 분한 일이야요.

Меня действительно удручает тот факт, что я не увидела своего отца таким.

В. 한번은 어머니와 외삼촌이 말다툼하는 것까지 내가 들었어요.

Однажды я даже услышала, как мама и мой дядя ссорились.

Таким образом, мы разграничиваем термины «служебные имена существительные» и «служебные имена», считая, что это разные группы слов. Ю.Н.Мазур же при описании морфологии корейского языка не разграничивает эти понятия и указывает оба, называя ими класс, основное свойство которого – приобретать лексическое значение только в сочетании с определяющими их атрибутивными конструкциями. Таким образом, под служебными именами мы понимаем имена существительные, выполняющие функцию послелогов, в отличие от которых служебные имена существительные всегда употребляются после атрибутивных конструкций (в русском языке им аналогичны «причастные обороты»), которые обязательно заканчиваются глаголами, прилагательными и существительными в значении предиката. То есть, выполняют функцию субстантиватора всей синтаксической конструкции при обязательном наличии предикации. В отличие от них существительные-послелоги, которые мы можем назвать «служебными именами» за выполняемые функции послелогов, ссылаясь на используемый в тюркских языках термин, в корейском языке употребляются чаще после имен существительных без какой-либо предикации или после некоторых глаголов с определенным лексическим значением. Круг сочетаемых с послелогом глаголов ограничен, поскольку большинство послелогов

имеют пространственное или временное значение. Это их основное отличительное свойство от служебных имен существительных в корейском языке. Русскоязычные корееведы относят обе названные группы к единому классу служебных слов. В то время как корейские лингвисты не считают их служебными, поскольку и послелого, и служебные имена существительные обладают четко выраженными свойствами простых существительных и легко сочетаются с падежными частицами. В данном случае встает вопрос, о котором мы уже упоминали выше – определение границ морфем в агглютинативных языках. Являются ли так называемые «послелог» служебной частью речи или же это аффиксы? К сожалению, в данном вопросе лингвисты восточных и европейских языков так не пришли к единому мнению. Мы же разделяем мнение тех ученых, которые полагают, что в агглютинативных языках деления частей речи на знаменательные и служебные не существует.

В отличие от других советских корееведов, предпринимавших попытки исследования класса служебных слов и служебных имен существительных, в частности, Л.Б. Никольский указал не только функциональные разряды служебных слов в корейском языке, но и сумел представить на рассмотрение семантическую классификацию слов и выделить особенные характеристики служебных слов. Однако исследование Л.Б. Никольского частично теряет свою актуальность в современном корееведении, так как вопрос служебности многих групп, которые автор включил в свою классификацию, в той или иной степени ставится под сомнение. Например, класс служебных имен существительных входит в состав общего класса служебных слов наряду с так называемыми «послелогам», «союзами», «частицами», а также счетными словами или классификаторами. Последние в современной корейской традиции относятся к рассматриваемой нами группе слов. Постоянная ссылка автора на предшествующие работы А.А. Холодовича позволяет, предположить, что в своем исследовании Л.Б. Никольский основывался на предложенной А.А. Холодовичем классификации служебных слов. При этом мы не можем не отметить заслугу Л.Б. Никольского, который сумел рассмотреть класс служебных имен существительных со всех возможных сторон, учитывая многочисленные трудности, воз-

никающие как в определении единых признаков и морфологических критериев данного класса, так и в применении терминологии.

Проанализировав рассмотренные нами точки зрения, в заключении хотим сказать, что в русскоязычном корееведении, как и в исследованиях многих европейских лингвистов по грамматике корейского языка, определение многих грамматических понятий происходило по методу проведения аналогий с грамматиками европейских языков. Такие названия групп как «служебные слова», «послелог», «причастие» и другие были внедрены ими для передачи выполняемых соответствующими словами функций в предложениях. При этом, не были учтены особенности агглютинативного строя корейского языка. Так, в современной корейской традиции нет терминов «служебные слова» или «причастие», а термин «후치사» [[huch'isa] – послелог] применяется лишь для передачи на корейский язык соответствующего класса, присутствующего во многих европейских грамматиках. Отдельным вопросом встает проблема о наличии служебных признаков у так называемой группы «служебных слов». Многие классы, которые русскоязычные корееведы относят к служебным, не попадают под критерий «служебные части речи не изменяются и не склоняются», если учитывать, что как и все именные части речи (существительное, местоимение, числительное) в корейском языке они сочетаются с падежными частицами (аффиксами). И наоборот. Как счетные слова, послелог, служебные имена существительные, входящие в состав общей группы корейских имен существительных, могут обрести признаки служебности, если имя существительное – знаменательная часть речи? Таким образом, исходя из вышеизложенного, мы полагаем, что вопрос использования в советском и российском корееведении определения «служебные» в отношении рассмотренного нами класса имен существительных в корейском языке требует пересмотра и дополнительного исследования.

Как видим, наличие многочисленных несоответствий в определениях не только класса служебных имен существительных, но и других грамматических групп в корейском языке, а также необоснованность принципов выделения частей речи в русскоязычном корееведении де-

лает изучение поставленных вопросов крайне актуальным. Особенно для стремительно развивающегося казахстанского корееведения, где с каждым годом увеличивается количество исследований на национальном казахском языке, который входит в состав тюркской языковой группы. Это означает, что казахский и корейский языки имеют схожую агглютинативную структуру, и описание грамматического строя корейского языка на казахском или другом вос-

точном языке, имеющем близкую языковую структуру, в отличие от описаний корейской грамматики на европейских языках, позволит наиболее достоверно передать специфичность некоторых грамматических классов. Так, при обучении корейской грамматике на казахском языке рекомендуем брать за основу не советское и современное российское направление в корееведении, а теории лингвистов традиционной корейской школы.

Литература

- 1 Алпатов В.М. О разных подходах к выделению частей речи в японском языке//Вопросы языкознания. – № 4 – М., 1986. – С. 37-46.
- 2 Аникина В.В. Европейские лингвисты XIX века – создатели первых грамматик корейского языка//Вестник российского корееведения. – № 1(спецвыпуск) – М., 2009.
- 3 Баскаков Н. А. Алтайская семья языков и её изучение. – М., 1981.
- 4 Бергатаев Т.А. Проблема классификации частей речи (На материалах монгольских языков). – Улан-Удэ, 1956.
- 5 Воронина Л.А. Грамматическая шкатулка: сборник упражнений по грамматике корейского языка. Учебное пособие. – М., 2012.
- 6 Исенгалиева В.А. Служебные имена и послелогов в казахском языке. – Алма-Ата, 1957.
- 7 Исенгалиева, В.А. Русские предлоги и их эквиваленты в казахском языке. АН КазССР институт языка и литературы. – Алма-Ата, 1959.
- 8 Мазур Ю.Н. Корейский язык. – М., 1960.
- 9 Мазур Ю.Н. Грамматика корейского языка. Морфология. Словообразование. – М., 2001.
- 10 Никольский Л.Б. К вопросу о «неполнозначных именах существительных» в корейском языке. Автореферат канд. дис-ции. Военный ин-т ин.яз. – М., 1953.
- 11 Никольский Л.Б. Служебные слова в корейском языке. – М., 1962.
- 12 Оразов М. Служебные имена в тюркских языках (на основе материала казахского, узбекского и туркменского языков): Автореф. дис. канд. филол. наук. – Ташкент, 1970.
- 13 Рамстедт Г.И. Грамматика корейского языка. Пер. с англ. А.А. Холодовича. – М., 1951.
- 14 Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М., 1957.
- 15 Турсунов Д., Хасанов Б., Ислямов А., Бейсенбаев К., Ищанов К. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. – Алма-Ата, 1967.
- 16 Холодович А.А. Грамматика корейского языка. – М., 1937.
- 17 Холодович А.А. Очерк грамматики корейского языка. Уч. пособие. – М., 2013.
- 18 정호완. 한국어의 발달과 의존명사. 서울, 2002.
- 19 표준국어대사전. 3권. 서울, 1999.
- 20 Жанпейісов Е. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Жауапты ред. – Астана, 2002.

References

- 1 Alpatov V.M. O raznykh podhodah k vydeleniyu chastei rechi v yaponskom yazyke//Voprosy yazykoznaneya. – #4 – М., 1986. – P.37-46.
- 2 Anikina V.V. Evropeiskie lingvisty XIX veka – sozdateli pervykh grammatik koreiskogo yazyka//Vestnik rossiiskogo koreevedeniya – #1(specvypusk). – М., 2009.
- 3 Baskakov N. A. Altaiskaya sem'ya yazykov i ee izuchenie. – М., 1981.
- 4 Bergataev T.A. Problema klassifikatsii chastei rechi (Na materialah mongol'skih yazykov). – Ulan-Ude, 1956.
- 5 Voronina L.A. Grammaticheskaya shkatulka: sbornik uprazhnenii po grammatike koreiskogo yazyka. Uchebnoe posobie. – М., 2012.
- 6 Isengalieva V.A. Sluzhebnye imena i poslelogi v kazahskom yazyke. – Alma-Ata, 1957.
- 7 Isengalieva, V.A. Russkie predlogi i ih ekvivalenty v kazahskom yazyke. AN KazSSR institut yazyka i literatury.- Alma-Ata, 1959.
- 8 Mazur Yu.N. Koreiskii yazyk. – М., 1960.
- 9 Mazur Yu. H. Grammatika koreiskogo yazyka.Morfologiya. Slovoobrazovanie. – М., 2001.
- 10 Nikol'skii L.B. K voprosu o «nepolnoznachnykh imenah sushestvitel'nyh» v sovremennom koreiskom yazyke. Avtoreferat kand. dis-cii. Voennyi in-t inostr. yaz. – М., 1953.

- 11 Nikol'skii L.B. Sluzhebnye slova v koreiskom yazyke. – M., 1962.
- 12 Orazov M. Sluzhebnye imena v tyurkskih yazykah (na osnove materiala sovremennogo kazahskogo, uzbekskogo i turkmenskogo yazykov): Avtoref. dis. kand. filol. nauk. – Tashkent, 1970.
- 13 Ramstedt G.I. Grammatika koreiskogo yazyka. Per. s angl. A.A. Holodovicha. – M., 1951.
- 14 Ramstedt G.I. Vvedenie v altaiskoe yazykoznanie. Morfologiya. – M., 1957.
- 15 Tursunov D., Hasanov B., Islyamov A., Beisenbaev K., Ishanov K. Sopostavitel'naya grammatika russkogo i kazahskogo yazykov. – Alma-Ata, 1967.
- 16 Holodovich A.A. Grammatika koreiskogo yazyka. – M., 1937.
- 17 Holodovich A.A. Ocherk grammatiki koreiskogo yazyka. Uch. posobie. – M., 2013.
- 18 Jong Ho Wan. Hangukŏyeu baldalgwa ũijonmyŏngsa. – Seoul, 2002.
- 19 P'yojoonkukŏ desajŏn. 3 gwon. – Seoul, 1999.
- 20 Zhanpeisov E. Qazaq grammatikasy: fonetika, sŏzzhasam, morfologiya, sintaksis. Zhauapty red. – Astana, 2002.

УДК 82.03; 82:81'255.2

¹Н. Мұқаметханұлы, ²Т. Дәлелғазы*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.д., профессор, Қазақстан, Алматы қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: talgar_d@mail.ru

Абайдың «Масғұт» поэмасының Қытайда аударылуы мен зерттеулі жөнінде

Мақалада қытайдағы Абай шығармаларын зерттеуші Ха Хуаньжанның Абайдың «Масғұт» поэмасын қытай тіліне аударуы және ол туралы зерттеулеріне жан-жақты талдау жасалынады. Сонымен қатар, Абай шығармалары ішіндегі поэмаға қатысты өлеңдерінің қытай тіліне аударылуы мен зерттелуін қарастырып, қытай зерттеушілерінің Абай шығармасына берген бағаларына сараптама жасалады.

Түйін сөздер: Абай, Масғұт, поэма, Ха Хуаньжан, аударма, құндылық.

Н. Мұқаметханұлы, Т. Дәлелғазы
Исследования о поэме «Масгут» Абая в Китае

В статье приводится разносторонний анализ, а также исследования перевода на китайский язык поэмы Абая «Масгут» китайского исследователя творчества Абая Ха Хуаньжана. Наряду с этим, рассматривая перевод и исследования стихов, относящихся к поэме, в произведениях Абая, делается заключение об оценке произведения Абая китайскими исследователями.

Ключевые слова: Абай, Масгут, поэма, Ха Хуаньжан, перевод, ценность.

N. Mukametkhanuly, T. Dalelgyzy
Studies about Abai's «Masgut» poem in China

The article is dealing with the studies of Hu Huanzhang (Qabai) about poem «Masgut», one of Abai's original three poems. Furthermore analyzing works of other chinese translators about the poem.

Key words: Abai, Masgut, poem, Ha Huanzhang, translation, value.

Абай – қазақтың ұлы ақыны, ойшыл философы. Оның артына қалдырған мұраларының құндылығы тек қазақта қана емес, әлемде де жоғары бағаланады. Мұның дәлелі ретінде Абай шығармаларының әлем елдері тілдеріне үздіксіз аударылып, зерттелуін айтуға болады. Әсіресе, оның қытай тіліне аударылып зерттелуінің мәні мен маңызы айырышқа деп санаймыз.

Бұл мақаламызда Абайдың үш поэмасының бірі саналатын «Масғұт» поэмасын Қытайда Абайды зерттеуші ғалым Қабайдың (Ха Хуаньжан) зерттеуіне талдау жасауды жөн көрдік.

Ха Хуаньжан, қалам аты Қабай, сібе ұлтынан, 1928 жылы туылған, қытайда Абай зерттеудегі ең маңызды тұлғаларының бірі.

1950 жылы Шыңжаң университетінің орыс тілі факультетін бітірген. Содан соң ол 1973 жылға дейін қазақ ұлты көп қоныстанған Нылқы, Күнесті сияқты аудандарда қызмет істеген. Оның орыс, қазақ, қытай тілдеріне жетік болуы Абайды зерттеуі үшін үлкен септігін тигізді. Қабай мырза университет оқып жүрген кезден бастап-ақ Абай шығармаларын қытай тіліне аударуда бастаған. 1955 жылы ол ақынның «Ескендір» поэмасын қытай тіліне тәржімалап, «Аударма әдебиеті» журналының 1958 жылғы № 8 санында жариялады. Сол жылы ол Абайдың өзге екі поэмасын аударып, оған «Ескендір» поэмасын қосып, «Абай поэмалары» деген атпен «Халық әдебиеті баспасынан» шығарды. Сондай-ақ ол Шыңжаңнан шығатын «Тяньшань»

журналының қытай тіліндегі басылымының сегізінші санында «Қазақтың ұлы ақыны-Абай» деген алғашқы зерттеу мақаласы жариялады. Өкінішке қарай, содан кейінгі жылдары Қытайда саяси науқандардың толассыз жүрілуі, әсіресе, он жылға созылған «мәдени революциясы» (1966-1976) ғалымның Абай шығармаларын аударуына мүмкіндік бермеді.

1973 жылы Қабай Пекиндегі «Ұлттар баспасы» қазақ редакциясына редактор қызметіне барады. 1981 жылы ол Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясы аз ұлттар әдебиетін зертте бөлімінде ауысып барып арнаулы түрде Абайды зерттеумен шұғылданады. Оның аудармасымен «Абай өлеңдерінен таңдамалылар» және «Абай қара сөздері» екі кітап болып, «Шыңжаң халық баспасынан» 1982 жылы және 1984 жылы басылып шықты. 1987 жылы қытай ұлттар баспасында оның көп жылдардан бергі еңбектеніп жазған ғылыми зерттеу мақалар жинағы «Абай және оның өлеңдері» (қазақша) басылып шықты. 1993 жылы оның «Абай өлеңдерінің толық жинағы» атты аудармасы «Ұлттар баспасынан» жарық көрді. Қабай 1989 жылы Семей облысы, Абай ауданына келіп зерттеулер жүргізді. 1993 жылы Қазақстан Республикасының Абай әдебиетіне ие болды. Ха Хуанжаң мырзаның Абай шығармаларын қытай тіліне аударуы мен зерттеулері елімізде алғаш рет «Абай энциклопедиясында» таныстырылды [1].

«Масғұт» поэмасы жөнінде әйгілі ғалым, ұлы жазушы Мұқтар Әуезовтың «Абайдың поэмалары туралы» деген еңбегінде: «Абайдың оригиналды поэмасы үш шығарма: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім». Бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, соның ішінде бұрынғы шығармаларындай, өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалары емес. Үшеуі де шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады»[2] деп жазған. Абай өзінің поэмаларындағы ортаға қойылған идеялар хақында: «Бірақ жалпы алғанда, көлемдері азғана, оқиға, сюжеттері шағын шыққан осы поэмалардың да негізгі идеясы мен мақсаты Абайдың көп лирикалық шығармаларындай, ұстаздық тәрбиелік ойларға арналғанын байқаймыз.»[3], -дейді Әуезов аталған еңбегінде.

Қытайда Абай шығармаларын зерттеумен шұғылдаушы ғалым Ха Хуаньчаң өз еңбектерінде Абайдың осы нәзирагөйлік по-

эмаларына талдау жасаған. Оның «Абайдың «Масғұт» және өзге поэмаларына талдау» атты мақаласында: «Он тоғызыншы ғасырдағы қазақтың ұлы реалистік ақыны Абайдың бізге жеткен көптеген лирикалық және философиялық өлеңдерінен өзге, тағы үш поэмасы бар. Лирикалық және философиялық өлеңдері секілді Абайдың поэмаларының оқырманы мол, әрі қазақ әдебиетінің жауһары болып табылады»[4]-дей келіп, Абайдың өзіне тән сипаттағы жасампаздығының қалыптасу барысына тоқталып: «Абайдың поэмалары өзге Шығыс халқтарының шығармаларын негіз етіп жазылған. Абай бір жағынан өзінен бұрынғы ақындық дәстүрді өңдеп, жаңартып мұрагерлік етсе, тағы бір жағынан Шығыстың өзге ұлттарының мәдениетін шығармасына сіңірген. Оғанқосаорыстыңпоэмашығармашылығындағы тажирибесін де өз еңбектерінде пайдалана білді. Осылайша оның поэмалары Шығыс пен Батыс әдебиетінің жауһарлары өз жарасымын тапқан дүниеге айналды.», -деп тұжырым жасайды. Ал қазақ дастандарындағы нәзирагөйлік дәстүр туралы ғалым: «Басқа ұлт пен басқа өңірдің дастандарын қазақшаға аударып, жаңғыртып жырлау – қазақ дәстүрлі шығармашылығының бір түрі. Онда ақындар нәзиралап, өңдеп жырлағанда, әуелгі жырдың тек формасы ғана өзгеріп қалмайтын. Оның уақиға желісі, бейнеленген қоғамдық орта, тұрмыстық хал-жағдайлар бәрі-бәрі де белгілі дәрежеде өзгеріске ұшырайды. Ақындар кейіпкерлерді сомдау барысында, оларыдың характеріне, ішкі сезім толқыныстарына да қазақ халқының ұлттық бояуын сіндіреді. Шығармадағы кейіпкерлердің ойлау тәсілі, сөйлеу дағдысы, тіпті, әр бір қозғалыс қимылдарына дейін қазақыланып кетеді. Қазақ дәстүрлі әдебиетінде осындай нәзиралық жолмен жаңғырту жасампаздығы арқлы жаңа авторлар пайда болады. Расында, бұл бір керемет жасампаздық тәсіл есептеледі. Ең қызықтысы, ақындар нәзиралау барысында жырлап отырады. Бұл дәстүр қазақтың мәдени өмірін байытып қана қалмастан, қазақ әдебиетінің қазақ сахарасынан алқып шығып, өзге халықтарды да рухани жауһарларымен сусындатып, мәдениет ауысуына септігін тигізді. Қазақ халық жырлары ішінде ақындар назиралаған дастандардың басым салмағын ұстайтыны «қисалар» деп аталады» [5], – дей келеді де, Абай поэмаларындағы нәзиралауды: «өзінен бұрынғы ақындарда

қалыптасқан дәстүр секілді Абайдың үш поэмасы Абайдың өзінің көркемөнерлік стили мен шығармашылықтағы көзқарасы негізінде нәзіраланған. «Масғұт» поэмасында Абай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, жоқ-барды, ертегіні термек үшін. Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бемек үшін» деген жолдарды, қытайшаға «绝不爲个人消遣挥笔墨,只为了勉励那些上进的青年» [6]- деп, тамаша аударып, оған «өмірдегі сұраққа толы кейбір мәселелер туралы терең ойы мен толғамын ортаға салады»-деп сипаттайды.

Абай поэма соңында да негізгі идеяны айқын көрсетеді: «Көптің бәрі осындай, мисал етсең, Көп айтты деп алданып, уағда күтсең. Ғәпіл боп көп нәрседен бос қаласың, Аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең» деген жолдарды аудармашы «众人往往如此, 这有实例为证轻信诺言, 容易被别人瞒哄, 如果掉以轻心, 盲目地追随众人, 你将终身懊悔而又一事无成»[7] – деп, қытайша тамаша жеткізеді.

Автор «Масғұт» поэмасында ортаға қойылған негізгі идея жөнінде Абай қара сөздерімен байланыстыра талдау жасайды. Ол: «Масғұтта көтерілген негізгі идея Абайдың әр кезеңдегі өзге шығармаларында, әсіресе, оның ғақылиялар жинағы есептелетін «Қара сөздерінде» әр түрлі деңгейде көрініс тауып отырады. Міне, бұл Абайдың ұзақ уақыттық ой қорытындысынан туындаған маңызды тақырып, «Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені мақтауға симайды. Айтқанға көңгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау – ерлік, батырлық (Абай қара сөздері, он төртінші сөз). Бұны ғалым 那些被哈萨克人称之为有雄心的人, 实际上也常常名不符实真正的英雄应该是谦恭有礼, 信守诺言, 疾恶如仇, 能为民众引路, 而不像一条可怜的小狗尾随在别人身后. 凡是正义的事业, 即使有天大的困难, 他也会挺身而出捍卫. 凡是放弃真理的事, 尽管非常容易, 他也不为所动. 这才是真正的英雄 («阿拜箴言录» 第 14 篇) [8], – деп аударған.

«Құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп. Көпке қаһарым жүрмейді деп. Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп

пе? Біреуден тарап па?Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? (Абай қара сөздері, жиырма үшінші сөз). Бұл сөздерді зерттеуші «莫非真主喻示他, “只要你和众人在一起, 我的威力便一筹莫展, 我的惩戒便鞭长莫及”? 彻知一切是萌自众生, 还是源自独一无二的主?当众人迷途忘返时, 莫非不需要一为能指点迷津的人?» («阿拜箴言录» 第23篇) [9] деп аударған.

«Масғұт» поэмасына тереңдей талдау жасаған ғалым: «Абай жоғарыда айқындап көрсеткен өзінің ұстанымын өзек ете отырып, «Масғұттағы» батыл әрі әділетті, бірақ, қауымға басшылық ете алатын парсаты кемшіл кейіпкер обыразын жасайды. Абай осы Масғұт геройы орқылы өз ұстанымы жоқ, көптің артынан, дүрмектің соңынан ілесіп кететін табансыздарды сынға алады» – дейді.

Поэманың көркемдік бағасы жөнінде қазақ КСР Ғылым академиясы баспасынан 1961 жылы басылып шыққан «Қазақ әдебиеті тарихында»: «Осындай сюжетті әңгіме құруда, суреттеп көрсету орнына, баяндағыш ойды басшы ету арқылы Абай бұл поэмасының композициясын ойдағыдай толық көркем, тұтас етіп шығара алмаған. Ол, әсіресе, осы поэманың екінші белімінен аңғарылады. Композициялық құрылыста логика болмай кетеді. Өйткені, тұтас күрделі сюжеттік құрылысының шартына бағынса, Масғұттың қызыл жемісті жегеннен кейінгі іс-әрекеттері баян етілгенін көрсек керек еді» [10]-деп сипатталған.

Ал поэманың көркемдік деңгейі туралы ғалым «Масғұттың» көркемдік шеберлігі жөнінде әр түрлі көзқарастардың айтылып жүргендігін тілге тиек етеді әрі оған өзінің пікірін білдіреді: «Кейбіреулер поэманың алдыңғы және соңғы уақиғаларында логикалық байланыс кемшіл, мұның өзі шығарманың көркемдік деңгейіне әсер еткен дейді...Егер тек поэманың уақиға желісі бойынша қарастыра болсақ, «қазақ әдебиеті тарихындағы» талдаулар дұрыс айтылған. Себебі, бірінші уақиғадан екінші уақиғаға өту барысы өте шұғыл, поэманың бас-аяғы кемелді қабыпсай қалған. Алайда, «Масғұт» поэмасының жалпы тақырыбы бойынша талдау жасар болсақ, поэманың бас-аяғы бір-бірімен айырылмастай байланысып тұрғанын аңғара аламыз. «Қазақ әдебиеті тарихында» Абайдың «Ескендір» поэмасы тура-

лы талдау жасағанда оны «Масғұтпен» салыстырып: ««Масғұтқа» қарағанда «Ескендір» поэмасындағы уақиға бір өзекті негіз еткен» дейді. Расында «Ескендір» поэмасы Абайдың сәтті шыққан поэмасы саналады. Алайда, «Масғұт» та сәтті түрде нәзіраланған поэма санатына жатады. Поэма екі түрлі уақиғадан құрам тапқанымен, ол екі уақиға негізгі тақырып үшін қызмет атқарып тұр. Бірінші уақиғаның барысы ұзағырақ болғанымен ол екінші уақиғаның бұйдасы спетті әрі поэманың кем болса болмайтын маңызды бөлігі», – деп санайды. Автор «Мағұт» поэмасының тақырыпты өте айқын аша алғандығын айтып, оны әрі қарай былай деп түсіндіреді: «поэманың алдыңғы бөлімінде Масғұттың ұждандылығы, арманды адамгершілігі көрсетіліп, соңында халифаға уәзір болғандығы баяндалады. Ал соңғы бөлімінде ел бастайтын парасаты мен жүректілігі кемшіл екендігін көрсетіп, оның адасқан қауымға бастаушы бола алмай, көптің соңынан ілесіп, адасқаны айтылады. Егер «Масғұт» поэмасын осылай талдап тарқатар болсақ, бұл поэма идеясының тереңдігін байқап қана қоймай, оған қоса оның көркемдік жақтан да сәтті шыққанын аңғара аламыз» [11].

Ха Хуаньчжаң өз мақаласында Абайдың жас шағында әкесі Құнанбайдың ықпалымен ел ісіне ертерек араласып, қарапайым халықпен етене байланыста болғандығын айта келіп, Абайдың ұзақ уақыт бойы халқпен қоян-қолтық араласуы барысында ұлтының заттық және рухани жақтардан өзге халықтан кенже қалғандығын байқағандығын әрі қауымның оянуы мен алға басуы үшін бар күшін сала арпалысқанын, өз өмірінің жарық сәулесі арқылы қараңғы түнектегі халыққа жол көрсетпек болғанын атап көрсетеді.

«Масғұт» поэмасындағы жанбыр суын ішкен қалың қауымның патша мен уәзірді өздерінің тобына қосып алғандығы сияқты уақыт өте келе қауымның кері кететіндігін, әуелі алға сүйреген

адамды аяқтан шалатындығын түсінді. Алайда Абай әрқашан сергек болды, өзінің әйгілі «Сегіз аяғында» «Кеш деп қайтар жол емес, жол азығым мол емес» (我决不半途而归, 那伯囊空和日暮途远) [12] – деп, айтқанындай бастан ақыр өзінің айқын мақсатынан ауытқымады. Абайдың ұлылығы сонда – ол әр қандай жағдайда да, әр қандай уақытта да, ешкімге көр соқырлықпен ермеді, ешкімнің ойламы жоқ құлы болмады – деп тұжырым жасайды. Сондай-ақ ол Абайдың алған бетінен қайтпай, «мыңмен жалғыз алысқандығын», өз заманындағы жұртты көрсоқырлықтан құтылуға бар күшін салғанын, жұртқа жебеу боларлық жастарды өз қатарына қосуға құлшынғанын айтып, міне бұлар Абайдың «Масғұтты» дүниеге әкелуіндегі бір себеп болды деп қортынды жасайды.

Поэмаға жасаған талдауының соңғы бөлегінде автор «Ескендір» поэмасы болсын, «Масғұт» поэмасы болсын екеуі де Абайдың сәтті шыққан шығармалары екендігін дәлелдеп, көркемөнерлік тұрғыдан екі поэманың әр қайсысының өзіне тән ерекшелігі бар деп санайды. Ал мазмұны жағынан талдар болсақ, «Масғұт» поэмасының «Ескендірге» қарағанда реалистік жағы басымырақ, өйткені XIX ғасырда қазақ қоғамындағы қауымды да, сол қауымды бастаған басшысын да көрсоқырлықпен дүрмекке ергіш, жеңіл-желпі сенгіштік ғадеттің жайлағанын, сондықтан Абайдың «Масғұт» поэмасы мейлі көпке болсын, немесе үлкенді-кішілі рулардың дербес шешім жасау мен ой қорту қабілеті жетерсіз ақсақалдары мен басшыларына болсын үлкен тәрбиелік рөл атқарып тұрғандығын айтады.

Қорытып айтқан, Ха Хуаньчжаңның Абайдың «Масғұт» поэмасын қытай тіліне аударуы мен зерттеуі ғылыми дәлдік пен тереңдік бар. Ғалымның осы еңбегі қалың қытай оқырмандары мен әдебиет зерттеушілерінің қазақ әдебиетіне, әсіресе, Абай шығармаларына дұрыс көзқарас қалыптастырғаны анық.

Әдебиеттер

- 1 Абай энциклопедиясы. – Алматы. Ата мұра. – 1995. – 605-606 бб.
- 2 Мұқтар Әуезов. Абайдың поэмалары туралы. – 1950 – Алматы. Қазақ әдебиеті-26.
- 3 Мұқтар Әуезов. Абайдың поэмалары туралы. – Алматы. Қазақ әдебиеті-3-46б.
- 4 哈拜. 谈阿拜的翻译诗. 民族文学研究. – 1986. №06-326. (Habai. tan abaide fanyishe. minzu wenxue yanjiu).
- 5 哈拜. 谈阿拜的翻译诗. 民族文学研究. – 1986. №06-32-336. (Habai. Tan abaide fanyishe. mizu wenxue yanjiu).

- 6 哈拜.阿拜诗文全集. –北京.民族出版社.–1993.-576.(Habai.abai shiwen quanji. –Beijing.minzu chubanshe).
- 7 哈拜.谈阿拜的翻译诗.民族文学研究.–1986.№06-416.(Habai.tan abaide fanyishi.minzu wenxue yanjiu).
- 8 粟周雄,艾克拜尔.米吉提(译).阿拜箴言录.–北京.民族出版社. – 2000. -29-32 бб. (Su Zhouxiong, Akebaier. Majiti. abaizhenyanlu. –Beijing. minzu chubanshe).
- 9 粟周雄,艾克拜尔.米吉提(译).阿拜箴言录.–北京.民族出版社. – 2000. -44-45 бб. (Su Zhouxiong, Akebaier. Majiti. abaizhenyanlu. –Beijing. minzu chubanshe)
- 10 Қазақ әдебиеті тарихы. –Алматы.Қазақ КСР ғылым академиясы баспасы.-1961.122б.
- 11 哈拜.阿拜的伦理思想.西域研究. –1999.№04.-736.(Habai.abaide lilunsixiang.xiyu yanjiu).
- 12 哈拜.阿拜诗文全集. –北京.民族出版社.–1993.-576.(Habai.abai shiwen quanji. –Beijing.minzu chubanshe).
- 13 哈拜.阿拜诗文全集. –北京.民族出版社.–1993.-53-546.(Habai.abai shiwen quanji. –Beijing.minzu chubanshe).

УДК 81' 373;001.4 А.

А.Ж. Назарова, Ш.М. Садуова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Ayim76@mail.ru

Қазақ және түрік тілдеріндегі жер-су аттарының ерекшеліктері

Мақалада қазақ және түрік тілдерінің лексикасы қарастылады. Лексиканың бір саласы ономастика, соның ішінде жер-су атауларының (топонимика) түрлері мен ерекшеліктерін жөніде баяндалады.

Топонимияны лингвистер тілдің айрықша лексика қабаты ретінде қарастырады. Ал географиялық ғылымдар тұрғысынан алғанда, топоним белгілі бір нысанға берілген атау ғана емес, оның, географиялық болмысын айқындап тұратын, мағыналық жүктемесі жағынан белгілі бір ақпарат бере алатын, жалпы алғанда сол нысанның өзінен айырып алуға болмайтын атау болып табылады. Топонимдер жергілікті жердің кеңістіктік сипаттамасын беретін бірден-бір белгі жүйесі қызметін атқарады. Ал топонимдерді (географиялық атаулар), олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым *топонимика* деп аталады.

Түйін сөздер: түрік тілі, топонимика, ономастика, географиялық атаулар.

А.Ж. Назарова

Особенности топонимов в казахском и турецком языках

В статье рассматриваются особенности топонимов в казахском и турецком языках.

Ключевые слова: турецкий язык, топонимика, ономастика, географические названия.

A.Zh. Nazarova

Features of toponyms in the Kazakh and Turkish languages

In article рассматриваются features of toponyms in the Kazakh and Turkish languages.

Key words: Turkish language, toponymics, ономастика, place names.

Географиялық нысандардың атауларын топонимдер (гректің *τοπος* – «мекен, орын» және *ονομα* – «атау») деп атайды. Жалпы алғанда, лингвистиканың атаулар туралы саласы болып табылатын ономастика тұрғысынан алғанда, топоним дегеніміз – тілдің номинация қызметін атқаратын, атайтын және белгілейтін бірлігінің бірі. Белгілі бір белгісі бойынша, яғни аумақтық, тілдік, кейде хронологиялық ерекшелігі бойынша анықталатын географиялық атаулардың жиынтығын топонимия деп атайды. *Топонимия немесе топонимикон* топонимика ғылымының зерттеу объектісі болып табылады [1, 6.].

Топонимияны лингвистер тілдің айрықша лексика қабаты ретінде қарастырады. Ал географиялық ғылымдар тұрғысынан алғанда,

топоним белгілі бір нысанға берілген атау ғана емес, оның, географиялық болмысын айқындап тұратын, мағыналық жүктемесі жағынан белгілі бір ақпарат бере алатын, жалпы алғанда сол нысанның өзінен айырып алуға болмайтын атау болып табылады. Топонимдер жергілікті жердің кеңістіктік сипаттамасын беретін бірден-бір белгі жүйесі қызметін атқарады. Ал топонимдерді (географиялық атаулар), олардың шығу тегі, дамуы, қазіргі жай-күйі, мағынасы, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым *топонимика* деп аталады.

Қазақ тіліндегі топонимдерді қалыптастыруға географиялық терминдер, күнделікті қолданыстағы сөздер, сан есімдер, түр-түстіті білдіретін анықтауыштар қатысады, сонымен қатар топонимдерге адам есімдері (*антро-*

поним), халық, тайпа атаулары (этноним), өсімдік атаулары (фитонимдер), жануар атаулары (зоонимдер) негіз болады.

Топонимдер құрылымы жағынан жай және күрделі атаулар болып бөлінеді. Жай топонимдер карапайым *апеллятивтен* (мысалы, Теңіз лимнонимі, антропоним, этнонимнен (мысалы, Қыпшақ потамонимі, Абай қаласы атауы) тұрады. Кей жағдайда жай топонимдер өте қысқы болады.

Күрделі топонимдер анықтауыш пен терминнен (мысалы, Ақ+төбе), апеллятивке әртүрлі жұрнақ немесе жалғаулар жалғану арқылы (Алма+лы, Шал+дар), *сан* есім мен апеллятивтен (мысалы, Үш+қоңыр) тұруы мүмкін.

Осы аталғандар арасында әсіресе *сан* есім мен *апеллятивтен* тұратын атаулар жиі кездеседі. Мұндай «сандық» атаулар белгілі бір объектінің, заттың санын Үшкүдық, Бестөбе, Бесқауға), ретін (Үшінші ауыл) көрсетуі мүмкін.

Қазақ және түрік топонимдерін географиялық негізде, жіктеу мақсатында: аумақтық жер бедері, жыныстардың құрамы мен құрылысы, климат пен ауа-райы, жердің төсеніш беті және өсімдіктер мен жануарға байланысты бірнеше семантикалық топтарға бөлуге болады.

Бірінші топты аумақтық жер бедерін сипаттайтын атаулар тобы құрайды. Қазақ және түрік тілдеріндегі тау, төбе, жота, шоқы, қырат, шатқал, жыра, аңғар атауларына өте бай екендігін және олардың жіктелген сипат алатындығы жөнінде пікір көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Осы бай мұрадағы метафоралық сөздер бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді:

- *жалпы адам мен жануарларға ұқсату*: Айғыржал (тау, Қарағанды обл.), Балашоқы (төбе, Шығыс Қазақстан обл.), Итжон (тау, Алматы обл.), Келіншектас (тау, Қарағанды обл.), Тышқанқұм (құм, Манғыстау обл.); түрік тілінде: *Mehmetbeyobası, Ahmetdağı, Ahmetpınarı, Mehmetağa, Ahmetbeyler, Mehmetalan, Karamehmet, Ahmettepesi, Ahmetyeri, Mehmetçavuş* және т.б.

- *адам мен жануарлардың дене мүшелеріне ұқсату*: Түлкібас (төбе, Жамбыл обл.), Қабақ (төбе, Қарағанды обл.), Мұрын (тау, Павлодар обл.), Тұмсық (төбе, Жамбыл обл.), Мойынқұм (құм, Алматы обл.), Кіндіктас (тау, Жамбыл обл.), Бауыр (тау, Қарағанды обл.), Бүйрек (тау, Қарағанды обл.), Қарын (төбе, Манғыстау обл.), Жамбас (тау, Алматы обл.);

- *баспана бөліктеріне, тұрмыстағы заттарға ұқсату*: Асутөр (асу, Алматы обл.), Бесік (асу, Алматы обл.), Босаға (тау, Оңтүстік Қазақстан обл.), Керегежал (тау, Қарағанды обл.), Қакпак (тау, Алматы обл.), Құлақшын (тау, Жамбыл обл.), Саты (Алматы обл.), Шаңырақтас (тау, Қарағанды обл.), Шоқпартас (тау, Шығыс Қазақстан обл.), Шымылдық (тау, Шығыс Қазақстан обл.); түрік тілінде: *Bel, Belen, Belenalan, Belenhan, Belenköy, Derebahçe, Derekuu, Derekova, Dereyayla, Pınarbaşı, Subaşı, Dağadibi, Gedik, Çamönü, Çamardı* және т.б.

- *іс-қимыл, әрекетті білдіретін сөздермен әсірелеу*: Адамшықпас (төбе, Шығыс Қазақстан обл.), Балажетпес (тау, Шығыс Қазақстан обл.), Биесыймас (тау, Шығыс Қазақстан обл.), Бұққан (тау, Алматы обл.), Демікпе (асу, Алматы обл.), Жабық (төбе, Алматы обл.), Оқжетпес (тау, Ақмола обл.), Талмас (тау, Оңтүстік Қазақстан обл.).

- *мифологиялық-сакральды мазмұны бар бейнелі атаулар*: Әулие (тау, Жамбыл обл.), Әулиетебе (тау, Қарағанды обл.), Әулиешоқы (тау, Алматы обл.), Шайтансай (сай, Ақтөбе обл.) және т.б.

Екінші топтағы атаулар қатарына аумақтың геологиялық құрылысын сипаттайтын топонимдер жатады. Мұндағы атауларды жіктеу жыныстардың құрамы мен құрылысына, ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асырылады. Топонимдерде геологиялық жыныстар құрамы туралы ақпарат тура мағынасында (Борлы, тау, Ақмола обл.; Қабыршақты («улуасты» деген мағынада; қоныс, Атырау обл.), Қайыршақ (төбе, Маңғыстау обл.) *Жезді* (қоныс, Қарағанды обл.), *Таскөмірсай* (құрғақ арна, Алматы обл.), *Күмісті* (өзен, Оңтүстік Қазақстан обл.), *Күйетас* (Текелі маңы, Суықтөбе тауы) және т.б. жатады.

Үшінші топтағы атауларға климатты және гидрографияны сипаттайтын топонимдерді жатқызады. Климат пен гидрографиялық жағдайды сипаттайтын атаулар тобының қалыптасуы ең алдымен бұл факторлардың шаруашылық маңызымен түсіндіріледі. Климаттық жағдайды сипаттайтын атаулар көбінесе оның басты белгілерін бейнелейтін *суық-ыстық, салқын-жылы, жаурау, шуақ, жел (боран, жел, дауыл, ұйтқыма), бұлт, бұршақ, жауын (жаңбыр), қар, тұман, қырау* лексемаларының қатысуымен жасалады. Мысалы түрік тілінде мынадай атаулар кездеседі: *Soğukpınar*

(*Суықпынар*), *Soğuksu* (*Суықсу*), *Dumlupınar* (*Шықтыбұлақ*) сияқты топонимдер.

Төртінші топты тесеніш бетті сипаттайтын атаулар құрайды. Бұл атаулар тобына кейбір жайылымдық терминдер (борбас, құм, шақат және т.б.) негізінде қалыптасқан атаулармен қатар, ылғалдануы мен сортаңдану деңгейін бейнелейтін топонимдер жатады: *Алажер*, *Ақбалшық*, *Көкөзек*, *Ақтасты* (шөгінділердің түсін сипаттайтын атаулар), *Жосалы*, *Боржер*, *Бақалшақты*, *Ашудасты* (шөгінділердің құрамын көрсететін атаулар), *Қона*, *Сазды*, *Қорыс* (жердің ылғалдануын сипаттайтын атаулар), *Бозінген*, *Сортақыр*, *Сортаң*, *Соршасай* (сортаңдау деңгейін көрсететін атаулар), *Шалғынды*, *Шілікті*, *Тікенді*, *Талды* (өсімдік жамылғысын көрсететін атаулар).

Бұл топтамадағы топонимдер арасында тау мен қоныс, жайылымдық жерлер атауларының басым болуын осымен түсіндіруге болады. Осы ретте қазақ халқының төсеніш бетін сипаттайтын терминдерінің көпшілігі қазіргі ғылыми айналымға кеңінен енгендігін атап кетуге болады.

Бесінші топқа өсімдік және жануарлар дүниесін сипаттайтын атаулар топтастырылған. Жалпы алғанда, өсімдіктердің географиялық атаулар құрамында жиі кездесуін өсімдіктердің шаруашылық маңызымен түсіндіруге болады. Географиялық атаулар құрамында ағаштар және пайдалы өсімдіктердің де атаулары кездеседі. Олардың көпшілігі шаруашылық және күнделікті тұрмыста пайдалы өсімдіктер болып табылады. Қазақ және түрік тіліндегі өсімдік атауларымен байланысты топонимдер: *Алматы*, *Шілі*, *Шиөзен*, *Қайыңдыкөл*, *Қандағаш*, *Ақтоғай*, *Көкпекті*, *Қосағаш*, *Шөптікөл*, *Теректі*, *Изенді*, *Қарақамыс*, *Қияқты*, *Алаботалы*, *Қарағайлы*, *Ағаштыкөл*, *Ошағанды*, *Ақши*, *Ақжісек*, *Ауыалық*, *Bademli*, *Erikli*, *Fındıklı*, *Gülpınar*, *Çiçekpınar*, *Ihlamur*, *Armutlu*, *Paуatlı* және т.б.

Зоонимдердің қатысуымен жасалған атаулар төрт түлік малдың, жабайы жануарлардың және метафоралық теңеу сөздер ретінде жануар атауларымен байланысты болады. Мысалы: *Құланды*, *Семізбұға*, *Доңызтау*, *Шошқакөл*, *Жыланды*, *Құндызды*, *Шыбынды*, *Қоянды*, *Қасқасиыр*, *Tavşanlı* (*Қоянды*), *Kuşlu* (*Құсты*), *Kuştepe* (*Құстөбе*), *Kurttepe* (*Қасқыртөбе*), *Keçili* (*Ешкілі*), *Geyikli* (*Қиікті*), *Güvercin* (*Көгершін*), *Turna* (*Тырна*), *Turnasuyu* (*Тырнасуы*), *Kargakonmaz* (*Қарғақон-*

бас), *Yeşilkabak* (*Жасылқабак*), *Elmalı* (*Алмалы*), *Ayvalı* (*Айвалы*) және т.б.

Бізді қоршаған географиялық атаулардың түстермен байланысты қойылғандары айрықша топты құрайды. Тіл маманы К. Рысбергенованың соңғы зерттеулері (2010) қазақ топонимиясында 10 негізгі түс (ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, боз, ала, сұр, жирен) атрибутталғанын көрсетеді. Осы түстердің арасында топонимикалық белсенділігі жөнінен Қазақстанның барлық барлық аймақтарында таралған *ақ*, *қара*, *қызыл*, *сары*, *көк* лексемалары басымдылық көрсетеді [6, 78]. Ал дүние жүзіндегі басқа да халықтардың ландшафт ерекшеліктерін қабылдауы ең алдымен түс арқылы болған. Сондықтан жер шарының кез келген түкпірінде түспен байланысты атаулар жетерлік.

Ақ. Бұл түспен байланысты атаулар географиялық нысандардың барлық дерлік түрлеріне берілген атауларда кездеседі. *Ақ* сөзі түсті анықтаушы ғана емес, кейбір жағдайда «таза», «қасиетті» деген ауыспалы мағынасында да қолданылған.

Қазақ және түрік тілдеріндегі *ақ* түспен байланысты тау жыныстары атауларының болуын ең алдымен басын қар мен мұз басып жатуымен түсіндіруге болады. Сондықтан бұл атаулар тобы қазіргі заманғы мұздықтар таралған аймақтарда жиі кездеседі. Мысалы, Маңғыстау түбегіндегі *Ақтау* ақшыл түсті әктасты жыныстардан түзілгенін білдіртсе, Түркия жеріндегі *Akbaş Akbas*, *Aktaş* (*Ақмас*), *Aktepe* (*Ақтөбе*) сияқты атаулардың да ұқсас мағынада екенін аңғаруға болады. Қазақстанда шөбі тез қурап, ақшыл түске енетін шөлейтті аймақтардағы жазық жерлерде *Ақдала*, *Ақжазық*, *Ақсу*, *Ақбұлақ* тәрізді атаулар жиі кездесетіндігі сияқты түрік топонимінде де *ақ* сөзімен байланысты айтылатын атаулар да баршылық. Мысалы: *Akarmut* (*Ақалмұрт*), *Akbel* (*Ақбел*), *Akşay* (*Ақбұлақ*), *Aksu* (*Ақсу*) сияқты.

Ала. Бұл топтағы топонимдер арасында Алатау атауы көне деп есептеледі. Ғалымдар мұны *ала* сөзінің ежелгі түркілік сөз қатарына жататындығымен түсіндіреді. Г. Қонқашбаев (1951) Алатауды «қарлы таулардың жалпы атауы» деп түсіндірсе, Э. М. Мурзаев (1984) бұл атау типологиялық маңызға ие екендігін атап өтіп, «мәңгі қар жамылғысы сақталатын және биіктік белдеулілік тән тауларға» берілетінін туралы жазған. Орыс зерттеушісі Е.

К. Мейендорф (1975) бұл атауға қатысты осыған ұқсас пікір айтқан: «Бұл таулардың «ала» аталуы кейбір шыңдарын мәңгі қар басып жатуына және кейбірінде қардың мүлде дерлік болмауына байланысты ақ пен қаранын араласуы болады... Осы ала-құлалық тау атауына себепші болған» [4].

Қара. Құрамында қара анықтауышы бар топонимдердің басым көпшілігі түспен байланысты болып келеді. Көбінесе географиялық объектінің түсін қара деп қабылдау қоршаған ортадағы басқа нысандармен салыстыру негізінде жүргізілетіндіктен, «қара» деп аталған объектінің барлығы бірдей дәл сондай қара болмайды. Мысалы, Германиядағы әйгілі *Шварцвальд* тау массиві қазақ тіліне аударғанда «қара орман» дегенді білдіреді, шындығында да бұл таудың жоғарғы белдеуін күңгірт қылқанды ормандар көмкеріп жатыр, олар алыстан қара түсті болып көрінеді [1].

Қарақұм шөл типін білдіретін ландшафттық термин ретінде өсімдікпен бекіген құмдарға қатысты қолданылады. Қазақстан мен Орта Азияда ірілі-ұсақты оннан астам Қарақұм бар. Кейбір зерттеушілер Қарақұм атауы құмдардың жалпы түсіне мүлде сәйкес келмейді. Өйткені олар сарғыш қоңыр немесе қызғылт реңкте болатынын айтады. Қарақұм аталатын құмды өңірлер өсімдік жамылғысымен бекіген, құм бетін өсімдік жауып жатқандықтан күңгірт болып келетін жерлер болып табылады. Сондықтан сусыма құмдарға тән Аққұмнан Қарақұмның ландшафтылық ерекшеліктері географиялық атауларда *ақ* және *қара* анықтауыштары арқылы айқындалып берілген. Бұл мағынасында алғанда, құм атауларындағы *қара* ландшафттық сипатын бейнелейді деуге болады.

Ал Қазақстандағы бірнеше Қаратаудың болуы ең алдымен бұл тауларды құрайтын жыныстардың қара түсімен байланысты болады. Түркілік номинация ерекшеліктеріне сәйкес, қазақ топонимиясындағы Қаратау атауы тау типін білдіреді: жазда биік шыңдарында қар мен мұз сақталатын Алатауға керісінше, бұл атау қар жамылғысы жазда еріп кететін, онша

